

С  
СЕЙФУЛЛИН

СӘКЕН



2

**Сәкен  
СЕЙФУЛЛИН**

---

**Көп томдық шығармалар жинағы**

**Алматы  
«Жазушы»  
2003**

# Сәкен СЕЙФУЛЛИН

---

---

## Екінші том

Поэмалар мен пьесалар

049874/1 - з/б

2003

Алматы  
«Жазушы»  
2003

ББК 84 қаз 7-5  
С 32

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылып отыр*

**Сейфуллин С.**

**С 32 Көп томдық шығармалар жинағы.— Т. 2. Поэмалар мен пьесалар.— Алматы: Жазушы, 2003.— 160 бет.**

ISBN 9965-666-95-4 (том 2)

Қазақ әдебиетінің іргетасын қалаушылардың бірі С. Сейфуллиннің бұл томына «Ұйым және еңбек шарт жалшылар қорғаны», «Чжан Цзолин», «Альбатрос» секілді поэмалары, «Бақыт жолына», «Қызыл сұңқарлар» пьесалары еніп отыр.

С 4702250202-098  
402(05)-03 құлақтандырусыз-2003

ББК 84 қаз 7-5

ISBN 9965-666-95-4 (том 2)  
ISBN 5-605-01137-5 (общ.)

© «Жазушы» баспасы, 2003

## Поэмалар

### ҰЙЫМ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ШАРТ ЖАЛШЫЛАР ҚОРҒАНЫ

*(Әңгіме-жыр)*

#### ТОЛҒАУ

Ал, домбыра, қағайын,  
Кернеген күй құйылсын.  
Жалшы өлеумет айнала  
Тыңдауға бір жиылсын.  
Домбыраға қосылып,  
Көкіректі кернейін.  
Емін-еркін жараудай  
Бүгіліп құлаш сермейін.  
Жалшы халін айтайын  
Күйге қосып сыр қылып,  
Еңбек шарт пен Сәрсеннің  
Хал-жайын өлең-жыр қылып.  
Арылмас еді азаптан  
Жалшы байғұс өмірі,  
Қорғаушы ұйым болмаса,  
Жүрмесе совет өмірі.  
Толғанып шертіп қағайын,  
Домбыра шіркін, жырлап бак.  
Әр пернеден күй шықсын,  
Саусақ шіркін, зырлап бак.

#### БҮЙЕНБАЙ АУЛЫНА

Ал, шабарсын, шабарсын,  
Тебінгің көк темірден.  
Атың жарау жер тартып  
Ауыздығын кемірген.  
Қобландыланып белсеніп,  
Ойқастайсың жалаңдай.

Көк найзаң бар қолында  
Үшкір темір қаламдай.  
Осы арадан жөнелсең,  
Алдында талай сала бар.  
Одан ассаң сыдыртып,  
Қиырсыз бір кең дала бар.  
Көсілтіп құлаш шаба бер,  
Талай жерден өтерсің.  
Шаба-шаба бір кезде  
Бір үлкен ойға жетерсің.  
Бір қалың ел көрінер  
Сол ойдың арғы шетінде,  
Бір ауыл бар оқшаулау  
Тура барған бетінде.  
Әуелі елдің кез болар  
Бергі ойдағы түйесі.  
Түйешіден сұрарсың:  
«Түйенің кім деп иесі?»  
Түйеші айтар ел жөнін:  
«Мен түйеші, ием бай.  
Аулы анау оқшаулау,  
Жамансорда Бүйенбай».

### **БҮЙЕНБАЙ МЕН БӘЙБШЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖАЛШЫСЫ СӘРСЕН**

Жамансордағы ауылда  
Өзгеден малды Бүйекең.  
Аулында бірде болып ем,  
Сімерлеу бір бай үй екен.  
Бүйекеңнің пішінін  
Біраз жанап өтейін.  
Бес-алты ауыз жырменен  
Сипап айтып кетейін.  
Ай, Бүйекең, Бүйекең,  
Төрт түлік малға ие екен:  
Қой мен сиыр, түйе екен,  
Ат пен айғыр, бие екен.  
Бүйекең шіркін, Бүйекең,  
Көп мүлікке ие екен.

Бәйбішесі де өзіндей,  
Қақырынған би екен.  
Бүйекең шіркін бай екен.  
Жуан қарны май екен.  
Төрт түлік малға сай екен,  
Байдың көңлі жай екен.  
Байлар жұмыс қыла ма,  
Малай жалдап алады.  
Күндіз-түні малайды  
Жұмысқа жегіп салады.  
Аямауға малайды  
Бүйекең бетер өзгеден.  
Бүйекеңе жалданып  
Сорына Сәрсен кез келген.  
Тыныс беріп бір мезгіл,  
Адамша ас жегізбей,  
Киім беріп қырық жамау,  
Айдап жуас өгіздей.  
Кімде бет бар Бүйекеңнің  
Ойқы беті-жүзіндей?  
Жаңбыр күнгі сиырдың  
Сазға басқан ізіндей.  
Танауында сүйел бар,  
Түйенің бейне кенесі.  
Іркіт күйған күбідей  
Іркілдеген денесі.  
Желкесі семіз, шайырлы,  
Басынан бөлек торсып,  
Торайдың тойған месіндей  
Қойқандайды қорсып.  
Тойған торай дәнкііп,  
Ырсылдап дем талтандап,  
Қотанында жүреді,  
Күжілдеп шіркін шалқандап.  
Бүйенбай тұрад бақырып,  
Малайын боқтап шақырып.  
Малай жылдам келмесе,  
Кіжінеді ақырып.  
Малай Сәрсен дедектеп,  
Жүгіреді қалтандап.

Сасып, қорқып байынан,  
Бұйрығын істеп жалтандап.  
Бай талтандап жүреді,  
Үйіне келіп кіреді.  
Төрге келіп отырып,  
Желпініп қарнын түреді.  
Қарқ-қарқ етіп күледі,  
Бай шіркін күле біледі.  
Уа, дәурен-ай, дәурен-ай,  
Бай шіркін дәурен сүреді!  
Май қарынын түргенде,  
Қарқ-қарқ етіп күлгенде,  
Селкілдейді денесі  
Көк сабадай іркілдеп.  
Іркіт толған сабадай,  
Көк тегене-табадай,  
Бар денесі күледі,  
Қарны селк-селк бүлкілдеп.  
Бай қатыны үйінде  
Отырады қақырып.  
Шарадағы қымызды  
Құлаштап құйып сапырып.  
Білезігі жарқырап,  
Қабағын сөндеп кереді.  
Жай қимылдап манаурап,  
Байға қымыз береді.  
Бай кесені тұтады,  
Қымызды кере жұтады.  
Өүпілдекше кекіріп,  
Ақырып тысқа зекіріп.  
Тағы қарқ-қарқ күледі,  
Бай шіркін күле біледі.  
Уа, дәурен-ай, дәурен-ай,  
Бай шіркін дәурен сүреді!  
Сәрсен байғұс жас жігіт,  
Жуас, момын адам ед.  
Дұзаққа оңай түсетін  
Оқымаған надан ед.  
Жалшылардың ұйымын  
Білмеуші еді не екенін,



Үкіметі советтің  
Өзінікі екенін.  
Надан жалшы қашанда  
Көне берген байына.  
Жалдау шартын қағазға  
Жазып қоймай айына.  
Сәрсен жүрді байында  
Бұрынғы хал бойынша.  
Сөзге көніп қағазсыз,  
Байдың болып ойынша.  
Байекең айтса билікті,  
Жалшы бір сөз қатты ма?  
Бай бетіне келуге  
Бұрын жалшы батты ма?  
Сәрсен байғұс кешікпей,  
Тынымсыз көп жұмыстан  
Тұралады титықтап,  
Бейнетті ауыр тұрмыстан.  
Сықты терін лезде-ақ  
Тілсіз айуан өгіздей.  
Айдайд сорлы Сәрсенді,  
«Демалайын» дегізбей.  
Бүйекенде қарау жоқ,  
Шіміркеу жоқ бетінде.  
Ұят пен ар әуелден  
Қыстырулы...  
Бәйбіше, бай Сәрсеннің  
Соңынан бағып жүреді.  
Кішкене ғана бөгелсе,  
Екеуі бірдей үреді.  
Күрекке яки айырға  
Сүйеніп құрттай тұрса да:  
«Не деген жалқау итсін» деп,  
Боқтап, зекіп ұрсады:  
«Ас ішіп, аяқ босат деп  
Жалдамадық сені біз.  
Жалдана гөр бізге деп,  
Алдамадық сені біз.  
Істе істесең жұмысты,  
Жөніңді тап болмаса.

Бізге малай табылад,  
Сенің көңлің толмаса!...»  
Сәрсен байғұс жалпандап,  
Жүгіреді томпандап.  
Үсті-басы қырық жамау,  
Далбандайды компандап.  
Ауыр істе шөмендеп,  
Тәлтіректеп қайысып,  
Үндемейді сынса да  
Қабырғасы майысып.

\* \* \*

Ай, домбыра, домбыра!  
Сарна және саңғыра.  
Он саусағым болдырма,  
Домбыраны оң бұра.  
Домбыра, шіркін домбыра,  
Қаққан сайын қызасың.  
Сәрсен халін жырласаң,  
Көңілімді бұзасың.  
Бәйбіше, байдың зекуі  
Жүректі бізбен сызасың.  
Қаттырақ жырла, домбыра,  
Сәрсеннің көрген ызасын!

\* \* \*

Бүйекеннің үйінде,  
Ай, жұмыс көп, жұмыс көп!  
Мейрам түгіл Сәрсенге  
Жұмада бір тыныс жоқ!  
«Жалданған күн біткен соң  
Тынығарсың бір-ақ», – деп,  
Бәйбіше, бай Сәрсенді  
Кекетеді «шырақ» деп.  
«Байға дұшпан бүгінде  
Бұзықтар жүр қылқылдап.

Солармен әмпей боласын,  
Жұмыссыз жүрсен сылқылдап.  
Атаң сенің кім еді,  
Төре ме ақ сүйек?  
Жарлы емес пе ед өзіндей –  
Кемірген қақ сүйек!...»  
Бәйбіше, бай Сәрсенді  
Сөйдеп ылғи қорлады.  
Үстелден батып ас ішпей,  
Сорлады Сәрсен, сорлады.  
Айтайын Сәрсен киімін  
Әлеуметке сұраған:  
Жұртта қалған шомытты  
Жинастырып құраған.  
Шоқпыт жырым жамауды  
Көктестіріп үйдірген.  
Сөйтіп неше «киім» қып,  
Сәрсенге бәрін кидірген.  
Көнтеқ ауыз шәркеден  
Башайлары қылтылдап,  
Битке жем боп ышқыры,  
Жаланап қарын жылтылдап.  
Жырым-жырым киімі,  
Ұзын сөздің қысқасы.  
Түлеген қотыр тайлақтай  
Сорлы Сәрсен нұсқасы.  
Қолға түскен пендедей  
Сәрсен байғұс пішіні,  
Кешке от жағып отырад  
Шоқпыттанып, қышынып.  
Шоқпыт киім ішінде  
Арық дене битке жем.  
Қызарып көзі іріндеп,  
Есіктегі итке тең.  
Жұмыстан әбден титықтап,  
Сарайда түнде жатады.  
Жерге төсеп шомытын,  
Бүк түсіп ұйқтап қатады.  
Үстінен суық жел соғып,  
Астынан сызды жер батып,

Жалшы сорлы бір күні  
Ауыра қалса тер қатып,  
Бөйбіше, бай ақырып,  
Сөрсенге кеп жабылад.  
«Ауырғыш болсаң сен мұндай,  
Жалдаушы жалшы табылад».  
Сатылған шұнақ құлдай боп,  
Жүрді Сөрсен күле алмай,  
Болмаған соң ұйымда  
Жалшының заның біле алмай.  
Сөрсен жұмыс қылады  
Салпылдап лажсыз ерінбей.  
Бай бұйрығы бойынша,  
Ұйымға бір кеп көрінбей.  
Сөрсеннің халі айнала  
Берер еді қиынға.  
Сорлының халі бір күні  
Мәлім болды ұйымға.  
Тапсырды ұйым Айтжанға  
Анығына қануға.  
Рас болса қылығы,  
Байды қолға алуға.  
Айтжан жүрді бір жұма,  
Сөрсен мен байды бақылап.  
Біліп болды жетіде  
Емес еді ақымақ.

### **ҰЙЫМДАҒЫ ӘРБІР АЗАМАТ ЖАЛШЫНЫҢ ҚОРҒАУШЫСЫ**

Домбыра шіркін, домбыра,  
Сарнай түс әлі, сарнай түс!  
Құлақ құрышын қандыра,  
Жүрек отын жандыра!  
Әй, домбыра, домбыра!  
Жайыла көрме болдыра.  
Сарнап бак, әлі сарнап бак,  
Сарнап бак миға қондыра!  
Толғағымен сарынның  
Алдымен өзім ертейін.

Құлақ салған жиынды  
Өзіммен бірге ертейін.  
Домбыраның ырғағы –  
Сарынның бүлкіл бұлғағы.  
Тындаған жұртты ерітсін,  
Он саусақ, биле зыр қағып.  
Жиналған көп әлеумет,  
Тындасаң кепті шертейін,  
Әңгімені дестелеп,  
Түйдегімен кертейін:  
Сорлы Сәрсен әуелі  
Байға қалай ұтылды?  
Құлқынына, қарарсыз,  
Байдың қалай жұтылды?  
Ақырында байекен  
Өзі қалай тұтылды?  
Сәрсен сорлы өлшеусіз  
Бейнеттен қалай құтылды?

\* \* \*

Шақырып Айтжан Сәрсенді  
Алып кетті аяндап.  
Отырғызып қасына,  
Сөз сөйледі баяндап:  
«Жолдас, тында, сөзіме  
Құлағыңды салшы сен.  
Сен кімсің өзін, білемісің?  
Сен азамат, жалшы сен.  
Үкіметі советтің  
Жалшыны байға жегізбейд  
Шолжандатып байларға:  
«Билік менде» дегізбейд.  
Байдікі емес үкімет,  
Жұмыскердікі жалшы мен,  
Өзіндікі үкімет –  
Кедейдікі малшы мен.  
Өзіндей көп жалшылар  
Бірлесіп бәрі ұйым қып,

Бұл күнде байға жегізбейд,  
Шарт қағаз жасап тыйым қып.  
Жалшы ұйымы жалшының  
Қамқоры және қорғаны.  
Ұйымға кірген жалшының  
Пайдасы түгел болғаны.  
Көзі ашылып, жөн біліп,  
Ісінің онда оңғаны.  
Ұйымға жалшы кірмесе,  
Байдың тағы сорғаны.

\* \* \*

Ақылды пысық жігіттер  
Әлдеқашан ұйымда.  
Байға ақысын жегізбей,  
Жүред барып жиынға.  
Мүшелері ұйымның  
Түспейд қасқыр ауызға.  
Алдатпайды есекше  
Бүйенбайдай жауызға.  
Жалшы ұйымы байларға  
Мүшелерін алдатпайд,  
Еңбек шартын қағазға  
Жасатпай байға жалдатпайд.  
Жалшыға қандай пайдалы?  
Еңбек шарттың күші не?  
Тында, біраз айтайын,  
Миыңның кірсін ішіне.

### **ЕҢБЕК ШАРТ – ЖАЛДАУШЫҒА АУЫЗДЫҚ**

Ауызша ғана сөз байлап,  
Жалшыны бай жалдайды.  
Жалдаған соң ақыны  
Кемітіп бай алдайды.  
Жалшыны текке жалдамақ –  
Байдың құлқын білемін.

«Ақы» деп беред қотыр лақ,  
Қырық жамау киім сілемін.  
Жалдануға байменен  
Келісіп егер саспасан,  
Ұйыммен, сен, байменен  
Қол қойып шартты жасассан.  
Бай ақынды жей алмайд,  
Алдауға амал уажы жоқ.  
Еңбек шарттағы ақыны  
Төлемеске лажы жоқ.

\* \* \*

Жылдушылар өр түрлі:  
Біреулер бай малы көп,  
Бай емес бірі өйткенмен  
Жұмыс қылар өлі жоқ.  
Баласы жас, өзі қарт,  
Жұмыс қылар жайы жоқ,  
Немесе бір тұл қатын  
Баласы жоқ, байы жоқ.  
Жұмысына сондықтан  
Жалшы жалдап алады.  
Бұларға ұйым жалақы  
Кемірек қып салады.  
Жалақының мөлшері  
Шарт қағазда жазулы.  
Бай оны түгел төлейді,  
Болса да теріс азулы.  
Шарт қағазға жазылад  
Байдың берер киімі.  
Қырық жамау емес сімілтір,  
Жыртық емес иіні.  
Беретіні қандай ас,  
Қай мезгілде береді –  
Осының бірін қалдырмай,  
Шартқа жазып тереді.  
Шарт қағазға жазған соң,  
Орындайды жалдаушы.

Бақылаушы ұйым бар,  
Байекең болса алдаушы.  
Айтқандай қып ақыны  
Мезгілінде бермесе,  
«Мұның қалай?» дегенде,  
Байекең қолын сермесе,  
Көже берсе қатыксыз,  
Күйген қаспақ жиегі,  
Ет жегенде, иттей қып,  
Берсе саған сүйегін,  
Токты берсе ақыға  
Бір өлімтік көк жұрын,  
Киім берсе қырық жамау  
Биттің қабы, жексұрын,  
Ұйым келіп алқымнан  
Арсыз байды алады.  
Лажы құрып байекең,  
Бермегін қолға салады.  
Демалмақ болсан бір сағат,  
Қарайды бай жаратпай.  
Жанды қоймай айдайды  
Алды-артыңа қаратпай.  
Шарт қағазда жазылад:  
«Пөлен сағат жұмыста»,  
Одан өзге уақытың  
Өз еркінде, тыныста.  
Жұманың бір күнінде  
Жалшының істен қолы бос.  
Оқу үйге, клубқа  
Барам десе жолы бос.  
Совет мейрамдары бар  
Бұған тағы қосылар.  
Жалшы онда да бос болад –  
Занда айтылған осылар.  
Жұмыстан бос уақыттың  
Билігі енді өзінде.  
Жұмсауға байдың әлі жоқ,  
Бос отырған кезінде.  
Бос уақытта ықтияр  
Жиылысқа барсаң да.



Оқу үйге немесе  
Барып сабақ алсаң да.  
Бұл күнде жалшы күл емес  
Жалдаушы зекіп боқтайтын.  
Жалшыларда ұйым бар  
Ақысын, арын жоқтайтын.  
Не керек болса жалшыға  
Еңбек шарттан қалмайды.  
Әр сөзді тіркеп қаз-қатар,  
Бөлек-бөлек талдайды.  
Жалшы ауырып қалса да,  
Ауыруды бағуға,  
Байкең міндет болады  
Дөрі-дөрмек табуға.  
Еңбек шарттан, жұмыскер,  
Бар пайданды табасың.  
Одан жөне аласың  
Әр ісіңнің бағасын.

## ЕҢБЕК ШАРТ ШАРУАҒА ДА ЖАЙЛЫ

Жалдаушы бай егерде  
Болса обыр, қарарсыз.  
Еңбек шарты жалғыз-ақ  
Соған ғана жарамсыз.  
Обыр байға жақпайды  
Тендік пенен таразы.  
Еңбек шартқа жалғыз-ақ  
Солар ғана наразы.  
Момын болса жалдаушы,  
Еңбек шарт оған жағады.  
Шарт қағаздың пайдасын  
Есептеп шотқа қағады.  
Еңбек шартпен алады  
Бақташыны, малшыны,  
Күзетшіні, пішенші,  
Үйде істейтін жалшыны.  
Еңбек шартты жасасу  
Екі жаққа тиімді.

Екі жақтың пайдасы  
Көзделеді сыйымды.  
Жалдаушы тек жалшының  
Ақыларын жемесін.  
«Тыныс алмай мезгілсіз  
Салпақтай бер» демесін.  
Қыса берсе жалшыны  
Жұмысқа көңіл салар ма?  
Баққан байдың малына  
Оң көзімен қарар ма?  
Ойлар ма байға жақсылық,  
Бай тізесі батқан соң.  
Жаулығы өсе бермей ме,  
Байдың зәрін татқан соң.  
«Байдың малын аяма», –  
Деп жүрмей ме, «күл болсын».  
«Нем кетед», – деп қимылдап:  
«Күл болмаса бұл болсын».  
Жақсы болса жалдаушы,  
Жалшы ұятты сақтайды.  
Жақсы істейді жұмысын,  
Жалақысын ақтайды.  
Жалдаушының шаруасын  
Ықтияттап жүргізед.  
Шаруаға екі есе  
Пайданы артық кіргізед.  
Еңбек шарттың пайдасы  
Екі жаққа тиімді.  
Жалқаулықты қылдырмайд  
Өзі дағы ұйымның.  
Шаруаны қорғайды  
Үкіметтің өзі де.  
«Ісің болсын жемісті!» –  
Деген бар ғой сөзі де.  
Мезгілсіз тастап жұмысты,  
Жалшы жүрсе сылқылдап,  
Ауыл-үйді қыдырып,  
Күлегеш жалқау, жырқылдақ.  
Ұйқтай берсе ерте-кеш  
Арамтамақ мырзадай,

Жөнді жұмыс істемей,  
Тұрмысына ырзадай,  
Жалшы ұйымы мұны да  
Әбден байқап көреді.  
Онбайтын жалқау кетсін деп,  
Еңбек шарт ерік береді.  
Ұяты бар жалшыны  
Күні бітпей кім кет дер?  
Еңбек шартты бұзбауға  
Екі жақ та міндеткер.  
Жалшы менен жалдаушы  
Жаман болса арасы,  
Бір-бірінің ісіне  
Болып егер наразы,  
Күрөк ала жүгіріп,  
Ғастарын қан қып жарыспай,  
Жалшыкомға<sup>1</sup> барады,  
Боктасып текке қарыспай.  
Екеуі онда бітпесе,  
Исполкомға барады.  
Комиссия тексеріп,  
Екеуін қолға алады.  
Жалшы менен жалдаушы  
Бітіседі жарасып.  
Жанжалдасып үйінде  
Отырмайды таласып.  
Жанжалдың жиі болуы  
Жалшыны қысып езгеннен.  
Ұятсыз, озбыр алдаушы  
Абиыр-ардан безгеннен.  
Демалғызып кішкене,  
Адамша тамақ жегізбей.  
Айдаған соң тынымсыз  
Мұрнын тескен өгіздей.  
Кешке дейін ертеден  
Жалшыны малша айдайды.  
Кұлағынан кетірмей  
Жұмсаған зекіп айғайды:

<sup>1</sup> Жалшы комитеті.

«Айда, Сәрсен, егінді!  
Малалап әбден жайлап кел!  
Жүгір, Сәрсен, бұзауға,  
Жамыратпай айдап кел!  
Бар, су әкел бұлақтан,  
Отынға бар, отырма!  
Жерошақ қазып, от жағып,  
Қара май жақ қотырға!  
Кешке, Сәрсен, мал күзет!  
Желім жапсыр шүмекке!  
Тербет ана баланы,  
Күл сап әкел түбекке!  
Қане, Сәрсен, қазанның  
Қақпағын алып қарай сал!  
Қаспағын қырып тазалап,  
Жұғыны болса жалай сал!  
Жалғыз жалшы шыдар ма,  
Міне, осынша жұмысқа?!  
Мезгілді уақыт күніне  
Бермеген соң тынысқа.  
Жан-жануар шықпай ма  
Біраз уақыт тынысқа –  
Жүгірген аң, ұшқан құс,  
Кішкене құрт-құмырсқа?  
Еңбек шартқа жазылад  
Не жұмысқа алғаны.  
Кімге керек жалшы мен  
Жалдаушы сотқа барғаны.  
Жалшыны «кет» деп қумайды,  
Тиісті ақы төлемей.  
Законге байды тартады,  
Қалмайды ұйым елемей.  
Еңбек шартты егерде  
Бұза қалса жалдаушы,  
Сөзсіз сотқа сүйрелед  
Озбыр, жауыз, алдаушы.  
Халық соты – біздің сот,  
Еңбекшіні қорғайды.  
Еңбек шартты қолға алып,  
Таразы қылып толғайды.

Біздің сот әділ тексеріп,  
Дау түйінін шешеді.  
Шарт бойынша тиісті  
Ақыны өлшеп кеседі.  
Байекеннің мойнына  
Ақыны кесіп салады.  
Жалшы жігіт табанда  
Ақысын санап алады.  
Еңбек шартты бай бұзса,  
Көреді өзі жазығын.  
Біл, жұмыскер, еңбек шарт,  
Сенің темір қазығың.  
Кейде азғырып жалшыны  
Дейді бай: «Қара, ұйымды.  
Еңбек шарт үшін соғады  
Сенен бес-он тиынды!»  
Бұл қу байдың жалғаны,  
Бұл - бір шатқан түйіні.  
Еңбек шартты жасасқан  
Шықпайды жалшы тиыны.  
Ай, Сәрсенжан, Сәрсенжан,  
Болма жалқау, туысқан!  
Жалшы кәсіп ұйымы  
Бір мақсұтты қуысқан.  
Бұл зор ұйым, күші зор,  
Мақсұты мен ісі зор.  
«Жер үстінде жалшы адам  
Болмасың, – дейді, – байға қор».  
Енді өзінің қолында  
Сол ұйымның қуаты.  
Күлдық пенен кемдікті  
Шық быт-шыт қып уатып.  
Ұйым – үлкен қорғаның  
Күзеткен сенің пайданды.  
Жалшының халін оңдауға  
Ашқан үлкен майданды.  
Еңбек шартты жасауды  
Шығарды ұйым сол үшін,  
Озбыр байды нөкталап,  
Жалшыға сара жол үшін.

Ұйымның тегіс пайдасын  
Бәріміз жалпы көреміз.  
Жалпы істерге жұмсауға,  
Мүшелік үлес береміз.  
Ұйымға түскен ақшалар  
Мынандай іске жұмсалад:  
Жасалған шарт арқылы  
Бай «тоқтамен» тұмсалад.  
Ұйым ылғи көздейді  
Әр мүше тоқ болуын,  
Үсті-басы бүтін боп,  
Білімі тез толуын.  
Жалшылар мен жалдаушы  
Еңбек шарты қолында.  
Оған уәкіл жұмсайды,  
«Жүр ме екен деп орындап».  
Жалшылар бар жерлерді  
Аралап көріп қайтсын деп,  
Уәкілдер жұмсап тұрады  
Баяндама айтсын деп.  
Мұқтажына, жалшының  
Жәрдем қазына ашады.  
Жалшылар тегіс оқуға  
Кітапшалар басады.  
Жалшылар білім алсын деп,  
Надандық тез қалсын деп,  
Арасына көп қылып  
Кітап, газет шашады.  
Міне, осындай істерге  
Мүшелік ақша кетеді.  
Жалшының қолы теңдікке  
Ұйымменен жетеді.

## **БАЙЛАР БИЛЕГЕН ТЫС ЕЛДЕРДЕ ЖАЛШЫ ҰЙЫМЫНАН ҚОРҚАДЫ**

Тыс елдердің билігі  
Байларының қолында.  
Жалшы халық олардың  
Темір шеңгел торында.

Байлар заңын қорғайды  
Өтірікпен ажарлай.  
Жалшылардың ұйымын  
Көреді олар ажалдай.  
Жалшы табын құлданып  
Обырлықпен, зорлықпен,  
Жалшы таптың көргені  
Панасыздық қорлықпен.  
Өрмекшідей жемдерін  
Дұзағына шандыған.  
Жалшы ұйымы сонда да  
Оларға ажал аңдыған.  
Тыс елдерде үкімет  
Байларының қолында.  
Тапырлайды жалшы тап  
Құрған шырмау торында.  
Жалшы ұйымын өсірмей,  
Өкшесімен езеді.  
Жалшы ұйымын байлары  
Ажалдайын сезеді.  
Бай билеген елдерде  
Жалшы халық дұзақта.  
Жанды жанмен асырап,  
Ауыр бейнет-азапта.  
Рақымсыз ауыр тұрмысы  
Күздің қара түніндей.  
Біздің ұйым жалшының  
Сәулелі қызыл күніндей.  
Тендік күні тумаған  
Жерлерде де күн туар.  
Жұмыскер, кедей: «Әкімді  
Бітсе!» — деген үн туар.  
Қызыл күнді жібермей  
Дүниеге жайып қанатын,  
Үйтіп мөңгі тұра алмас  
Қара пөле, қара түн.  
Жалшы табы күштірек  
Үршидасып жиылар.  
Қара пөле қанаты  
Жалшы оғымен қиылар.

Темір торды қиратып,  
Арыстандай ақырып,  
Жалшы табы майданға  
Шығар ұран шақырып.  
Ышқынып үзіп шынжырын,  
Арыстандай ашынып,  
Бүгіліп атқыр күрілдеп,  
Дұшпанына басынған.  
Ресейдің, жалшы таптың  
Ісінен дүние үлгі алар.  
Таж бен тақыт домалап,  
Ескі етіктей тұл қалар.  
Дүниені былғаған,  
Жауыздықпен шырмаған,  
Озбырлықты заң қылып,  
Әділдікті ұрлаған  
Бай мен патша жығылар,  
Іннен-інге тығылар.  
Жалшы табын езгені  
Мұрынынан сығылар.  
Ұлы Октябрь ісінен  
Дүние тегіс үлгі алар.  
Бай мен патша орнында  
Жер болып қана күл қалар.  
Біліп қой, Сәрсен, осылай  
Оңалады тұрмысын,  
Еңбек шартпен егерде  
Тыйсаң байдың қылмысын.  
Әлі талай қиындық  
Кездесер де жолында.  
Қиыншылық жеңілер —  
Шырағың бар қолында.  
Жалшылардың ұйымы  
Жолбасшы, шам-шырағы.  
Білінбейді бұл халде  
Жолдың алыс-жырағы.  
Тіршілікте біраз күн  
Қиындықта өтерміз.  
Тегіс жайлы тұрмысқа  
Талмай әлі-ақ жетерміз.



Еңбек шартты жасасып  
Іс қылуға жерінбе.  
Оқу үйрен, жұмыс қыл,  
Ерінбе, Сәрсен, ерінбе!

## **ЕҢБЕК ШАРТ ОБЫР БАЙДЫ ТОЙТАРАДЫ**

Бұл әңгіме Сәрсеннің  
Көкейіне құйылды.  
Жасып бүкқан қайраты  
Талпынып енді жиылды.  
Жас барыстай оянған  
Сәрсен енді сілкінді.  
Көрер ме еді біленген  
Дәл сол көзде шіркінді!  
«Мен үйдемей шыдадым,  
Бейнеттің көріп қиынын.  
Бүкпаймын енді қорғаушы  
Болған соң жалшы ұйымым.  
Көзір, міне алдына  
Бүйенбайдың барамын.  
Табан жерде еңбек шарт  
Жасасып былай аламын...»  
Сәрсен келіп сөйледі  
Бүйенбайдың алдында.  
Бай аңқиып отырды  
Аузын ашып қалды да.  
Бүйенбай байғұс шамданды,  
Торайша тұрып қорсылдап.  
Үрген бүйен қарынша,  
Жарылып кеуіп торсылдап.  
Бүйекең тіпті баспады  
Еңбек шартты жасауға.  
Айтжан менен Сәрсекен  
Бұғалық салды асауға.  
Бүйекең біраз оскырып,  
Бұғалықты сүйретті.  
Тулаған семіз асауды  
Айтжан, Сәрсен үйретті.

Біраз тулап қорсылдап,  
Жеңіліп болды есектей.  
Айтжанның айтқан сөздерін,  
Қабылдады есептей:  
«Бұл күнде енді жалшылар  
Арқаланды ұйымды.  
Еңбек шартқа қол қоям,  
Өзіме болар тиімді.  
Ақыны көп алғанмен,  
Көңілденіп жайлары,  
Ынтасымен іс қылса,  
Шаруаға пайдалы.  
Бәрібір енді бұл күнде  
Көнбеуге әл келмейді.  
Көріне көзге бұл күнде  
Нашарды ешкім жемейді.  
Өкіметі советтің  
Жалшы менен кедейді  
Қолтығына ап қорғайды,  
Мені сорлы демейді...»  
Кемігенге сүйтсе де  
Ішінен бірер боқтады.  
Лаж жоқ қайтсін ақыры  
Шарт жасауға тоқтады.  
Шарт қағазды жасасып,  
Қол қойысты екі жақ.  
Айтжан да оған қол қойды  
Қалғаны сөйтіп бекіп-ақ!  
Ай, Бүйекен, Бүйекен,  
Бұрынғы бір күй екен!  
Бүйекен шіркін би еді,  
Ызадан іші күйеді.  
Ай, дәурен-ай, дәурен-ай,  
Келер ме едің айналып!  
Ноқталанып Бүйекен,  
Қалғаны-ау енді байланып.  
Жылағанмен бұрынғы  
Дәурен қайта келмейді.  
Жалшы табы билікті  
Қолынан енді бермейді.

Әкімдігін бұрынғы  
Бүйекен енді көрмейді.  
Сағынып, көксеп, паң шіркін,  
Еңірейді енді, еңірейді:  
«Әлди-әлди, ақ бөпем!  
Әлди, томпақ лақ бөпем!  
Тыныштанып жат бөпем!  
Төтті ұйқыға бат бөпем!  
Жылама, бөпем, жылама,  
Жілік шағып берейін!  
Көкала иттің құйрығын  
Жіпке тағып берейін.  
Жылама, бөпем, жылама,  
Атқи мініп шабайын.  
Көлмөске кеткен өкенді,  
Қийдин іздеп табайын!»

\* \* \*

Домбыра шіркін, құйқылжып,  
Екпіндеп шығар күйінді!  
Күлдіріп ойнат тындаушы  
Жалшы өлеумет жиынды.  
Күйің нәзік сымында,  
Дыңылда ойнап, дыңылда!  
Күйлерің күлсін сынқылдап,  
Ойнасын билеп былқылдап!  
Ішегің менен перненде  
Талай күйлі сырың бар.  
Шертілмеген өлі де  
Талай-талай жырың бар.  
Үстаның тартқан сымындай,  
Түлкінің жортқан жымындай,  
Жазғы жібек ескендей,  
Ескектей бер, ескектей!  
Домбыраның күйлері,  
Еріткен ырғақ билері,  
Түлкідей жортқан бұлаңдап,  
Бөйгі атындай сылаңдап.

Аққу құстың тағы да,  
Көлдегі ойын-сәніндей,  
Сыңқылдап күліп билесіп,  
Қосылып айтқан әніндей.  
Домбыра шіркін, құйқылжып,  
Екпіндеп шығар күйінді.  
Көңілдендір тындаушы  
Жалшы әлеумет жиынды...  
Домбыра шіркін, айтайын  
Көңіл көтер күлкінді:  
Сәрсен жүрген ауылдың  
Жалшылары сілкінді.  
Содан кейін бар жалшы  
Сәрсендердің елдесі.  
Еңбек шартын жасасты,  
Байларменен бөлдесіп.  
Үлгі қылды бәрі де,  
Жазған Сәрсен малайды.  
Уа, жазғаның, жазғаның,  
Оятты сөйтіп талайды!  
Ұйымға тегіс жазылып,  
Жалшылар енді сестенді.  
Озбыр байлар аяқты  
Байқап басып сескенді.  
Жалшылардың ұйымы  
Талмай іске кірісті.  
Кешегі сылбыр жігіттер  
Екпіндірек жүрісті.  
Бос уақытта жұмыстан  
Жиналып тегіс оқыды,  
Оқу, білім, өнерді  
Төпеп енді тоқыды.  
Жалдағы әйелдерді де  
Кіргізді тегіс ұйымға,  
Сөзге түскен жалшыға  
Ұйымға кіру қиын ба!

## ЖАЛШЫ ӨЙЕЛДІҢ ХАЛП

Есікте жүрген жалшы өйел  
Бейнеттің зарын тартады.  
Бай жұмысын өлшеусіз  
Үстіне сорлы артады.  
Еркектен де бейнетті  
Жүз есе ауыр көреді.  
Өмірдің барлық қуатын  
Байға босқа береді.  
Үсті-басы сатпақ боп,  
Мил сауады майысып,  
Жүк артып, үй тігеді,  
Қабырғасы қайысып,  
Шай қайнатып, от жағып,  
Су тасиды шөлектеп,  
Байға тамақ дайындап,  
Нан илейді електеп.  
Киіз басу, арқан-жіп  
Міндетіндей жазулы.  
Қорқытады дінгірлеп  
Бәйбішесі азулы.  
Байдың кірін жуады,  
Өзінің үсті сатпақ боп,  
Байдың асын пісіред,  
Үмсынбай одан татпақ боп.  
Оз қолымен істеген  
Бий асына батпайды.  
Аш бұралып жүрсе де,  
Арм астай татпайды.  
Еркектен де жалшы өйел  
Қорлықты көп көреді.  
Әуе айналған шілдеде  
Жаяу тезек тереді.  
Қара сирақ баласы  
Соңынан жылап ереді.  
Титықтап тезек арқалап  
Бала мен өйел келеді.  
Тезек іздеп қыдырып,  
Ой мен қырды кезеді.

Үсті-басы қырық жамау,  
Жапанға сорлы безеді.  
Самайынан тер ағып,  
Күнге пісіп күйеді.  
Жерошақтың басына  
Тезегін тасып үйеді.  
Тезегін төгіп отырад  
Жерошақтың басында.  
Қыңқылдайды айналып  
Қатпа бала қасында.  
Қабағы қатып, тұтығып,  
Еріндері кезерген.  
Жалшы әйелді жан дер ме  
Бай қатыны безерген!  
Бай қатыны көлеңдеп,  
Тұрады шығып керіліп.  
Жалшы әйелге: «Сусында!»  
Деп айтуға ерініп.  
Жалшы әйелдің шаштары  
Пілтеленіп көрінед.  
Қарап тұрып манаурап  
Бай қатыны жерінед.  
Лашығына сорлы әйел  
Келеді де құлайды.  
Қатпа бала қыңқылдап  
Тамақ сұрап жылайды...  
Саба тігіп тағы да  
Қалдырмай жұрнақ құрайды.  
Бай ішсін деп сар қымыз  
Сабаны ыстап сылайды.  
Қатпа бала қасында,  
«Сусын бер» деп сұрайды.  
Анасының бетіне  
Бала қарап жылайды...  
Жоқтық пенен кемдікке  
Лажы жоқ шыдайды.  
Тарығады сорлы әйел  
Айтады көрі құдайды.

Жалшы өйел енді ұйымда,  
Ұйым ғана қорғайды.  
Жауыздықты байекен  
Енді қылса, сорлайды.

### **АҚЫРЫ**

Жамансордағы ауылда  
Жалшы өлеумет сестенді.  
Есептесіп байлармен,  
Көзі ашылып естенді.  
Адам болды бөрі де,  
Пайға ақымсыз жегізбей.  
Нұрынғыдай нұқытып,  
Ықпатып «өй, иті» дегізбей.  
Гаят пенен кітаптың  
Жалшыға керек сөздерін  
Оқуға тегіс жұмсады  
Жұмыстан бос кездерін.  
Тұқымы сөйтіп құрыды  
Қиянаттың, кемдіктің.  
Дүниеге тегіс орнайды  
Қызыл туы теңдіктің.  
Ұйым менен еңбек шарт  
Жалшының қайрат, білегі.  
Жалшылар тегіс ұйымға  
Кірсе болад тілегі.

*1926 жыл, 27 апрель – 6 май.  
Қызылорда.*

# ЧЖАН ЦЗО-ЛИН

(Поэма)

## ҚАШҚЫН

*Чжан Цзо-лин қазір Қытайда дүрілдетіп тұрған жандаралдардың ең бір зоры. Мұның әңгімесі – болған әңгіме. Чжан Цзо-линнің өмірі, тарихы әр жерде басылып жүр. 1925–26 жылғы «Прожектор» журналының бір номерінде айқынырақ жазылды.*

*Биыл, жандарал – Чан Кай-ши қытай еңбекшілерін дүние обырларына сатып кеткенінің әсерімен Чжан Цзо-линнің осы сұмдығын жаздым. Мұны дүниеге, жауыздық сыпатына аңыз боларлық іс деп білдім.*

Қытайдың иттен де көп жандаралы,  
Артпаса кеміген жоқ сандары әлі.  
Айтайын әңгіме қып өлеңменен  
Біреуін іштерінен таңдамалы.

Үпей, Фу, Сун Шуан-пан, Чжан Цзо-лині,  
Цао Күн, Пин Фуй-сан мен Ху Хан-мині.  
Уан Тин-бей, Чан Кай-шиі, Шан Па-гуйі,  
Тағы көп Шу Пей-делер, Ли Ти-сині.

Бәрінің шен мен билік таласы бар,  
Меншіктеп таласатын қаласы бар.  
Қытайды тірі сойып қанын сорған  
Әр иттің шет елдерден панасы бар.

Чжан Цзо-лин ішіндегі таңдаулысы,  
Сауатсыз – көңілі зор паңдау кісі.  
Жасынан атқа мініп елді үркіткен,  
Ертерек басы, қолы қандаулысы.

Чжан Цзо-лин жас кезінде емес ірі,  
Қашқын боп елден шыққан онның бірі.  
Еңбекші момындарды бауыздасқан,  
Талайы жолдасының әлі тірі.



Жасынан айлалы сұм қайсар, мықты...  
Бекініп елсіз жыныс тауға бұқты.  
Не талап, не өлтіріп кездескенді  
Шулатып төңірегін аты шықты.

Қалың ну, қиын таудың алабында,  
Топ жыртқыш жолдастары жанабында.  
Кешегі тентіреген қашқын қудың  
Ел талап мал жинамақ талабында.

Мекен қып Манжурия елсіз тауын,  
Өзіндей ылғи қашақ қуды тауып,  
Жан-жаққа шабуылды тынбай салды,  
Әр жолға қарауылмен құрып ауын.

Жиналды Чжан Цзо-линге ылғи сұмдар,  
Құралған ойдан-қырдан өңкей жындар,  
Қулардың басшысы боп аласұрды  
Кешегі тентіреген қашқын мұндар.

Қасқырша қанды түмсық жолды барлап,  
Құзғын жүр кісі өлтіріп жерді шарлап.  
Момын ел шаруа баққан лағынет айтып,  
Отырды «қашқын ит» деп сырттан қарғап.

Тыныш жатқан еңбекші елге салды бүлік.  
Жан жақтан мал жинады әрбір түлік.  
Қиырсыз қарақшыға місе болмай,  
Жинаған елді талап мал мен мүлік.

Асынып қылыш, мылтық жарқыратып,  
Жай жатқан момын елді қалтыратып,  
Қол қылды қашақтарды жинай-жинай,  
Бекініп орманды ну тауда жатып.

Ешкімнен болмаған соң жасқанатын,  
Ұмытты сұм өзінің қашқын атын,  
Тартпады мың қылмыстың бір жазасын,  
Мезгілі жетсе дағы асқынатын.

Мақсұты енді жұртты билемекте,  
Бұқтырып көнбегенді илемекте,  
Кешегі қан ішер қу елге әкім боп,  
Ұялмай «басты маған и!» демекте.

Мекені Манжур таудың саласы еді,  
Қалың тау, жыныс орман панасы еді.  
Бекініс салығы сол Манжур тауы –  
Жапон мен Россияның арасы еді.

Солайша тау ішінде біраз жүрді.  
Тың тындап әр хабарға құлақ түрді.  
Бір кезде орыс, жапон соғысып қап,  
Қаракшы шортынан бір ойға кірді.

### **ЧЖАН ЦЗО-ЛИН ЖАПОНҒА ЖАҒЫНДЫ**

Орыс пен Жапония ұрысқаны,  
Бір-бірін қойша қуып қырысқаны.  
Кез келді сұмның арам ырысына  
Екі елдің жыртқыш аңша жұлысқаны.

Жапонның әкіміне жағынуға,  
Шен алып дәреже қып тағынуға.  
Жандарал бастығына кісі салды,  
Қызмет қып жан аямай бағынуға.

Сұрады молырақ қып қару-жарак,  
Ақша мен біраз ғана киім, тамақ.  
Орыстың арт жағынан мазасын ап,  
Туғызып күнде қауіп шабыс салмақ.

Жандарал бұл хабарға қуанады,  
Қуанып екі қолын уалады.  
«Тез әкел батырды, – деп сөйлесуге  
«Елшіні», – қайта шап!» – деп қуалады...

Алғызды Чжан Цзо-линді көрісуге,  
Шарттасып бір-біріне сенісуге,

«Жапонға қызмет қыл да – міндет қыл деп» –  
Уәде бір-біріне берісуге.

Жандарал Чжан Цзо-линді алғызады,  
Алдына план жайып салғызады.

Оқиана істің шартын бітірісіп:

Жә, – десіп, бірін-бірі нанғызады.

Жаурыннан Чжан Цзо-линді қағып қойды,

«Ерсің!» деп төсіне шен тағып қойды,

«Жазықсыз» көрген талай кемшілігін

Жапонға залым ептеп шағып қойды.

Жапонның кірді «батыр» панасына,

Мұрады, кірген, енді санасына –

Жапонның арқасында өмір билік

Жүргізбек қалың қытай баласына.

Екі елдің соғысқаны болып «несіп»,

Жеріне күзғын қайтты желдей есіп.

Сөйлесіп жолдасымен күліседі:

«Зор бақыт ойда жоқта болды-ау», – десіп.

Қайтып кеп «батыр» енді ту көтерді,

Жаппа іске «қырандарын» ду көтерді.

Олкерге ап келе жатқан жүгін талап,

Орыстың арт жағынан шу көтерді.

Таныла көп қып шапшаң жігіт жиып,

Ағы орыс деген елге жынша тиіп,

Түйіріп, қамсыз деген бөріктірді,

Телеграмм, почта, отарба жолын қиып.

Қу қапқың кеше ғана жүрген бұғып,

Қил қатқан қонышына пышақ тығып,

Жапонның патшасына жағынды әбден

Танимай ісі орысқа пышақ сұғып.

Көбірек момын елдің қанын шашты...

Негүрлым көп шаш! – дейді қан мен жасты.

Жапонның патшасынан шен алуға  
Санайды мақтан етіп кескен басты.

Дабысы Чжан Цзо-линнің дүңкілдеді,  
Күншілдер қарақшыны тым күндеді.  
От басы қатын-қалаш ертегіше,  
«Батырды» әңгіме қып күңкілдеді.

Дүңкілдеп даңқы шыққан дабысына,  
Аймақты дулықтырған шабысына.  
Іздеп кеп талай батыр дос болысты  
Атақпен онай олжа табысына.

## ХУН

Біреуі өзгесінен үздік ірі...  
Ол дағы көп қыранның басшы пірі.  
Хун деген аты-шулы бұл да бір дәу,  
Кем емес Чжан Цзо-линнен ешбір сыры.

Батыр Хун асқан ер деп саналатын,  
Сүліктей бір қадалса қан алатын,  
Жайдары достарының арасында,  
Жауына «Әзірейлі – жан алатын».

Төстектеу, ұзын бойлы өте қайсар,  
Өлімге есептейтін – сөзден тайса.  
Келбетті қара жігіт сүйір мұртты,  
Аңқылдақ, ашық мінез тым-ақ жайсаң.

Чжан Цзо-лин батыр Хунмен дос болысты,  
Өмірлік тілегі бір – қос болысты.  
Серттесіп бір-біріне жан қиюға,  
«Қолдары мал-мүлікке бос» болысты.

Аямай бір-біріне күш, көмегін,  
Достықтың екеуі де білмей шегін,  
Біріне бірі сүйеу қорған болып,  
Жоқтасты бір-бірінің сырттан кегін.

Қытайдың елі де кең, жері де кең,  
Көптікке қандай ел бар онымен тең?  
Мұхиттай қалың нудан не шықпайды,  
Парықсыз кең болған соң етек пен жең.

Сұм да бар, залым да бар, арам да бар,  
Қарарсыз жауыз да бар, адал да бар,  
Иманы бес тиындық құзғындар мен  
Ер де бар, қасиетті адам да бар.

## **ЖАПОН МЕН ОРЫС СОҒЫСЫ БТПІ, ЧЖАН ЦЗО-ЛИН ДӘУІРЛЕДІ**

Аймағын біріктіріп бағындырды,  
Өзіне талай сұмды жағындырды.  
Қорғансыз қалың елдің үрейін ап,  
Өзіне сұм қарақшы табындырды.

Қысқасы: құзғын қылды бір талай кеп,  
Жапоннан «қызметіне» көп ақша жеп,  
Орысты арт жағына аландатып,  
Жапонға бұл да болды едәуір сеп.

Туғандай оң жағынан құзғын тағы,  
Қойсын ба өршіп өрге ұшқан бағы?  
Кешікпей орыс қолын жапон жеңіп,  
Келісті бітім қылып екі жағы.

Жапондар шуылдасты жауын жеңіп,  
Той қылды «сүйінші!» деп жері кеңіп.  
Женген жақ қашаннан да қоқиланбақ,  
Жүй болып жеңілген жақ сесі кеміп.

Бағырға көз қарасын суытпасқа,  
«Қыметін» жанын салған ұмытпасқа.  
Жапонның үкіметі қылды уәде  
Қорған боп ешбір пәле жуытпасқа.

Қосылып жиып алып алдын, артын,  
Шұбылтып құралдарын тиеп артып,

Елге кеп мошап жатты Манжурдағы  
Батырдың «қырандары» шеру тартып.

Ат қалып «қанды балақ кашақ» деген,  
Даңқ бітті «жасанған қол, жасақ» деген.  
«Батыр» деп қайпандайтын болып алды,  
Кездессе дұспаны да «қас-ақ» деген.

Сайраны «батырлардың» елдің шеті,  
Қытайға анталаған жаудың беті.  
Елемей, бұлардың «аз шайпаулығын»,  
Көптен соң тие алмады үкіметі...

### **ЧЖАН ЦЗО-ЛИННІҢ СЫПАТТАРЫ**

Азырақ осы кезге аялдалық,  
Шоқытпай, бүлкілдетіп аяңдалық.  
Чжан Цзо-лин қандай екен?.. дегендерге  
Бажайлап сипаттарын баяндалық.

Қаймақ жүз, сұрша кісі – кірсіз жандай,  
Ілмиген қара көзді, тайқы мандай,  
Көселеу, орта бойлы, мүп-мүләйім,  
Қимылы еп-елеусіз сұр жыландай.

Жұқа ерін, тымырсық бет, жұқа қабақ,  
Бір ішсе қанға тоймас табақ-табақ.  
Күлмейтін, арам ойлы бедірейген –  
Дер едің «әп жыланнан алған сабақ».

Жаркылдап сөйлемейді бекер лағып,  
Күн бұрын ұрынбайды тілмен шағып.  
Жасырған тырнақтарын көр мысықша  
Жүреді төмен қарап ізін бағып.

Бір істі істер болса керілмейді,  
Мұратқа жету үшін ерінбейді.  
Жетуге бір басының пайдасына  
Қандай да арамдықтан жерінбейді.

Ақылды көрінбекке болады ызбар,  
Көкиіп әңгіленсе беті мұздар.  
Шын құлқын көрсетеді сынды жерде-ақ,  
Ішінде – сасық пәле, бетінде – ызғар.

Иман жоқ тұрмысқа көз қарасында,  
Ар да жоқ, қарар да жоқ санасында.  
Ұят та, азаматтық намыс та жоқ,  
Сатады бір өзі үшін анасын да.

Мінекей, Чжан Цзо-линнің сырлары осы!  
Өтірік демес жөнді жақын досы.  
Ақиқат сыпаттарды ұнатпас тек,  
«Батырдың» дәл өзіндей көңіл қосы.

### **ЧЖАН ЦЗО-ЛИН ҚЫТАЙ ҮКІМЕТІНЕ ЖАҒЫНДЫ**

Үкімет «батырларға» тие алмады...  
Чжан Цзо-лин тек жүріске сия алмады.  
Сөз салды үкіметке: «Қызметке ал», – деп,  
Шіміркеп қашқын мұндар ұялмады.

Күзғындар қолын жиып тойласын деп,  
«Аттысын жауыздықты қоймасын» деп,  
Жауызды қызметке алды үкіметі,  
Қасақы мылқау тағдыр ойнасын деп.

Шаптансын күзғын тағы мереке қып,  
Шап жетпес күнәсінен «береке» қып,  
Бастық қып әскерімен қызметке алды,  
Қасақы тағдыр шіркін келеке қып.

Орыс пен жапон, қытай арасына,  
Орманды, таулы Манжур саласына,  
Ыленіп жасағын сап келді «батыр»  
Қыпайдың Мүкден деген қаласына.

## ЧЖАН ЦЗО-ЛИННИҢ ПӘТЕРІ

«Батырын» енді ірі бай-мырза, шүлен,  
Байлығын есептеуге қатар сілең,  
Кең сарай, неше бөлме бір үй алып,  
Сәндетті төсеп, құрып, түрлі кілем.

Ерлігі, сыпалығы бірдей жанша,  
Маңызды, ақылы адал, бекзат панша,  
Сол үйге орнап жатты күшін жиып,  
Жау тосқан, күшін білеп жыртқыш аңша.

Жинатып неше түрлі таза бұйым,  
Жасатып әшекейлеп безеп үйін,  
Жайнатып ханның сырлы ордасындай  
Әскерге күзеттірді кезеп үйін.

Қымбатты әр бөлмеге жасау жиған,  
Әр түрлі жібек кілем, жұмсақ диван,  
Масаты жібек көрпе, кесте шырма,  
Өрнекті сан асылдың бәрі сиған.

Түрлі асыл – алған жинап қырдан, ойдан,  
Жолбарыс, аю терісі бітеу сойған.  
Бөт құндыз, кара түлкі, түрлі жарак,  
Ілдіріп айқыш-үйқыш сәнге қойған.

## ҚЫТАЙ ҮКІМЕТІ ЕКІ БАТЫРҒА ҚАҚПАҢ ҚҰРДЫ

«Батырдың» досы дағы ірі дедік,  
Ол дағы «қырандардың пірі» дедік.  
Оның да аты шулы әскері бар,  
Кем емес Чжан Цзо-линнен сыры дедік.

Ол дағы жігіттерін жиындырып,  
Күн санап түзеп, ондап киіндіріп,  
Жау-жарак құралдарын толықтырып,  
Біленіп жатты тастай түйіндіріп.



Оған да емес місе мал мен мүлік...  
Қанішер бір жабысса қара сүлік.  
Қауіп қып екеуінен қорықты үкімет,  
«Екі дос салмасын, – деп, – бір күн бүлік».

«Сор болар екі батыр пәле құрса,  
Уақа емес бірі жоқ боп, бірі тұрса.  
Түбінде қауіп болмақ үкіметке,  
Екеуі тізе қосып тірі тұрса».

Үкімет шара құрды аз ғана ойлап:  
Еппенен қос батырдың бірін жоймақ,  
Біреуін біреуіне жоқ қылғызып,  
Тіл алып, іс қылғанын Доудзу<sup>1</sup> қоймақ.

Үкімет сұмдық сырын ішке сақтап,  
Сөз салды екеуіне екі жақтап:  
Тіл алса үлкен шенге қызықтырды,  
Көтеріп көпшік қойып, ептеп мақтап.

### **ХУН ШЕНГЕ САТЫЛМАДЫ**

Әрине, біреулер бар шенге құмар,  
Біреулер тойған тамақ жемге құмар,  
Біреулер шен мен жемнен жолдастықты  
Жүз есе қасиеттеп қылар тұмар.

Шен құмар арын сатпай жата алмайды,  
Ойтуге біреу ардан бата алмайды.  
Біреудің төбесінен ділдө құйсаң,  
Ар, намыс, жолдастықты сата алмайды.

Шен құмар әкіміне қайқандайды,  
Аңшының аш итіндей қайпандайды,  
Оңнен төмендерге қоқиланып,  
Оңнен жоғарғыға майпандайды.

<sup>1</sup> Доудзу – қытайша жандарал-губернатор деген сөз.

Шен құмар әр жұрттың бар арасында,  
Кімде күш болса соның панасында.  
Туғызған, ақ сүтімен асыраған  
Сатады жанын қияр анасын да.

Жолдасын сатпады Хун шен мен «баққа!»  
Шен түгіл сатпан деді «алтын таққа!»  
Қанына жолдасының бәйгі қылған  
Ұялмай қызықсын ба би болмаққа?

## ЕКІ ДОС

Досынан Хун батырдың құлқы мықты,  
Асығып атқа мініп үйден шықты...  
Кеп түсті Чжан Цзо-линнің сарайына  
«Сақ бол» деп айтпақ болып бұл сұмдықты.

Чжан Цзо-лин отыр екен ордасында,  
Диванда жібек жастық ортасында.  
Алдынан ұшып тұрып құшақ жайып,  
Қуанды арсалақтап жолдасына.

– Сағынып еді, досын, аған, – деді, –  
Өзім де бармақ едім саған, – деді. –  
Жайлансын қосшыларың қонақ үйге,  
Жігіттер сыйлар жайып тағам, – деді.

– Бек жақсы келдің, досым, серім, – деді. –  
Іш пысып толып еді шерім, – деді. –  
Оңаша біраз кепті шертейік бір, –  
Кәніки отыр енді, ерім, – деді...

Күлісіп, масайрасып отырысты,  
Сөз қылып өткен-кеткен әрбір істі...  
Кешікпей атұлтан кеп тәжім қылды:  
«Дәмді қып даярлаған ас та пісті».

Мақтанып даңқы шыққан аттарына,  
Тарихтың көз жеткендей мақтарына,

Масайрап асқа отырды екі сырлас,  
Мәз болып өрге өршіген «бақтарына».

Тәжім қып қызметкерлер асып-сасып,  
Ұшынан аяқтарын ептеп басып,  
Иіліп, тік тұрысып қызмет қылды,  
Аншының иттеріндей жапақтасып.

Есікте күзетеді жендеттері,  
«Бас алмақ, шаш ал» десе келбеттері.  
Бұйрықты екі қылса ант соғардай  
Сіңіскен батырына еңбектері...

Ұстазы «қырандардың» екі бастық,  
Диванда шынтақтасып мамық жастық,  
Отырды, астан кейін ақылдасып,  
Дұспаннан аянбасқа, қылса қастық...

### **ЧЖАН ЦЗО-ЛИННИҢ ДОСЫНА СЫЙЫ КҮМІС ҚЫЛЫШ**

Үстелде алдарында шараптары,  
«Шарап» деп қастерлейді арақтарын.  
Чжан Цзо-лин досына әкеп көрсетеді  
Ілулі тұрған түрлі жарақтарын.

Бір қылыш тым қызықты, күміс қапты,  
Күміске оюлаған алтын сапты,  
«Әдейі досына сый қылайын» деп  
Қолқалап бір төреден қалап апты.

– Мінеки, өткір болат, көкше жасыл,  
Майысып, жазылады өткен асыл.  
Бұл қылыш саған ғана лайықты,  
Сөнінді тағып жүріп жұрттан асыр...

Досына қымбат қылыш ұсынады,  
Қоңілі асыл сыйға тасынады:  
Балаша қуанғаннан ұшып тұрып,  
Қылышты алып көріп асынады.

## ЧЖАН ЦЗО-ЛИН ДОСЫНА ТАҒЫ ДА СЫЙ ҚЫЛМАҚ

Айтылмай сыр қалмады екі доста,  
Кенеліп бір-бірінің сөзін қостап,  
Арада талай бос сөз күлкі болды,  
Жорықтан тыныс алған қолы боста...

Сонымен уақыт өтіп, ақшам батты...  
Қайтуға аттарын Хун даярлатты.  
Дағды алған жолбарысша түнде жортып  
Жүруге батыр сері кешті ұнатты.

Кеш болып, қас қарайып, ақшам батты,  
Жап-жарық қала сансыз шамын жақты.  
Түрлі жан көшелерде күндегідей  
Дүсірлеп өз бетімен жүріп жатты.

Чжан Цзо-лин досын біраз аялдатты.  
Ерттетті тысқа шығып қос көк атты,  
Оңаша бұйрық қылып атұлтанға,  
Екі атты қора ішінде аяндатты.

Үйге кеп досына айтты «батыр» тұрып:  
«Сияпат ұмытпайтын жақсы ғұрып,  
Сәйгүлік сарайдағы жүйріктердің  
Танда да біреуін ал өзің жүріп».

Дүсірлеп өз бетімен қала жатыр...  
Кешкі аспан көк торғындай бейне шатыр...  
Қораны жап-жарық қып фонарь жаққан  
Келеді үйден шығып екі батыр.

Нөкері Чжан Цзо-линнің өңкей мерген,  
«Батырмен талай істі бірге көрген»,  
Келеді арттарында жаутандасып  
Аңшының иттеріндей қасына ерген.

Батырлар ат қораны жағалады,  
Бір аттың сынын айтып бағалады.

Қояндай ақ бестіні айналдырды,  
Өзге атты мақтаса да қаламады.

## АҚ БЕСТІ

Ақ бесті елендейді мойнын иіп,  
Қызығып ұнатты Хун соны сүйіп.  
Арғымақ аққу құстай кіршіксіз ақ  
Бергендей досқа ғана досы қиып.

Серке сан, белі делдек, шоқтық биік,  
Бұлтылдақ бұлшық етті – бейне киік.  
Сіңірлі, толарсақты, болат тұяқ,  
Құлаштай қаз мойынды қояды иіп.

Жаялы үсті орнықты аппақ бөстек,  
Кең тыныс, омыраулы алшаң төстек.  
Отты көз, қамыс құлақ, шоқпар кекіл,  
Азулы, күрек тісі біткен көстек.

Ақ селеу, ақ бөкендей, аппақ санлақ,  
Ақ тұлпар, жел жетпейтін ұшқыр қаңбақ.  
Мініп ап «шу!» деп кетсең жоқ болады,  
Жалғыз-ақ білдірмесе қалған шандақ.

## СҮМНЫҢ ІСІ

Чжан Цзо-лин мөз болғандай досқа жағып...  
Хун айтты, ақ тұлпарды төске қағып:  
«Мінермін бұл атыңды сақтап, досым,  
Жабулап, баптап күтіп, тұмар тағып».

Покері Чжан Цзо-линнің болып сымдай,  
Қаттар түр арттарында – бәрі жымдай.  
Көздерін батырлардан бір алмайды,  
Сөйлескен екі достың сөзін тындай.

Мөз болып Хун түр еді, атты сынап,  
Тұлпарды еркелетіп сипап, сылап.

Шаң етті қақ қасынан атқан мылтық,  
Батыр Хун қырыққан шөпше қалды құлап!..

Тіл тартпай жығылды Хун шалқасынан,  
Атқан оқ дөп тиген соң арқасынан...  
Оқ атқан жан жолдастың бір жендеті  
Мылтығын тығып тұрып қалтасына.

Құзғындар Хунға келіп төне қалды,  
Лезде шіркін өмір сөне қалды.  
Жалма-жан қылышын ап Чжан Цзо-лин сұм,  
Досының басын шауып бөлек алды.

Бұйрық қып жеңдеттерге қасындағы,  
«Оның жүр бомбы, мылтық асын дағы!»—  
Деп шапшаң қылышының қанын сүртті,  
Досының бөркін алып басындағы.

Көтерді бір қолымен достың басын,  
Қолына шумақтап ап айдар шашын.  
Қуанды салақтатып көзі шатынап,  
Белдесіп өлтіргендей кекті қасын.

Дүсірлеп өз бетімен қала жатты.  
Дүсірі кешкі жүріс тым-ақ қатты.  
Осқыртып Ли Тзян алып келді дереу  
Даярлап жетектеген қос көк атты.

Алғандай оп-оңай ғып қаншыр атып,  
Немесе қасаптаған аңшылатып,  
Досының басын салды ат дорбаға,  
Сорғытып жылы қанын тамшылатып.

Іріктеп он жігітті қасына алып,  
Жауынгер өңкей мықты жасын алып,  
Чжан Цзо-лин тұра шапты үкіметке,  
Досының дорбаға сап, басын алып.

«Сүйінші!»— деп үкіметке жетіп бармақ,  
Алдына қанды басты жайып салмақ.

– Қалаулы, бөйгі тіккен бас міне!– деп,  
Бөйгіге уәделі шенін алмақ.

«Басыңыз міне»,– демек, көрмек болған,  
«Терең қып жер астына көмбек болған!»  
Сол жерде доудзундықты алмақ құзғын,  
Серттесіп уәде қып бермек болған.

Аттарын ентелетіп, жалақтатып,  
Серпілтіп көше халқын алақтатып,  
Келеді арам құзғын нөкерімен  
Досының басын алып салақтатып.

Шапқылап, жын қуғандай он бір атты,  
Жапырып көшелерді тасырлатты.  
Сүйсінер «бөлі» дерлік іс қылғандай,  
Жер жарған ат екпіні тым-ақ қатты.

### **МҮҚДЕН КӨШЕСІ**

Қалада үйреншікті кешкі қалып...  
Көшелер күндегідей шаммен жарық.  
Тактайдай тас төсеген көшелерде  
Дүрсілдеп ағытылған сансыз халық.

Қақтыққан олай-бұлай атты, жаяу,  
Жүгірген, желген, аттап жүрген баяу.  
Түсірлеп самбырласқан ың-жың жүріс,  
Мүқден тек тыныштанады таңға таяу.

Аттары омыраулап, көбік шашып,  
Көлденең келгендерді кетпек басып,  
Көшеде құжынаған қала халқы,  
Жасқанып серпіледі жолын ашып.

Аңқиып көше халқы қарасады,  
Аңқау жұрт құзғынды ерге баласады.  
Тізіліп, жалт-жұлт етіп, дүрсілдетіп,  
Көшеге он бір атты жарасады.

Айтар ма ешкім сұмды: «Сұм-ау», – десіп,  
«Барады қайда асығып мынау?» – десіп,  
Ап келе жатқандығын қайдан білсін  
Сатуға жолдасының басын кесіп!..

## ЧЖАН ЦЗО-ЛИН ДОУДЗУ БОЛДЫ

Шапқылап жау қырғандай ентелетіп,  
Чжан Цзо-лин үкіметке келді жетіп,  
Бас салған дорбаны алып кіріп барды,  
Алдына бас әкімнің төжім етіп.

Әкімнен монтаны сұм қорғанады,  
Қайқандап қара жылан жорғалады,  
Әкімнің алдына әкеп қоя салды  
Шығарып Хунның басын дорбадағы.

«Серт қылған, міне, тақсыр,  
басты ап келдім,  
Жастығын жауыңыздың жастап келдім.  
Қылуға жан-тәніммен сізге қызмет,  
Ескі құлық ниетімді тастап келдім.

Күдікті пәлеңізді, қылған қауіп,  
Жоқ қылып, міне, тақсыр, келдім шауып.  
Бар еді уәдеңіз Доудзу қоймақ,  
Егер де Хунды өлтірсем ебін тауып.

Мінеки Хунның басы алдыңызда!  
Айтқандай, өз қолымнан алдыңыз ба?  
Сіз үшін жолдасымды құрбан қылдым,  
Я, тақсыр, ықыласыма нандыңыз ба?

Сіз үшін орға итердім қосымды да,  
Бауыздап келдім, міне, досымды да,  
Бір сізге, үкіметке қызмет қылған  
Ұмыттар ма екенсіз бір осымды да?!

Сенемін енді сізге жағармын деп,  
Әрқашан сізге жағу маған міндет.



Серт қылдым Доудзу болсам, дұспандардың  
Бастарын дәуем өстіп қағармын деп.

Дұспан көп үкіметке толып жатқан,  
Астыртын әрекет қып торып жатқан.  
Қызметкер керек сізге шын сенімді  
Мен білем талай сөзді болып жатқан.

Қызметкер үкіметке керек кезі,  
Болғандай шын сенімді мықты көзі.  
Аямай үкіметтің дұспандарын  
Езетін жөнге салып болсын тезі.

Әнекей, елді аздырып Суй Ши-шан жүр,  
Тзан Пи-гуй, Цао Гауа, Шон Ши-ман, Жи –  
Бәрі де үкіметтің дұспандары, –  
Қазірде-ақ жарамсыздау біздің Манжур»,

Бітіріп төжім қылды, залым сөзін,  
Қадады көк ұшқынды жылан көзін.  
Жамандап жұрттың көбін бас әкімге  
Көрсетті жарамды қып ондап өзін.

Бұл жұмыс бас әкімге тым-ақ жақты,  
Түрегеп Чжан Цзо-линді иыққа қақты.  
– Батырым, енді саған шын сендім, – деп,  
Төсіне өз қолымен тана тақты.

«Ырзамың, міне, осыны сезгеніңе,  
Заң үшін досыңнан да безгеніңе,  
Қимастық бал жаласқан жолдасыңды  
Өлтіріп өз қолыңмен езгеніңе.

Батырым, көңлім толды ақылына,  
Тіл алдың, қарамадың жақынына.  
Сөздерің құлағыма аса жақты,  
Кім құлақ салмас сөздің мақұлына?..»

Ұнатты әкім сөйтіп қанды қолды...  
«Ақылды сөздеріңе» көңлі толды.

Қысқасы: сол арада Чжан Цзо-лин қу  
Сенімді, зор ақылды Доудзу болды...

Сұм қайтты нөкерімен судай тасып,  
Аттары лепіреді алшаң басып.  
«Батырға» досын сатып Доудзу болған  
Қарайды нөкерлері жалтандасып.

Бетіне ар-ұяттың жағып батпак,  
Тынды сұм жолдастықты солай «ақтап»,  
«Қасқыр да қас қылмайды жолдасына»  
Дегенге итше сарып, жерге таптап.

Өзіне сұм сүйсініп көңлі толды,  
Тапқан соң шен алуға «оңай жолды».  
Досының бал жаласқан басын сатып,  
Шімірікпей арам құзғын Доудзу болды.

Бұл күнде Чжан Цзо-лин қу тым-ақ мықты,  
Біртіндеп, егескеннің бөрін жықты.  
Қытайға күрілдеген өкім болып,  
Құзғынның жер-дүниеге даңқы шықты.

Қытайдың иттен де көп жандаралы,  
Артпаса кеміген жоқ сандары өлі.  
Жыр қылып еңбекші елге тарту қылдым,  
Ішінен Чжан Цзо-линді тандап алып...

## ЖАУЫЗ ТУРАЛЫ

Бұл күнде сұмды қорғап ақтаушылар,  
Сансыз көп жағынушы, жақтаушылар.  
— Ақылмен жетіп елді билейді, — деп,  
Жауызды толып жатыр мақтаушылар.

Борсықша еңбекші елдің қанын сорған,  
Дүниенің обырлары сырттан шолған,  
Қолдарын шапақтайды: «бөлі!» десіп,  
Жауызды қошеметтеп, қорған болған.

Сұмға сұм қорған болып сақтамай ма?  
Көмегін бір-бірінің ақтамай ма?  
Ллойд-Жорж, Пуанкаре, Чемберлендер<sup>1</sup>  
Сұмға сұм қорған болып сақтамай ма?

Дүниеде аз ба иманын, арын сатқан,  
Жағынған, өтірікке жанын сатқан?  
Кішкене қу басының пайдасына  
Шімірікпей жолдасының қанын сатқан?..

Залымды еңбекші тап білсін дедім,  
Аулақтау ондайлардан жүрсін дедім,  
Күйелеп жауыздықтың бетіне ұрып,  
Көрі билік, әділ тарих қылсын дедім.

Мұндайға айтшы, досым, барарсың ба?  
Өлсең де сұмнан үлгі аларсың ба?  
Досының бал жаласқан басын кесу –  
Тиындай болмады ғой қарарсызға!..

*1927 жыл.*

<sup>1</sup> Ллойд-Жорж, Пуанкаре, Чемберлен дегендер қазіргі жер-дүние байлар  
өкілеттерінің мақалдарын жүргізіп отырған және Чжан Цзо-линге қошемет  
жасауы үшін ағылшын, француз үкіметтерінің қу мүйіздері (автордың  
бейнесі)

# АЛЪБАТРОС

## I бөлім

### 1. СӘЙГҮЛІГІМ

Бесжылдықты  
Бес қыркадан асканда,  
Біздің поезд  
Үдеп алға басқанда:  
    Қалам желіп,  
    Жүйткі еріп,  
    Совет елі  
Тарихтың шын  
Алтын бетін ашқанда!..

Сом білегім,  
Ірікпей күшті қарышта,  
Бұлшық етім,  
Бұлтылда ойнап маршта  
    Жүйткі, талма!  
    Іркіп қалма,  
    Демінді алма  
Бес қыркадан  
Асқан ұлы жарыста!

Совет елі  
Шыққан өрлеп бұл асу –  
Социалдық  
Ұлы биік, ұлы асу,  
    Әуел толғап,  
    Туды қолға ап,  
    Шықтық жолға ап.  
Керек болған  
Сонда-ақ белді қынасу...

Сәйгүлігім,  
Кеше қырдың жабысы,  
Дүрсілдесін  
Жерді жарып дабысы.

Кер құлашты!  
Жер қыл тасты!  
Жел қыл қасты.  
Тұлпарымның  
Белгілі екпін шабысы.

## 2. ЛЕНИН ТУЫНЫҢ АСТЫНДА

Марксизммен  
Белді бекем буына,  
Салып ұран  
Жұмыскер тап нуына,  
Майдан бастап,  
Ұран тастап,  
«Алға бас, тап!..»  
Ленин шыққан  
Шақырып өз туына.

Бұлшық  
Ет,  
Бұлт!  
Бұлт!  
Қайрат,  
От,  
ЖЫЛТ-  
ЖЫЛТ!..  
Найза –  
Шок,  
ҚЫЛТ-  
ҚЫЛТ!  
Сокпа,  
Оқ,  
Үрт,  
Мүлт!

Ленин бастап,  
Ленин туы тігілген,  
Сол туға кеп  
Тап ерлері жүгінген.

Құрал – алмас,  
Қаяу салмас,  
Қажып қалмас, –  
Қағысқанда-ақ  
Жау тізесі бүгілген.

Ленинизм –  
Білім, құрал –  
құрышы,  
Майдандағы  
Жұмыскер тап қылышы.  
Алмас қылыш,  
Өткір – қылыш!  
Болат құрыш,  
Алмасты ердің  
Жауды ондырмас ұрысы!..

Алмас қолда,  
Жұмыскер тап майданда,  
Шапты қайтпай  
Патшадан да, байдан да.  
Ленин, алда...  
Болат, балға...  
Жау жақ – далда:  
Алмас отты  
Көктен атқан жайдан да...

Жұмыскер тап  
Майданда алға өрледі.  
Талай шапқан  
Жауға туын бермеді.  
Жау шабынды...  
Жау жабылды,  
Күш сабылды,  
Жұмыскер тап  
Оңға, солға  
Ақ алмасты сермеді.

Раз,  
Два,  
Тап!

Раз,  
Два,  
Топ!  
Лек-  
Лек,  
Сап!  
Лек-  
Лек,  
Сап!  
Таж,  
Зұлым,  
Так,—  
Бай,  
Молда —  
Жақ..  
Раз,  
Два,  
Тап!  
Шың  
Болат  
Шап!

Деп отырған:  
«Қойша айдаймын құлымды!»  
Алмас шапты  
Ең жоғарғы зұлымды:  
Патша бақ та,  
Алтын тақ та,  
Зұлым тап та,  
Тажды басы  
Домаланып жұлынды...

### **3. ЖАУ ШЕБІНДЕ**

Бай табының  
Лек, лек болған ұлдары,  
Ақ жасыл ту,  
Ала тулы сұмдары —  
Өңкей жылан,  
Топ-топ ұлан.  
Салысты ұран,

Арам пиғыл  
Қанаушы тап мұндары...

Ар иманы –  
Қанаушылық атасы,  
Бой тұмары –  
Арам, ластық батасы,  
Жанталасад,  
Ұран шашад,  
Майдандасад  
Күні бітсе дағы  
Келмей «жатасы».

Аңдыған жау,  
Қанды қанжар кезенген,  
Сүм ұлдары  
Тосқан талай кезеннен.  
Болып жоймақ,  
Малша соймақ,  
Қаңға тоймақ,  
Арам сүмдар,  
Жаудырып оқ безенген...

Қанаушы тап  
Әдістеп оқ атпағын,  
Шашты түрлі  
Былғанышты батпағын.  
Бояп түсін,  
Мықтап ісін,  
Қайрап тісін,  
Алас ұрды  
Жұмсап түрлі шатпағын.

Тісін қайрап  
Қалың қара албасты,  
Әр кезенде  
Оғын кезеп арбасты,  
Құптамын деп,  
Дұптамын деп,  
Жұптамын деп,



Қабан тісті  
Ауыздарын жалмасты.

#### 4. ЕКІ КҮШ

Жұмыскер тап  
Алып жауды ордасын,  
Қан майданда  
Талқан қылып мордасын,  
Жайқап туды,  
Лектеп нуды,  
Жауды қуды  
Көкке ұшырып  
Күлін – арам қордасын!..

Жау жұмсады  
Неше түрлі айласын;  
Білсе де сұм  
Біздің табан таймасын.  
Іштен, тыстан,  
Әр бір тұстан,  
Деді мыстан,  
«Социалды  
Тілек қанат жаймасын!»

Іштен, тыстан  
Жау сұм тілін безеді.  
«Ай, сені ме!»  
Дегеніне оқ кезеді.  
Арам нәсіл,  
Туы ақ, жасыл,  
Қандай төсіл  
Қолдануын  
Сұм залымдар сезеді.

Сұм ұлдары,  
Түрлі құрал қармасты.  
Айқасып саң,  
Кезеңдерде жармасты.

Қылыштасып,  
Қалмай жасып,  
Шықтық асып,  
Онды-солды  
Жарқ-жүрқ сілтеп алмасты!..

## 5. ЖАУ ШЕБІНДЕ

Жау неше рет  
Топ-топ болып саптанды.  
Неше түрлі  
Құрал, сауыт қаттанды.  
Капитал тап,  
Қолдасып ап,  
Бар жанын сап,  
Бізге қарсы  
Іштен, тыстан аттанды

Топ-топ қылып  
Аттандырды ұлдарын;  
Алдына сап  
Паш меньшевик құлдарын.  
Крес, сәлде,  
Арам көлле.  
«Исус – алла»  
Итше улатып,  
Далбастаған тұлдарын!..

Капиталдың  
Күзғындары бұрсанды,  
Сөгінеді  
Сұм ұлдары мың санды.  
Жинап жынын,  
Коммуна үнін,  
Алтын күнін  
Өшірем деп  
Оқ пен темір құрсанды.

Газ, бомбы үйіп,  
Зеңбіректер сүйретіп,

Танк, пулемет,  
Аэроларын күйлетіп,  
Қанды тырнақ,  
Малша қырмақ,  
Бықпырт қылмақ,  
«Құл болмаймын»  
Деген тапты күйретіп.

Әпсундетіп  
Пастор, молда, поптарын,  
Қан жарақтап,  
Қанаушы жын топтарын,  
Тізіп сап-сап,  
Қанаушы тап;  
«Қырғын қыл, шап!»  
«Аяма!» дейді, —  
Газ бен бомба оқтарын.

Қатар-қатар  
Зеңбірегін кезеді.  
Ауыздарын  
Дөп үңілтпін кезеді.  
Аэросы ызғын,  
Көкте құзғын,  
Жерде де ызғын, —  
Танк, зеңбірек,  
Пулеметін безеді.

Аэролары  
Көктен төнді гүрілдеп.  
Танктары  
Андыздады дүрілдеп,  
Тізбек-тізбек,  
Қаңға жүзбек,  
Өңменді үзбек, —  
Пулеметтер  
Өлем тілейді дірілдеп.

Лек, лек, жындай  
Жау айнала құрсады.

Қан сорғыштар  
Бар құралын жұмсады.  
Антанта сұм,  
Анттасып,  
Жан таласып,  
«Қыр, қыр!» десіп  
Жынға сұмдар ұрсады,

Бомба,  
Ок,  
Газ,  
Топ,  
Кольт.  
Жау

Обыр, –  
Интер –  
Вент,

Ала

ту, –  
Интер –

Жолт.

Үреді

Ит, –  
Вандер  
Вельт!

Жандаралдар  
Жынша арсылдап, ырылдап,  
Қанға жерік  
Арам кеуде сырылдап,  
«Каммунды ат, ұр!  
Қанға батыр!  
Дөмін татыр!»  
Жындарына  
Бұйырды сұм қырылдап.

Совет нуын,  
Құрсаған жау жаракты.  
Көл қыпшыр,  
Қан төгуді жаракты, Ж

Капитал мас,  
Тендікке қас,  
Шіріген лас.  
Сақ-сақ күлед  
Десе: «Көл боп қан ақты!..»

У жіберед,  
Тұманмен де, желмен де  
Қаптатад танк  
Жермен, оймен, өрмен де,  
Жаудырад оқ,  
Бомбалы топ,  
Найзағай шок,  
Аспанмен де,  
Теңізбен де, жермен де.

## 6. БІЗДІҢ ШЕПТЕ, ЖЕРДЕ

Біздің құрал  
Жаудікіндей көп емес,  
Біздің құрал  
Жалғыз ғана оқ емес,  
Обыр, сұм, сүк  
Итше қыңсып,  
Сұкса тұмсық,—  
Дәл тұмсыққа  
Атар оқ та жоқ емес.

Улы демді  
Жаудың күші жиылды:  
Қара жылан  
Шапшып әнін жиырды.  
Шашты уын:  
«Совет туын,  
Күл қыл нуын!»—  
Деп жалмауыз  
Қырылдады, бұйырды.

Біздің әскер  
Айнала жау шегінде

Қорғап табын  
Жатты майдан шебінде.  
    Найза құрыш,  
    Алмас қылыш,  
    Алмас тыныс, –  
Кежуілші ем  
Үшқыр атты легінде,

Ал қызыл ту  
Тұрды ортада жайқалып,  
Сыналар жер  
Таптың күші байқалып,  
    «Ақтық майдан!...»  
    Одан тайған  
    Өлмек байдан,  
Қызыл әскер  
Сескенбеді тайқалып.

Тудағы ұран  
Лениннің үн – сөзі еді.  
Қиыр жолды  
Болжаушы оның көзі еді.  
    Штаб жарын  
    Нықтап бөрің,  
    Командарм –  
Бұйырушы  
Бастық –  
Ленин өзі еді.

Раз,  
    Два!  
Раз!  
    Раз!  
Құрыш  
    лек, –  
        Шын  
        Тас.  
Дүріс-  
    Дүріс.  
        Нық  
        Бас!

Көк  
Кұрыш,—  
От  
Шаш!

Санқ-санқ бұйрық  
Беріп майдан басында,  
Ленин тұрды  
Штабтың ортасында...  
Шепте тұрғы...  
Ленин тұрды,  
План құрды.  
Штаб – ЦҚа,—  
Командирлер қасында.

Қызыл өскер  
Жер бұдырын сағалай,  
Ұзақ желі  
Жатты тізбек жағалай.  
Шепте жатты,  
Көздеп қатты,  
Кезек атты...  
Ленин тұрды  
Жауды болжап бағалай.

Күйған құрыш,  
Лениннің нық тұлғасы.  
Бар шындықты  
Қорытқан ми бір басы.  
Дүрбі қарап,  
Жауды санап,  
Күшін балап.  
Қос қолында  
Маркстің нық тұрбасы...

## 7. ЖАУ

Құрсаған жау  
Ақ, көк, ала туменен,  
Жер үстімен,  
Аспанменен, суменен.

Гүрс-гүрс тажал,  
Жаудырды ажал,  
От боп ажар.

Көктен бомба,  
Жерден, —  
оқ, газ, у менен.

Ағылшын, француз,  
Юденич, Чайковский,  
Поляк, Толстов,  
Каладин, Дутов,  
Кадет, Совет Колчак,  
Эсер Чех,  
Меньшевик, Словак,  
II Интерн, Семенов,  
Анненков, Жапон  
Ала  
Ту, —  
Жасыл,  
Ак.  
Қалш —  
Құлш,  
Таж,  
Так.  
Иг  
Тісі, —  
Сақ-  
Сақ.  
Юд,  
Дут,  
Кол-  
Чак!..

Капитал мас —  
Өзін мәңгі бұл қылмақ.  
Еңбек тапты,  
Езіп-жаншып, құл қылмақ,  
Құлдықты жоқ



Қылмақшы боп,  
Жасаса топ,  
Оқ жаудырып,  
Көл қып қанын тұл қылмақ.

## 8. БІЗДІҢ ШЕПТЕ

Ленин тұрды,  
Нығап басып табанды.  
Қолын сілттеп,  
Берді қатты команды:  
«Майдан ақтық!..»  
Дабыл қақтық.  
Қарсы ап аттық.  
Қанға құмар,  
Қанды тұмсық қабанды.

Зеңбірек топ,  
Бомбы талқан гүрсілдеп,  
Жер менен көк  
Қалшылдады дүрсілдеп.  
Гүрсілдеп топ,  
Дауыл боп оқ,  
Қайнаған шок.  
Өрт боп күлді:  
«Екі тапқа бір сын!..» деп.

Біздің әскер  
Атып шепте жатпады.  
Оқ пен отқа  
Қарсы атқылап қаптады...  
Найза жасыл,  
Алмас асыл  
Емес жасыр,—  
Біз — атты лек  
Бір бүйірден таптадық...

## 9. ЖАУДЫ ҚУДЫҚ

Сұм ұлдары,  
Қанды аузын жалмасты,  
Екі қылыш  
Ысқырысып шалмасты.  
Араластық,  
Қылыштастық,  
Атпен бастық,  
Онды-солды  
Жарк-жүрк  
сілтеп алмасты.

От,  
Оқ  
Жарк-  
Жүрк.  
Гүмп,  
Гүрс,  
Шарт-  
Шұрт.  
Газ  
Түгін,  
Бүрк-  
Бүрк.  
Шап!..  
Ат!..  
Сарт-  
Сұрт!..  
Ақ  
Алмас,  
Жалт-  
Жұлт!..

Қайрат пенен  
Күшті көріп састы жау.  
Серт майданда  
Женілді де қашты жау.  
Ленин күшін,  
Құрған ісін,  
Бөгеу үшін,

Басқа әдіспен  
Басқа күрес ашты жау...

Сол майданда  
Болғансындар талайың.  
Дегенсіндер  
«Қайтып бұдан қалайын!..»  
Атты лекте,  
От білекте  
Шауып шепке  
Жүргендердің  
Төрт-бесеуін санайын:

Асылбеков,  
Әлиев пен Жангелдин,  
Татимов пен  
Ярмухаммед пар келді...  
Найзалы лек,  
Қызыл желек,  
Алдыңдар шеп,  
Басқаларды  
Тізуге өлең тар келді...

## 10. ЛЕНИНШІЛДІК

Ленинизм  
Білімнің шын құрышы,  
Социалға  
Тартқан жолдың дұрысы.  
Жол дүп-дұрыс,  
Қолда қылыш,  
Алмас, құрыш,—  
Қарыштады  
Аттың камсыз жүрісі.

Темір таға  
Құрышпенен шыңдалсын,  
Жолдан құрыш  
Таймайтын боп жымдалсын,

Коммунизм –  
Марксизм,  
Ленинизм  
Ғылымымен  
Сана-сезім сымдалсын!..

## 11. МЕН

Сол майданда  
«Болдым, – демен, – ірі едім,  
Біркелкі лек  
Ішіндегі дыры едім»...  
Бір де атты қос,  
Бір де матрос,  
Бейне альбатрос  
Көп ұланның  
Эскадронда бірі едім.

Қызыл жалау  
Алып стан шетінде,  
Кежуілде  
Жүрдім жаудың бетінде,  
Үшқыр лекте,  
Күш білекте...  
Кейде шекте  
Түгіндеткен  
Газ бен оқтың өтінде.

Эскадронның  
Кейде алдында, соңында,  
Кейде оңында,  
Жүрдім кейде солында,  
Талай жасып,  
Талап тасып,  
Асу асып,  
Ат үстінде  
Жүрдім жал мен қомында...

Бір қиын жай –  
Жаудың газды мұнары.

Жігітті бұл  
Майданның бір сынары,  
Тұман сасық,  
Кейде адасып,  
Теріс басып,  
Шатастырды  
Дұшпанның сұм құралы.

Кейде жаудың  
Жығылып ат орына,  
Жүрдім кейде  
Лініп те торына.  
Шапқан желіс,  
Бір де теріс,  
Бір де келіс,  
Бір де кеміс.  
Жүйткіп орап  
Шығып жүрдім жолыма...

Астымдағы ат,  
Кейде жалт-жұлт елікпе,  
Сыландаған  
Қызу шіркін желікпе.  
Кейде ұрт басад,  
Кейде мүлт басад,  
Кейде от шашад,  
Күйшіл шіркін  
Жай аяндар керік пе?

Ат,  
Шіркін,  
Жөн,  
Шап!  
Нақ  
Бас,  
Бол,  
Сақ!..  
Құлаш  
Кер,  
Нақ-  
Нақ!

Андап  
Бас,  
Тақ-  
Тақ!

Лек  
Жөнін  
Сақ  
Бақ...

Жөне кейде,  
Жұрттың жөнді табасы:  
Кейде ауыттау  
Соғады алмас сақасы.  
Құлаған тап,  
Тұзағын сап,  
Аяқтан ап,  
Сүрінеді ат  
Кейде жұқа тағасы.

Көз –  
Қарак,  
Сақ  
Бол.

Тез  
Қарап  
Бақ,  
Шол!..

Көп  
Қауіп,  
Жау  
Мол.

Кетпе  
Ауыт –  
Оң,  
Сол!..

Дәл  
Шап,  
Күс –  
Қол!..

Кейде ат жүйткіп,  
Кейде өткелде жалдайды.  
Майданды жол  
Мықты білім талғайды.  
    Қызу тілім,  
    Жұқа білім...  
    Дұшпан жылым –  
Дұшпан сана  
Шырмауық боп алдайды.

Мардамсынам  
Сол майданды көрдім деп,  
Кеудені ашып  
Құлаш төсті көрдім деп...  
    «Ескі жалған –  
    Болсын талқан!...»  
    Деп ат<sup>1</sup> салған.  
Бас командарм  
Ұранына ердім деп.

Майданды алған  
Лениннің отты ұраны...  
Болдым сонда  
Үшқыр лектің бұланы.  
    Бірде атты қос,  
    Бірде матрос,  
    Бейне альбатрос,  
Эскадронның,  
Эскадраның ұланы,

Сонда-ақ Ленин  
Туына иман сенгеміз.  
Сол туға еріп  
Ұлы майданға енгеміз,  
    Партия алда,  
    Ту нық қолда  
    Командирда,  
Сол команды  
Астында жау жеңгеміз.

---

<sup>1</sup> Ат – атой салынған, аттан салған мағынасында.

Коммунизм  
Маягын көз үшінде,  
Тұтып алға  
Бастаған ту күшінде,  
Суда юнгі,  
Жерде ат, сүнгі...  
Күндіз-түнгі,  
Қызмет еттім  
Жерде эскадрон,  
Теңізде эскадра ішінде.

Көк  
Құрыш,  
ЖЫЛТ-  
ЖЫЛТ.  
Болса  
Ұрыс,  
Сокпа  
Ұрт!  
Сок,  
Сақ!  
Жалт!  
Жұлт!  
Сокпа  
Ауыт –  
Ұрт  
Мұлт!

## 12. ТЕНІЗДЕ

Тудағы ұран  
Маркс, Ленин сөзі еді.  
Маяққа жол  
Тартқан қыран көзі еді.  
Штаб жарын  
Диктап бәрін,  
Бұйрықшы бас  
Командарм  
Жерде де өзі,  
Теңізде де өзі еді.



Теңіздегі  
Флот вахта басында,  
Бұйрық беріп  
Штабтың ортасында,  
    Биік тұрғы –  
    Ленин тұрды,  
    Совет құрды.  
Штаб – ЦҚа,  
Капитандар қасында.

Басып тұрды  
Командарм тұрғысын,  
Коммунизмге  
Сап Маркс дүрбісін,  
    Тұрды нұсқап,  
    Рульдi өзі ұстап,  
    Қасында штаб,  
Жауға айнала  
Қадап көздің бұрғысын.

Военфлот  
Жүзіп коммун жолында,  
Гүрс-гүрс атыс  
Алды-арты, оңды-солында.  
    Тұрғыда өзі,  
    Санқ-сұңқ сөзі,  
    Жауда көзі,  
Маркстің нық  
Тұрбасы бір қолында...

Тұтып коммун  
Маягын көз үшінде,  
Жаумен майдан –  
Жосқан флот күшінде, –  
    «Иесі!.. Гут...» деуде  
    Ашық кеуде,  
    Ашық жейде,  
Матрос едім  
Эскадронның ішінде.

### 13. ЖАУ ФЛОТЫ

Жаудың толық  
Елді езетін құралы:  
Қанаушы тап  
Көп ғасырдан мұралы.  
Крейсер көп,  
Дредноут шеп,  
Зеңбірек доп,  
Қалың әскер  
Құл мен ұлы «бұлалы».

Дредноуттар,  
Крейсерлер жайындай,  
Кананерка,  
Миноностар тайындай.  
Темір киіп,  
Күшін жиып,  
Оғын үйіп,  
Қанаушы тап  
Бүлінеді оқ дайындай.

Граф,  
Так  
Пан  
Лорд.  
Бай,  
Паш,  
Пан,  
Форд.  
Палач  
Лап,  
Уаш?  
Норд  
Обыр,  
Жын,  
Сұм,  
Чорт!

Дредноуттар  
Құрсап келді дүңгіп,

Зеңбірегі  
Қаһар тігіп, үңіп,  
Темір дүрлер...  
Сүнгүірлер  
Кезеді оғын,  
Гидролары  
Көктен төніп, сүңгіп.

Құрсап қалын  
Жаудың флот кемесі,  
Қырылдап сұм  
Адмиралы өңеші:  
«Ал деп ерік!» –  
Жаудырды «өрік»  
Қанға жерік  
Капиталдың  
Өңкей құзғын немесі.

Құрсаған жау  
Зеңбірегі дүріс те дүріс.  
Қарсыма-қарсы  
Жау флоты тұспа-тұс...  
Түтін де, от,  
Гүрсілде оқ  
Гүм-гүмп, гүрс топ.  
Көк теңіз, шок,  
Жау да, біз де,  
Оқ пен оқты гүрс те гүрс!...

Бу,  
Газ!  
Бұрк-  
Бұрк...  
Су,  
Гу,  
Гүмп,  
Дүмп...  
Ыш-ш...  
Гіжж!..

Гүрс!  
Гүрс!..  
Оқ,  
Доп,  
От –  
Көк!  
Көк –  
Шоқ  
Жарқ-  
Жүрқ!  
Көк,  
Жай,  
Жалт-  
Жұлт!..

#### 14. БІЗДІҢ ҚҰРАЛ

Біздің құрал  
Жаудікіндей шоң<sup>1</sup> емес,  
Біздің құрал  
Жалғыз ғана оқ емес,  
Созса тырнақ  
Құлы қылмақ,  
Желкеге ұрмақ,  
Жауға қарсы  
Атар оқ та жоқ емес...

Біздің құрал –  
Маркс – Ленин ұраны,  
Қанау тапқа  
Қарсы, шындық тұраны,  
Біздің құрал,  
Жауды қырап,  
Мөңгі тұрап,  
Біздің құрал –  
Құралдың зор құралы...

---

<sup>1</sup> «Шоң» деген сөз – түрікше үлкен деген сөз.

Жау құралы  
Бізді жеңер құрал ма!  
Біздің флот  
Қорқып бетін бұрар ма?  
    Ленин – туда,  
    Ленин нуда –  
    Жерде, суда  
Бізге қарсы  
Шыдап дұшпан тұрар ма?

Ленин қолын  
Алға сілттеп созып ед,  
Біздің флот  
Жауды атқылап озып ед,  
    Майдан кызып,  
    Жауды бұзып,  
    Шебін үзіп,  
Құрсаған жау  
Быт-шыт болып тозып ед.

Еңбекші елдің  
Кегін жауға татырдық,  
Мырш топты  
Дөлдеп ылғи қатырдық.  
    Жау уласты,  
    Тітіреп састы,  
    Оттан қашты,  
Сан кемесін  
Быт-быт қылып батырдық.

Жау  
    Уласты,  
    Жау  
        Шуласты,  
        Састы.  
        Қашты...

## 15. МЕН

Глиссерге <sup>1</sup>  
Қызыл жалау байлана,  
Кежуілге  
Шықтым талай сайлана,  
Талай ирек,  
Талай бүйрек,  
Шықтым жүрдек  
Глиссермен,  
Орағытып айнала.

Жаудың салған  
Тұман түгін буымен  
Неше түрлі  
Газды мұнар уымен  
Кейде адасып,  
Шектен асып,  
Жүріс асық,  
Орағыттым  
Теңіз толқын суымен.

## 16. МАЙДАННАН МАЙДАНҒА

Сан қиындық,  
Жоқшылыққа қайыспай,  
Жұмыскер тап  
Алға аттады майыспай.  
Партия бас,  
Қаруы алмас,  
Қажыры тас,  
Түрлі жаумен  
Күресте бет тайыспай.  
  
Сан қиындық.  
Бәрімен нық ұрысты,

---

<sup>1</sup> Глиссер – моторлы қайық.

Колға ап бұрын  
Болмаған зор ірі істі.  
    Мын-мың санды,  
    Түрлі банды,  
    Сан майданды –  
    Бірдей ұстап,  
Бір жағынан  
Құрылысқа кірісті.

Серт соғыста  
Талқан болып қашқан жау,  
Быт-шыт болып  
Сан құралын шашқан жау.  
    Ленин күшін  
    Құрған ісін.  
    Бөгеу үшін,  
Басқа әдіспен  
Түрлі күрес ашқан жау.

Енді бұғып  
Майданның әр жерінде,  
Қылды әрекет.  
Майданның сұм кеңінде,  
    Жау құрғалад  
    Жау жорғалад,  
    Жау жол қарад.  
Қанды қанжар,  
Оқтаулы қолыт жеңінде.

Енді бұғып,  
Тістерін жау қайрады.  
Ит ауызын,  
Қанды ұрттарын шайнады.  
    Оғын ұштап  
    Жұмысшы тап,  
    Бастық – штаб,  
Көсемдерді  
Аңдып оғын сайлады.

Қанаушы тап  
Жауыз қара пиғылды  
Оғын сайлап  
Кей жерге жау тығылды.  
    Жау сұм андап,  
    Атты тандап, –  
    Біздің танда-ак.  
Командирден  
Бір нешеуі жығылды,

Біздің өскер  
Оған сасып бұқпады.  
Жасқанбады,  
Жасып есі шықпады.  
    Тас боп пішін  
    Басып тісін,  
    Жиды күшін,  
Қырмыз қызыл  
Ленин туын жықпады...

## **17. ЖАСҚАНҒАН БА ОЛ!**

Бір күні тез  
Бір флангті көруге,  
Келді автомен  
Алдыңғы шеп шеруге.  
    Фланг ішін,  
    Қайрат күшін,  
    Шындау үшін  
Бас командарм  
Өзі бұйрық беруге.

Үйтіп келу  
Еді өте қауіпті.  
Емес еді  
Оқ өтпейтін сауытты.  
    Жүрсен қамдау  
    Аңдыған жау,  
    Атса шанжау,



Бірде тиед,  
Бірде кетсе де ауытты.

Бірақ ол бас  
Командарм Ленин ғой,  
Қаһар жауға  
Қарсы аттанған ерің ғой.  
    Ұран тастап  
    Жұмыскер тап,  
    Нуын бастап,  
Капиталға  
Майдан ашқан шерің ғой.

Бас большевик  
Сескенуді білген бе!  
Басын сақтау  
Ойына оның кірген бе!  
    «Сізді құрсап  
    Жүрсек, тұрсақ,  
    Сақтық қылсақ!...»—  
Деген сөзді  
Құлағына ілген бе?

Жалғыз келіп  
Фланг күшін сымдады,  
Күш-қайратты  
Көк құрыштай шындады.  
    Флаңг қайнап,  
    Тасып қайрат,  
    От боп жайнап,  
Бас командарм  
Жалынды үнін тындады.

Дәл сол кезде  
Оқтаулы кольт тыққан жау,  
Серт майданда  
Итше ұлысып ыққан жау,  
    Бағып маңды,  
    Көсемді андып,  
    Залым банды,

Ұрланып кеп  
Атты жауыз бұққан жау.

Бұққан дұшпан  
Атар жауын таңдады.  
Улы оғымен  
Тап көсемін қандады.  
    Бастап штаб  
    Жұмысшы тап,  
    Оғын ұштап,  
Қаһарланып  
Жауды қуып андады.

Қара жылан  
Бұғып келіп тістеді;  
Арам қанды  
Жау істерін істеді.  
    Ленин тұрды...  
    Алып қырды,  
    Дабыл ұрды,  
Үндеп нуға  
Штаб қайратты үстеді...

Қоршаған жау  
Атқан итті мақтады.  
Деді күліп:  
«Жеген нанын ақтады!»  
    Жау сасқалақ,  
    Сұм көзі алақ...  
    Тағдыр қарак,  
Біздің баққа  
Бұл жолы да сақтады.

Баққан  
Жау  
    Жан-  
    Жақ.  
Туы  
Ала,  
Көк,  
Ақ.

Кызыл  
Ер,  
Күзет.  
Бак!  
Тисе  
Жау  
Ақ-  
мақ,  
Көздеп  
Ат,  
Дөл,  
Нақ!  
Сергек  
Түр,  
Сақ –  
Сақ!..

Сонсоң Ленин  
Көздеп тұрып қиырды,  
Командыны  
Саңкыдатып шиырды.  
Сілтеп қолын,  
Нұсқап жолын,  
Оң мен солын:  
«Жұмысшы тап,  
Жасыма!..» деп бұйырды.

## **18. ЛЕНИН ПЛАНЫ**

Ұғындырып  
Компартия қостарын,  
Қасына алып  
Штабтағы достарын,  
Ленин енді  
Қолына алды,  
Жазып салды.  
Социалдық  
Құрылыстың жоспарын.

Делі Ленин...  
Бізді Европа жемесін:  
«Аспап берем,  
зат берсен» деп келмесін,  
Советстан,  
Сұрап тыстан;  
Жәлләп-мыстан,  
Бай-екелер  
«Машина сат!...» демесін.

«Техникамен  
Американы бастырып,  
Қуып жетіп,  
Озу керек астырып!...»  
«Есть!»— деді штаб  
Ұшпыр ұшпап  
«Есть»...— деді тап,—  
«Америкаға  
Жалынбайық басты ұрып!...»

Граф,  
Так,  
Пан,  
Лорд  
Бай,  
Пан.  
Форд.  
Палач  
Лап  
Вест  
Норд,  
Обыр,  
Жын,  
Сұм  
Чорт!...

Құрылыстың  
Жобаларын оқытты.  
Талқылатып,  
Ұғындырып тоқытты.

Сөзін шындап,  
Айтқан шындап,  
Жазып тыңдап,  
Алды жаттап  
Серіктері ұқыпты.

Жаңа тұрмыс,  
Қыздырды отын жайнатты.  
Іс дүкенін  
Екпінге сау айдатты.  
План алда,  
Циркуль қолда,  
Тынбай істеп,  
Төңкерістің  
Мыс қазанын қайнатты.

Еңбек сорған  
Жеті басты жыланды,  
Быт-шыт қылып  
Жауын. Қалың ұланым,  
Жұмысшы тап  
Өзгертіп сап,  
Аспабын ап,  
Алды қолға  
Ленин құрған планды.

Жұмыскер тап  
Ленин сынды ұсталы,  
Партия алда,  
Ленин соққан сталі.  
Жауын жықты,  
Қожалықты  
Құрды мықты.  
Сөйтіп, Ресей  
Болды Советстаны!..

## 19. ЛЕНИН КЕТТІ

Жау бар ма еді  
Оған оғын атпаған?  
Ащы тұрмыс  
Қай уын ол татпаған?..  
    Құрыш төні,  
    Ыстық жаны,  
    Жүрек-жаны  
Коммуна үшін  
Өрт боп жанған, жатпаған.

Табиғаттың  
Бар ма тозбас темірі?  
Мәңгі жанған  
Бар ма май, тас көмірі?..  
    Өрт боп жанған,  
    Өрттен шаңқан,  
    Көкті шалған  
Бас көсемнің  
Үзілді тез өмірі...

Адамзаттың  
Сирек туар данасы,  
Коммунаға  
Жол бастаған санасы  
    Барлық жәйтті,  
    Нұсқап айтты,  
    Мәңгі қайтты...  
Қайта жұтып  
Жаратылыс – анасы...

Тап ақырды:  
«Жер тобы, кен,  
Қайда зырлап жүзесің?..  
Тым мезгілсіз  
Неге өмірді үзесің?!  
    Ленин өлді!..  
    Күңіреңтті елді!..  
    Бүк тізенді...  
    Токта!..» деді...

Жер де, көк те  
Бүкті иіліп тізесін!..

## 20. ЛЕНИННЕН КЕЙІН

Ленинсіз жыл  
Өтті тоғыз, сегізі...  
Ленинизм  
Мәңгі мұхит теңізі.  
Туын ұстап  
Ленин – штаб,  
ЦҚа бастап,  
Социалдың  
Салынды нық негізі.

Ленин жолы –  
Жолдың жалғыз түзуі.  
Мәңгілікке  
Жоқ оны ешкім бұзуы.  
Екпінге ұран,  
Білек сыбан,  
Ұлы план  
Лениннің сол  
Тартқан ұлы сызуы...

Еңбекші ну,  
Колхоз орақ, балға бас,  
Ленин туын  
Биік ұстап алға бас!..  
Өндірісті  
Өндіре істеп,  
Көтер үстеп,  
Бесжылдықтың  
Қызулы ісі қарбалас.

Сұмды жойып,  
Кемістікті түзелік.  
Сұм кеселдің  
Өңмендерін үзелік!

Жаңа тұрмыс,  
Шаңқан қырмыз.  
Жас құрылыс  
Майданында  
Ескілікті сүзелік!..

Ар, иманы,  
Қанаушылық атасы;  
Бой тұмары,  
Лас, арамдық батасы.  
Қуға қару,  
Сұмға дару,  
Керек қару.  
Біздің нудың  
Болса кеміс қатасы.

СССР-ге  
Сыртқы қалың сұм-сұғын,  
Тон жамылған  
Іштегі иттің жымсығын,  
Қарсы ал отпен,  
Алмас шотпен,  
Үшкір оқпен.  
Айралы жау  
Сұғып көрсін тұмсығын!..

Бұзық  
Сұм  
Итті.  
Жеп,  
Ішкен,  
Битті.  
Тап!  
Теп!  
Құрт!  
Қу!  
Інін  
Қаз!  
Құй  
Су!



Жұмыскер тап  
Дүкенінің отымен,  
Социалдық  
Машинаның ходымен  
Сомдал сана,  
Сымдал сара,  
Ұлы дана  
Маркс – Ленин  
Құрыш балға-шотымен.

Социалдық  
Индустрия буымен,  
Екпінді істе  
Жұмыскер тап нуымен!  
Білім қайна,  
Гәуһәр айна,  
Өрттей жайна,  
Маркс – Ленин  
Құрышының суымен.

Штаб – ЦҚа  
Ленин салған жолында,  
Ленин жасап  
Берген план қолында.  
Адым шіреп,  
Нық-нық тіреп,  
Күшін білеп  
Жұмыскер тап  
Штабының соңында.

Туы Ленин  
Партия адым кереді.  
Еңбекші ну  
Көсеміне ереді.  
Еңбек нуы,  
Болат буын!  
Ленин туы –  
Тек сол ғана  
Дүниені алып береді!..

Лек,  
Лек,  
Ас!  
Бас!  
Нык,  
Нык,  
Марш,  
Бас!  
Құрыш,  
Күш,  
От,  
Шаш!

Сап,  
Сап,  
Нөш,  
Бас!..

Алға  
Адым  
Марш  
Бас!..

Топ,  
Тап,  
Алға  
Ас!

## 21. АЛЬБАТРОС

Біздің стан  
Жаңа тұрмыс қалайды.  
Айнала жау  
Шабуға көз қадайды.  
Уақыт күтіп,  
Қанжар тұтып,  
Демін жұтып,  
Көзінді андып,  
Қан тырнағын жалайды.

Іште де бар  
Шарлатандар, күшіктер,  
Тон жамылған  
Жорғалаған бүшіктер,  
    Соны да бақ –  
    Соны да қак, –  
    Бет қақпасаң –  
Күшік өсіп күшіктер.

Қырағы көз,  
«Қалғып кетті!..» дегізбе!..  
Жау тұмсығын  
Шекке жақын енгізбе!  
    Айнала жол,  
    Айнала шөл!  
    Биікте бол,  
Сен, Альбатрос,  
Жерде, көкте, теңізде!..

Айнала жау  
Сақ бол күзет, жалықпа,  
Жерде, көкте  
Кіргік қақпа, қалықта!  
    Оқты сайлап,  
    Допты майлап,  
    Тас қып байлап.  
Бейне Альбатрос,  
Көкте гүрлеп шарықта!..

Қай жағыннан  
Шыкса да жау, қай дүсір,  
Найзағайша ат,  
«Төбесінен сай түсір!..»  
    Жарқ-жұрқ отпен,  
    Алмас окпен,  
    Жанған шокпен,  
Ер Альбатрос,  
Дұшпанға мерт жай түсір!

(Бірінші бөлімнің ақыры)

*Алматы, 1932 жыл, 27 сентябрь.*

# Пьесалар

## БАҚЫТ ЖОЛЫНА

3 бөлімді пьеса

*ОҚИҒАДА БОЛҒАНДАР:*

Т е р л і к б а й – 50 жаста. Орта малды кісі. Ашулы.

М ү с а – інісі, 35 жаста. Жуас.

Е р м е к – үлкен баласы, учитель. 22 жаста.

Т е л ж а н – кіші баласы, 20 жаста.

М ү с л и м ə – қызы, 18 жаста.

Ж ə м и л ə – қатыны, 45 жаста.

Ж ұ м а ш – малайы, 30 жаста.

Б о л ы с (Н ө к е р б а й) – 47 жаста.

Қ а л п е (И с а) – 49–50 жаста.

Б и – 40 жаста.

Т і л м а ш – қазақ жігіті, 25 жаста.

П о ч т о в о й - ш а б а р м е н – болыстікі, 30 жаста.

С т а р ш и н – 35 жаста.

Б і р ж а н – орысша, мұсылманша оқыған жігіт.

С ə р с е н – Терлікбайдың ауылдасы, 40 жаста.

Жолдастар өм басқалар.

### *БІРІНШІ ПЕРДЕ*

Терлікбайдың қысқы үйі. Жәмилә, есіктен кіргенде сол жақта, төсек алдында киіз байпақ жамап отыр. Есіктен кіргендегі оң жақтағы кроваттың алдында Мүслимә мұңайып, жағын таянып, шынтағын тізесіне тіреп отыр. Кроватьқа сүйеулі домбыра тұр. Жәмилә шапаншаң, Мүслимә бешпентшең, жалаңбас, ұзын екі қатар өрген шаштарына шолпы таққан. Үйдің тұстарында ілулі киімдер, басқа нәрселер бар. Машина, үстел.

Ж ə м и л ə. Айша саған еш нәрсе айтты ма?

М ү с л и м ə (*жағын таянған қалын жиып алып, басын көтеріп*).

А!.. Не?.. Не нәрсе?..

Жәмілә (*езу тартып, кекетіп*). Ия... Жаксы-ақ!.. Есіттік.

Терлікбай (*есіктің сыртында*). Анау шөпке сиырларды жібермесендерші! Ой, шіркіндер-ау, ой! Біреуі шаруа десейші! Жаңа ауылдың барлық сиыр, түйелері қаптап тұр екен. (*Арғы қора жақтан мал қайырған, «Ай! Ух!.. Ха!..» деген дауыстар, тарсылдар шығады. Терлікбай тымақшаң, күпішең үйге кіріп келіп*) Анау түйелерді шөгерсендерші, Мүслимә-ау.

Мүслимә қасындағы ілулі тұрған оқалы, үкілі баспа құндыз бөркін киіп, шапанын киіп, шаштарын шолпысымен шапанының сыртынан тастап, кебісін киіп шығып кетеді.

Жәмілә. Немене, жуан би кетті ме?.. Тағы да болыс жіберген бе екен?

Терлікбай. Ия.

Жәмілә. Не дедің, уәде бердің бе? Құдай-ай! Айша келіннен айтқызып едім, Мүслимәжан жылады дейді. Жаңа да бір түрлі қайғырып жүр, бірақ білдірмейді.

Терлікбай. Аһ, қайтушы еді, жылады деген не! (*Есік жақтағы тұрған әбдіреге отырады.*)

Жәмілә. Ермек те естіп бір түрлі кейіп жүр. Мүслимәні бергізбеймін деп жүр.

Терлікбай (*ашуларыңқырап*). Кім бергізбейді?.. Мені билейтін әкем бе екен ол?

Жәмілә. Ақырын... Ақырын сөйлесейші. Қалай болады енді, Мүслимәнің өзі де риза емес?

Терлікбай (*кейіп*). Ермек оттаса, Мүслимә риза болмаса, Телжан кетеді ендеше, Телжанды «приемға» алып кетеді, ал!

Жәмілә (*қорқыңқырайды*). Құдай-ай, айта көрмеші «прием» құрғырынды! Болыс қой, және бір орын ғой дегені болмаса және Телжанды «приемнан» қалдырады демесең Мүслимәжанға Нөкербай тең емес қой?

Терлікбай (*қалын сілтеп*). Не сөйлейді! Нөкербайдан артық қызынды кім алушы еді! Болыс десең болыс! Бай десең бай! Оның үстіне биылғы табысы мынау! Жұртпен қатар малыңды берем дейді. Айыбы қатын үсті дейсіндер ғой. Өзі әлі жасы қырықтың ішінде.

Жәмілә (*мұңайып*). Қайтейін, құдайдың жазғаны шығар.

Телжан (*тымақшаң, қалында қамшы, есіктен еніп келіп, үйдің тұстарына қарап*). Белбеуімді көрдің бе, апа?

Жәмилә (үйдің тұстарына қаран). Жана бір белбеуді Ермек ұстап жүр еді ғой?

Терлікбай. Қайда барайын деп жүрсін? Әлгі аттарды мына қарағайға айдап салсайшы.

Телжан. Өзім де сол аттарға барайын деп жүрмін. (*Шығуға есікке қарай жүреді.*)

Терлікбай. Тыста болса әлгі Сәрсенді мұнда шақырып жіберші.

Телжан. Жарайды. (*Шығып кетеді.*)

Жәмилә «уһ» деп күрсініп, түрегеп алдындағы байпақты төсектің аяқ жағына апарып қояды, ол арада Терлікбай етігін шешіп тастайды.

Терлікбай. Көрпе салшы ана жерге.

Жәмилә төсектен суырып алып төрт қабаттап төрдің алдына көрпе салады. Терлікбай көрпеге барып отырады.

Шай қойдыңдар ма?

Жәмилә. Қойдыртайын қазір. (*Жәмилә есікке қарай жүреді.*)

Есіктен Сәрсен һәм Ермек еніп келеді.

Сәрсен (*Терлікбайға*). Мені шақырдыңыз ба?

Терлікбай. Иә. Бері келші, әлгі шаруаны сөйлесейік.

Жәмилә (*Сәрсенге*). Қорада Жұмаш бар ма екен?

Сәрсен. Бар көрінеді. (*Етігін тастап төрге шықты.*)

Ермек әбдіреге отырды.

Жәмилә (*Сәрсен мен Ермек отырғанша, есіктен басын шығарып*). Жұмаш, а, Жұмаш!.. («Ау!» деген Жұмаштың даусы шықты). Самауыр қойшы, шырағым! (*Жұмаштың «қазір...» деген даусы шықты.*)

Терлікбай (*Сәрсенге*). Мыналарға сен түсіндіріп айтшы. Осы жұмыстың ішінде әуелден сен жүрсін ғой.

Сәрсен. Не жұмысты айтасыз?

Терлікбай. Әлгі Нөкербайдың сөзін айтамын...

Сәрсен. А-а... оның несін айт дейсіз? Анау күннен бері Мүслимені сұрап жүргені мәлім... Өзіңізге кісі салып жүр. Менен

де айтқызды. Жұрт қатар малын алсын дейді. Онан соң, болса-болмаса да Телжанды приемнан қалдырамын дейді.

Жә м и л ә (*Сәрсен жоғарғы сөзді айтып отырғанда Сәрсенге қарап, тыңдап, кроватьтың алдына келіп отырған*). Жоға, Телжанды жай, дүние алып қалдырып, Мүслимәні қоя түр деп неге айтпайсындар?

Т е р л і к б а й (*қатты*). Ақымақ, сайтан! Қоймады ғой бір сөзді!

Е р м е к (*манағыдан бері үндемей отырған*). Сондай халықты зар жылатып жүрген жауызға Мүслимәні бермек қой! Оған аулақ жүр десе қайтеді екен?

Т е р л і к б а й (*кекетін*). Онда Телжанды приемға алып кетеді екен!

Е р м е к (*кекете мазақтан*). Әкетсе қайтеді екен?

Жә м и л ә (*ренжіп*). Қой арман, осының тілі-ай!

Т е р л і к б а й. Ия! Ол өзі орысша оқып, білгіш болып, қара жұмысқа бармайтын болған соң, бұл өзгенің кеткенін не қылсын! Ақымақ, сайтан!

Е р м е к. Нөкербайға Мүслимәні Телжанды приемнан қалдыру үшін бермексіндер ғой? Олай болса, мен-ақ барайын Телжанның орнына. Бірақ болыс-екеңе кіріптар болмандаршы!

Т е р л і к б а й. Не дейді, осы ақымақ, сайтан?! Приемнан қалдыру былай тұрсын, кісі әйел баланы күйеуге бермей ме екен?

С ә р с е н (*Ермекке*). Жоқ-а, оның несі бар? Һәм Телжанды қалдырмақ және 47 қара қалың берем дейді. (*Терлікбайға күлімсіреп*.) Мал керек емес пе? (*Ермекке*.) Өздерің де әлі қатын алған жоқсындар!..

Т е р л і к б а й (*Сәрсенге*). Қойшы, сол ақымаққа сөйлеме! Сөз біткен! Нөкербайлар ертең Құдабайдың ауылынан осында келеді.

Жә м и л ә. Құдай-ай, қайтейін!

Е р м е к (*кекетін, Жәмләге*). «Құдай-ай, қайтемін...» (*Қызуланып*.) Өзге ақымақтар приемнан қорқып, патшалық жалпы қызметтен қорқып, болыстардың, старшындардың құлқынына малын тығып жатқанда, сендер елге, жұртқа маскара болып қыздарынды бермексіндер! Ұялсандаршы!..

Т е р л і к б а й (*Ермекке*). Сөйлеме! Мені сен тергейтін бе едің? Сен билемекшісің бе? Әдепсіз, бұзылған сайтан!

С ә р с е н. Терлеке, не қыласыз, жай-ақ айтсаңызшы!

Е р м е к (*әкесіне*). Мен билемегенде Мүслимәні жылатамысың? Телжан балаң болса, Мүслимә балаң емес пе? Осы сөзді

естігеннен бері жылап жүр. Өмірі жылаумен өтпей ме? Соның көз жасы кімге болады?

Т е р л і к б а й (*ашуланып, Сәрсенге*). Осы не дейді? Осы бұзылған не дейді? Өмірі жылаумен өткені несі? Мүслимә неге жылайды? Ол бір жаманға, нашар орынға барайын деп отыр ма?

Ж ө м и л ө (*Терлікбайға*). Құдай-ай, қойындаршы...

Е р м е к (*әкесіне*). «Орны» не?.. Орны неге керек, ол арам жауыздың? Бұрынғы елді жегені ешнәрсе емес, тап биылғы елді жылатуы құр кетпес оның!

Т е р л і к б а й (*кекетін*). Ия! Сен қолыңнан келсе үйтпес едің.

С ә р с е н. Қойшы, қарағым Ермек, сен!..

Е р м е к (*қызуланып*). Неге қоямын! Мүслимәні мал орнына бергізбеймін!.. Ол менің қарындасым. Оның көз жасы маған қалады! Мен тас бауыр, мұз бауыр емеспін! Өздеріңнің туған бауырларың сарғайып, көзінің жасын көл қылып жүрсе, бауырларың жібір ме еді, жоқ па? (*Қатты.*) Айттым мен, өзім барамын Телжанның орнына қызметке.

Ж ө м и л ө (*көзін басып ақырын жылайды*). Жаным... қарағым...

Т е р л і к б а й (*ақырды Ермекке*). Оттама! Оттама, оттама деген соң!.. Сен приемға барсан да, бармасаң да қызымды беремін!.. Беремін, берем деген соң!

С ә р с е н. Терлеке, ашуыңызды басыңыз! Қойыңызшы, сіз!

Е р м е к (*әкесіне*). А-а!.. Телжанды қызметтен қалдыру емес, әшейін, қызынды қалыңмалға сату екен ғой! Биылғы елдің жақсылары сорлы халықтарды жылатып мал тауып жатқандарын көріп, қызын сатып мал табайын деген екен ғой? Жақсы!

Т е р л і к б а й (*орнынан ұшып түрегеліп ашуланып*). Оттама, енді! Шық үйден, кет менен! (*Сәрсенге қарап.*) Шығар мынаны үйден!.. (*Тістеніп.*) Бұзылған!..

С ә р с е н (*орнынан түрегеліп*). Қойыңыз... Терлеке, ашуыңызды басыңыз!.. Сабыр қылыңыз!..

Ж ө м и л ө. Ойбай-ау, бұл не деген сұмдық? Қойсандаршы, ойбай-ау!.. Жұртқа маскара болдық-ау!

Е р м е к. Шықпаймын! Шықсам біржолата кетемін! Кетсем тек кетпеймін!

Т е р л і к б а й (*Ермекке қарай ұмтылады, Сәрсен ұстайды*). Кет, кет деген соң, жүзі қара!.. Бұзақы!..

С ә р с е н (*Терлікбайды бөген*). Сабыр қылыңыз, Терлеке... Ермек қарағым, сен шығып кетші!



Е р м е к. Қайда кетемін өз үйімнен? (*Қызуланып.*) Мен қыз емеспін, айдауға жүре беретін! Ойбай салса да Мүслимәні Нөкербайға бергізбеймін! Не өлем, не өлтірем біреуді!

Т е р л і к б а й. Ойбай, мына бұзақы менің бетімнен алды! (*Сәрсенге.*) Шақыр ауылдың адамдарын! (*Ермекке.*) Кетемісің!.. Жоғал!.. Көрсетпе қаранды!.. Бердім теріс батамды!..

С ө р с е н. Ермек қарағым, шыға тұрмадың ба?.. Терлеке, тысқа шығайық... Ашуыңызды басыңыз... Не қыласыз...

Ж ә м и л ө (*түрегелін*). Ермекжан-ау! Қойсайшы, өкең ғой, қарағым-ау!..

Е р м е к. Қоймаймын! Рақымсыз өкенің маған керегі жоқ! Болыстарын шақырып келсін, көрейін!

Т е р л і к б а й (*ақырып*). Сөйлеме, дозақы!.. Онан да ауылда қаңғырып жүргенше, ана қалаға барсайшы, қара бет! Өзіндей оқығандар мал тауып жүр. Ал, сен дозақы, ауылға келдің! Ақымақ! Мені сен білмейсің! Мен қызымды берем деген кісіме беремін... (*Сәрсенге.*) Жүр, тысқа шығайық. Бұлардың сөздерінің бір тиынға керегі жоқ!.. Жүр! (*Есікке қарай жүреді.*)

С ө р с е н. Ия, тысқа шығып сөйлесейік. Жүріңіз!

Терлікбайдың кебісін салды, Терлікбай кебісін киді. Сәрсен етігін асығып киіп, екеуі тысқа шықты.

Ж ә м и л ө (*жыламсырап*). Құдай-ау, бұл не деген сұмдық? Бәтимаңікіне күлуші едім, енді өз басыма келді-ау!

М ү с л и м ө (*есіктен таңырқағандай қарап кіріп келіп, шешесіне нем ағасына қарап*). Немене?.. Не болып қалды?

Ж ә м и л ө. Несін сұрайсың, сен сорлы.

Е р м е к. Сен сорлыны – сатылу үшін туған сорлыны өкең қатын үстіне беремін деп жатыр! Бақытсыз сорлы-ау, не үшін тудың дүниеге?! Қайғыдан, қасіреттен басқа не көремін дейсін, сорлы? Өкеңмен құрбы, бір қатынды өлтіріп алған қатын үстіне бермек сені! Сенің осы сөзді естігеннен жылап, уһлеп жүргенінді біліп, туғалы бетіне келмеген өкеммен ұрыстым. Сенің сел болып аққан ащы жасың, сенің «уһ» дегенде көкіректен жалын шығарған қасіретін жалғыз-ақ батады маған! Саған жалғыз-ақ менің жүрегім елжіреді!..

Ж ә м и л ө (*жылап Ермекті құшты*). Жаным!.. Жаным!.. Бауырмал, жаным!..

Мүслимә (*Ермек сөйлегеннен төмен қарап, үндемей жылап, көзінің жастарын сүртіп тұрған, енді Ермектің қасына келіп, қаттырақ жылап жібереді*). Бауырым! Аға-кем! Мен сорлыны не қыласың! Не қылатын едің мен үшін жанжалдасып, жексұрын болып!.. (*Ермекті құшып, өксіп жылады.*)

Ермек (*өзі де жылап, басын жоғары көтеріп*). Жыламаңдар!.. Жылама, Мүслимәжан! Жыламаңдар! Жылама, жаным, жылама!..

Шымылдық.

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Терлікбайдың үйі. Кроватьтың алдындағы үстелге тігін машинасын қойып Мүслимә отыр.

Мүслимә (*бір хатты қалтасынан алып оқыды*). «Мүслимә! Мен көп айтып не қылайын, айтылып жүрген сөз ғой өзіңе. Сен үшін әкемнің, шешемнің тілін алмай, оларға жексұрын болып, айттырған, қалын беріп қойған қыздан бездім. Өзің біл, уәдең бар еді. Мен әлі де болса сен үшін бір басымды құрбан қылуға даярмын. Бір жауыздың «атағына», малына сатылсаң, әкенің әмірінен аса алмасаң ерлік қайсы? Айтылған сөздер, уағда қайсы? Сен өлген жерде өлем дейтін махаббатты сөздер қайсы? Мүслимә! Бу белінді тәуекелге! Уәделі жерінді, уақытыңды айт, мен даяр! Өмірлік, мәңгілік досың Біржан...» (*Хатты оқып болып, аз ойға кетіп.*) Жаным, жаным, қош! (*Хатты өбіп-өбіп, қалтасына салады.*) Қайтейін, құдай жазбаған шығар!.. (*Бір қолымен үстелге шын-тақтап, жағын таянып.*) Біржан!.. Біржан!.. Мені бір иттің байлығына, атағына сатылды деп ойларсың-ау! Жок, жаным! Өмірімде жалғыз-ақ сені сүйіп едім, сенің маған бір қарағаның күллі дүниенің қызығын көз алдыма келтіруші еді!.. Шақырасың мені, бір басынды менің жолыма құрбан қыламын дейсің... Нанамын, жаным! Нанамын!.. Бірақ әкенің айдауында қалдым. Сенімен кетсем Терлікбайдың қызы бұзылды дейді ғой жұрт. «Бұзылған қыз» деп әке-шеше теріс қолын жаяды ғой. (*Үстелдің жанында тұрған сандықты ашып, қарындаш, қағаз алып, қысқа қылып жазып, хатты бүктеп қалтасына салады. Тағы да жағын таянып, бос қолымен орамалын алып көзінен аққан жастарын сүртіп қойып.*) Я, құдай! Туған әке туған қызын ұлындай көрмейтін болған соң, не

үшін жараттың сорлы қызды? Қанша жауыз, надан болса да еркекті би қылып, әйелді қор қылып не үшін жараттың? Я, құдай! Жаратқан да өзін, қасіретке, қайғыға салып күйдірген де өзін! Неге жараттың мені? Бір жауыз ит үшін жараттың ба? *(Бас көтеріп, жоғарырақ қарап.)* Я, әділ құдай! Жауызға болысқаның ба?..

Жұ маш *(кіріп келеді. Жыртық шапанын жыртық тері шалбарға шалбарланған, басында жыртық тымағы бар. Жауырынын қимылдатып, қышынып).* Мүслимәжан, сені апаң шақырады.

Мүслимә. Қайда?

Жұ маш. Тыста.

Мүслимә *(ақырынырақ).* Манағы жігіт отыр ма?.. Хат әкелген жігіт?..

Жұ маш. Отыр... Сөз қайырсаңшы, бір сөз алмай кететін емес. *(Жауырынын қимылдатып қышынып, амырауына қолын тығып қасынады.)*

Мүслимә. Жарайды... *(Тұрып Жұмашқа қалтасынан хатты береді.)* Маған өкпелемесін, әке-шешеден аса алмады деп. Бірақ менің өл-өлгенімше көңлім сонда. Уһ! *(Күрсініп, ілулі тұрған шапанын, бөркін алып киіп, шолпылы шаштарын сыртына тастап, кебісін киіп шықты.)*

Жұ маш *(шыққан Мүслимәнің артынан аяныш көзбен қарап, басын шайқады).* А-а-ай, Терлікбай-ай! Оңбассың-ау! Дүниеде тоймаған көзіңе өлгенде топырақ құйылар-ау! *(Шалбарының екі мықын кезінің ышқырын ұстап ырап, жоғары көтеріп, қышынып шықты.)*

Терлікбай *(алқыныңқырап кеп кірді).* Уһ, құдай-ай! Тағы да шатақ қылар ма екен мына қу бала? *(Жәмилә кіріп келеді.)* Жәмилә, сен әлгі қу балаңа айтшы: қойсын енді қиқаның. Кісілер келгенде не мұнда тіпті отырмасын; ал, отырса әдеппен отырсын. Болыстармен бірге Иса қалпе де келеді дейді. Қалпенің көзінше шылым тартпасын, шашын үрпитіп жалаңбас отырмасын. Молданы көргенде жыны ұстап кететін оның.

Жәмилә. Жарайды, айтайын... Өзі де шылымды көп тартпайтын, шашы демесең. Әйтеуір сенен сұрағаным: тағы да балаңмен ұрсысып, жұртқа маскара бола көрмендер. Әсіресе, мына жақсы кісілер келіп отырғанда.

Терлікбай *(қолын сілтеп).* Ә-ә, жүре берші, ақыл үйретпей!.. *(Жәмилә шықты. Терлікбай есік жанында тұрған әбдіреге отырды. 1) өзіне.)* Анау күні келгенде батасын қылып, малын алып қоятын

едік... (*Созып, баптап сөйлеп.*) 47 қара аз мал емес! Әлгі қу бала ақымақ: Нөкербайдай кісіге қыз бермеймін дейді! Байлық анау!.. Тәңір берген бақ анау! Терлікбайдың күйеуі кім?– Нөкербай болыс!.. (*Нөкербай дегенде даусын зорайтып, басын көтеріп қояды.*) Нөкербайдың қайны кім? Терлікбай! (*Тағы да даусын зорайтып, күлімдеп.*) Әй! Терлікбай келеді! Терлікбай келеді! Күйеуінікіне, болыстікіне! Ай! Бар, хабар бер болыстың қатынына! Әкесі келеді, Терлікбай келеді! (*Шаттанып күледі.*) ha-ha-ha-ha!.. Және өнеугі Құдабайдан алған сүр жорға атын алсам!.. Ә?.. Келетін уақыттары да болды-ау! Тысқа шығайыншы!.. (*Шықты. Үй аз бос тұрады.*)

Ер м е к (*бір түрлі назаланған. Кіріп есік жағындағы әбдіреге отырды. Екі алақанымен бетін басып, төмен қарап, күйініп: «уһ!» деп күрсініп, тез басын көтеріп алып, қарсы алдына ружтана қаран*). Я, құдай! Көз жасын көрмегенің бе, сорлы қыздың? Не үшін жараттың сорлыны?.. Мүслимә жаным! Кімге жыларсың? Кім сенің жылаған көз жасына назарын салар? Кімге батар сенің қайғылы, жалынды жанған қасіретің? Кімнің жаны ашыр саған? Кім сөзінді тындар? Басыңа қайғылы қара бұлт үймеледі-ау! Қалың қазақтың ішінде жүріп басыңа қасіретті жалғыздық түсті-ау! Жаным, кімге жыларсың?!

Ж ө м и л ө (*кіріп келіп, Ермекке аяныш көзбен қаран*). Ермекжан? Не ғып отырсың, жаным?

Ер м е к (*есін жытып алаңдай қымсынып қалып*). Жай!.. (*Кекетіп*) Құдаларың келді ме?

Ж ө м и л ө. Білмеймін. Келеді деп жүр ғой... Жаным, әйтеуір енді өкенді ренжітпе. Болса да болары болды ғой. Қайтейін Мүслимәжанның жылағаны маған да батады. Қолдан не келеді, жаным, қарағыма құдайдың жазуы шығар. Өкенді ренжітпе, теріс батасын берер. Қайтейін, маған да оңай емес. Тудырдым, өсірдім сендерді: түндерде ұйқымды төрт бөліп, көзімнің ағы мен қарасындай әлпештеп, есіркеп, бір сендердің тілектерінді тілеп өсірдім. Қайтейін, бір жағынан Мүслимә мен екеуіңнің күйгендерінді көріп күйемін. Бір жағынан өкеннен аса алмаймын. Қайтейін, екі оттың ортасында мен күйдім. (*Көзінің жасын жеңімен сүртеді.*) Болыстармен бірге Иса қалпе де келеді дейді. Белгілі тақау кісі ғой, әйтеуір алдында шылым тартып, шашынды көрсетіп жалаңбас отыра көрме!

Ер м е к. А-а, ол кісі домбыраны да жақтырмайтын шығар?

Ж ө м и л ө. Ия, әрине!..

Е р м е к. Көрермін. Мүслимә қайда болады (*Кекетін*) күйеулер келгенде?

Ж ә м и л ө (*ренжіп*). Үлкен үйде болмай ма?..

Е р м е к. А-а, солай ма!.. Мынау, апа! Болса да Мүслимәні жылатып беретін болды ғой, маған енді, бүгінше пәлен қыл, түген қыл демеші! Сенен сұрағаным!

Ж ә м и л ө. Жаным, әйтеуір сен кісілердің көзінше өкенді ренжітпе! Ақылың бар еді ғой!

Е р м е к. Жарайды. Өзің ренжіме.

Т е л ж а н (*кіріп келеді, сасып*). Болыстар келді! Нөкербайлар келді, үй тазаласын, көрпе салсын дейді.

Ж ә м и л ө (*састы*). Ойбай, келіп қалды ма? Көрпе салайын. Сен бара бер, сен де, Еремекжан... (*Телжан шықты. Жәмилә жылдам екі-үш көрпені салды. Кроватьтың қасында тұрған домбыраны көріп.*) Мынаны тығып қояйыншы! (*Домбыраны алып кроватьтың жанындағы шымылдықтың жиылған етек жағына тығып қойды. Еремек шықты. Жәмилә сасып, салған көрпелерді жөндеп кроватьтың алдына келіп тұрғанда Терлікбай есік ашты.*)

Т е р л і к б а й (*Жәмиләға*). Көрпе салдың ба?..

Сәлем беріп Иса қалпе, алдында би, болыс, старшын, тілмаш һәм басқалар кірді.

Жоғары шығыңыздар!..

Шабарман, Телжан кісілердің етіктерін тартып шешкізіп, кісілер жоғары шықты, бәрі Жәмиләмен амандасты.

Қ а л п е. Амансың ба? Мал-жаныңыз аман ба?

Б о л ы с. Шаруаңыз аман ба?

Б и. Күйлісіз бе, қора-қопсыңыз аман ба?

С т а р ш ы н. Шаруаңыз аман ба?

Т і л м а ш. Саламатсыз ба?

Ш а б а р м а н. Мал-жаныңыз аман ба?

Барлығы жамырап айтады.

Ж ә м и л ө (*қонақтар отырған соң, бір тізерлеп отырып, ақырын*). Шү-кір... шү-кір...

Т е р л і к б а й. Сапарларыңыз қайырлы болсын.

С ә р с е н. Сапарларыңыз қайырлы болсын!

Қ а л п е. Инша алла, айтқандарыңыз келсін!..  
Саламатсыздар ма?

Б и. Мал-жаныңыз аман ғой, Терлеке?

Т е р л і к б а й. Шүкір аллаға! Өз мал-жандарыңыз аман ба?..

Қане, енді тағамға қарайсыздар ғой?

Қ а л п е (*би, болыс екеуіне қарап*). Қайдам... Асығыс болмаса?..

Б и. Жоқ, Терлеке, алда риза болсын! Тіпті асығыс барамыз, ертең қалада болу керек. Начальниктің «үскірігі» солай, өшейін, сізге жолығып амандаса кетейік деп бұрылды. Мына Иса-екен бар...

Т е р л і к б а й. Тым болмаса шайға қараңыздар сонша асығыс болса да.

Б о л ы с (*биге қарап*). Қарасақ қарайық...

Б и. Дұрыс ендеше...

Т е р л і к б а й (*қатынына*) Тез қайнатқызып жібер енді...

Ж ә м и л ә (*есік алдында тұрған Телжанға*). Жылдам шай қойдырып жіберсін, Жұмашқа айт.

Телжан «Жарайды» деп шықты. Ермек кіріп келіп әбдіреге отырды.

Т е р л і к б а й (*ала көзімен Ермекке қарап*). Сәлем беріп пе едің мына кісілерге?

Б и. Берген. Амансың ба, Ермек?

Е р м е к. Шүкір аллаға...

Конактар белбеулерін, бірсыпыра сырт киімдерін шешісті.

Қ а л п е (*Ермекке*). Саламатсыз ба?

С т а р ш ы н. Мал-жан аман ба?

Б о л ы с. Амансың ба?

Т і л м а ш. Саламат па?

Ш а б а р м а н. Мал-жан аман ба?

Е р м е к. Шүкір... шүкір аллаға... (*Бөркін алып жалаңбастанады*.)

Т е р л і к б а й. Жастарды «приемға» апарасыздар ма?

Б о л ы с. Ия, біраз кісі апарамыз...

Т е р л і к б а й. Қанша кісі апарасыздар?

Б о л ы с. Жиырма, отыз болар бұл жолы.

Б и. Бұл аз ғой. Көбі қалып жатыр ғой, о ғып, бұ ғып, әуелі мұның көбі де жас, ауру.

Т е р л і к б а й (*жылы жүзбен*). Біздің Телжанды неменеге жазып кетесіздер?

Б и. Қайдам... (*Болысқа қарайды*.)

Б о л ы с. Жемшікке жазармыз деймін.

Е р м е к. Осы приемға байдың балалары бара ма?

Т е р л і к б а й (*баласына жаман көзбен қарап*). Не дейді?

Есіктен екі кісі сәлем беріп кіріп келеді.

Е к і к і с і. Ассалаумағалайкум!

Ү й д е г і л е р. Уағалайкімассалам!

Б и (*келген кісілерге қарап*). Ә! Бәсе, келдіңдер ғой!

Е к і к і с і н ің ү л к е н і (*мағыналы қылып*). Ия, келдік.

Б и (*ол да мағыналы қылып*). Жарайды! Жақсы.

Е к і к і с і н ің ү л к е н і (*мағынамен*). Ия, жолығып кетсеңіз...

Б и. Жарайды, жолығайық. (*Болысқа басын таяп, сыбырлап, анықтап*.) Біреуінің баласы, біреуінің інісі ғой. Жемшікке жазайық. Екеуі 600 сом береді. (*Қатты, анықтап*.) Сөз біткен!

Б о л ы с (*анық қылып*). Ия, жарайды... аз болмаса?

Б и. Болар (*Екі кісіге*.) Қане шығайық...

Бидің етігін әпереді, би күпісін жамылып екі кісімен шықты.

Т е р л і к б а й (*болысқа*). Приемға баратын балалары бар ма еді?

Б о л ы с. Ия. Жемшікке жаздырмақ болып жүр... (*Тілмашқа қарап сыбырлап, анықтап*.) Манағыны жазып алып па едің?

Т і л м а ш. Жазып алғамын... Онан соң, біреуінің орнына бала кіргізбек болдық қой?.. Киіздерді ауылға жібердім.

Б о л ы с. А-а... жарайды. (*Старшынаға*.) Әлгі кілем жақсы ма екен?..

С т а р ш ы н. Жақсы көрінеді.

Есіктен би һәм екі кісі кіріп, би төрге шығып, екі кісі есік алдына отырады.

Е р м е к (*екі кісіге*). Қанша малдарынды сатып шыбын жандарынды алып қалайын деп жүрсіндер?

Екі кісінің үлкені. Ойбай, қарағым, несін сұрайсың!  
Ермек. Азамат балаларыңды жұмыстан алып қаламын деп бар малдарыңнан айрылып жас балаларыңды аштан шулатасындар ғой, ә-ә?!

Терлікбай (баласына). Сенің не жұмысың бар?

Ермек (кекетіп, күлімсіреп). Ия, менің не жұмысым бар?

Жұмаш (ас үйден кіріп келіп). Шай даяр болды.

Екі кісінің үлкені (би мен болысқа). Біз енді жүре берелік?!

Би. Ия, жүре беріндер енді...

Екі кісі (тұрып). Қайыр енді... қайыр енді... (шықты.)

Жәмилә (манадан байы мен баласын аңдып қорқып отырған, Жұмашқа). Өзін жасай ғой...

Жұмаш шалбарының ышқырын екі мықынынан изеп қасынып, жоғары көтеріп қойып, ас үйге, кейін шықты. Жәмилә да шықты.

Би (созып). Ия! Енді өз шаруамызды сөйлей отыралық, Терлеке! Анаугіден бері, әйтеуір, алыстан сөйлесіп, сөзді пісіргендей болдық қой. Енді мына қалпе бар, қазақша бата қылып, әйтеуір балаңызды болысқа беретін болған соң, күйеушілеп жүретін емес, Терлеке, уақыт белгілейік деп едік. Солай ма, Иса-еке?

Жұмаш ас үйден тезірек шай жабдықтарын әкеліп жасайды, Жәмилә бауырсақ, май алып келіп үстелге қойғызып, өзі орнына отырады.

Қалпе. Ия!..

Ол арада Ермек тығулы тұрған домбыраны алып құлақтарын бұрап даңғырлатып шерте бастайды. Терлікбай, қалпе бір-біріне қарасып қояды. Жұмаш самауырды кіргізіп құя бастайды.

Терлікбай (шайды құйып жатқан Жұмашқа). Тез құйып жібер, шырағым, шығара құй... (Биге.) Біткен істің несін айтасыз... Уақытты өздеріңіз қашан десеңіздер сонда болады...

Жұрт құйылған шайды ішіп жатыр. Жұмаш қасынады.

Тілмаш (шайды ішпестен). Мен тысқа шығып келейінші! (Ермекке келіп сыбырлап, қатты анықтап.) Тысқа шығып шылым тартпайсыз ба?



Е р м е к (*қатты*). Осында тартса қайтеді?

Т і л м а ш. Ойбай, ана қалпенің көзінше жарамайды.

Е р м е к. Жок, мен шықпаймын!

Т і л м а ш (*шабарманға*). Жүр, тысқа шығып келейік. (*Тілмаш, шабарман шықты.*)

Б и. Ермек, шайға кел.

Е р м е к. Рақмет. Мен шай ішпеймін.

Б и. Бізбен бірге қалаға жүрмейсін бе, Ермек? Қалаға школга, учительдікке жақында жүреді деп еді?..

Е р м е к. Ия... Бірақ сіздермен бірге бара алмаспын. (*Ермек шылым тарта бастайды.*)

Б и. Осы менің ойымша, учитель болғанша да, тілмаш болып туған пайдалы деймін. Тілмаш болғандар осы лезде-ақ малданып байып кетіп жүр ғой. Осы Қойлыбайдың баласы өуелі жап-жалаңаш кедей еді, енді тіпті, ханға сәлем бермейтін болып кетіпті.

Е р м е к. Ия. (*Езу тартып, кекетіп күліп.*) Сіздерге біреуді біреумен атыстырып, шағыстырып, жұртты алдап соға берсе жақсы кісі болады ғой. Ондай өнер біздің қолымыздан келмейді. (*Ешкім үндеген жоқ.*)

Т е р л і к б а й (*шылым тартып түтінді будақтатып, домбыраны шертіп отырған Ермекке*). Таста шылымды!

Е р м е к. Тартып болған соң тастаймын ғой.

Т е р л і к б а й. Тартсаң кетіп тарт! Бөркінді неге киіп отырмайсың?

Е р м е к. Басым тоңып бара ма, шашым бар... (*Ұзын шашын сипап қояды.*)

Т е р л і к б а й. Әдепсіз!..

Б и. Не қыласыз, Терлеке!

Қ а л п е. Шырағым, атаңызды ренжітпе! Және жасы үлкен кісілердің алдында әдеп сақтаған абзал. (*Жұрт қарасуда.*)

Е р м е к. Мен үлкен кісілердің алдында ешбір әдепсіздік қылған емеспін, молле-еке!

Т е р л і к б а й (*кекетін*). Бұл істеп отырғаның әдептілік қой?!

Тілмаш, шабарман кіріп отырады.

Е р м е к. Молле-еке, әдеп деген не нәрсе!

Қ а л п е. Әдеп деген шарифатқа муапық болмаған нәрселерді істемеу. Екінші, жасы үлкен кісілердің алдында кішілік қылу.

Е р м е к (*күліп*). Жақсы болды! Менің бұл шылым тарқанымнан, жалаңбас отырғанымнан еш зиян келе ме, соны айтыңызшы?

Қ а л п е. Еш зиян келмейді, ләкин, бұл істеріңіз шарифатқа муапық емес.

Е р м е к. Жарайды. Кісі шарифатқа муапық болмаған істі істемейді, акиретте тәңір алдында дүзі қара болмас үшін ғой, солай ма?

Қ а л п е. Солай. Ия.

Е р м е к (*күлімсіреп*). Ал мынадай кісілер тәңір алдында жап-жақсы болып, ұжмаққа бара ма екен, мәселен: ел билеген болып, начальниктің шабармандарының құлы болып, өз еліне «болыс-еке», «би-еке», ұлық болып, жұртқа ауыр іс түскенде ел-жұртты, нашарларды зар жылатқан мырзалар! Екінші, молда болып желдей есіп, шарифат айтқан болып, болыстармен бірігіп нашарларды жеген, сырты тап-таза тақуа «молда-екелер!» өзінің баласын, туған қызын мал үшін, ел жеген жауыздарға сатқан отағасылар, міне осылардай кісілер мақшарда тәңір алдында жарқырап ұжмаққа кіреді ғой, солай ма?

Жұрт шыны-аяқтарын төңкерісіп, төмен қарасады.

Қ а л п е. Шырағым, сенімен сөйлеспейік, жассың ғой.

Е р м е к (*шылымды бұрқыратып, домбыраны шертіп күлімсіреп*). Әрине сөйлеспейсіз!

Т е р л і к б а й (*қатты буынып ашуланған.*) Қысқарт енді, әдепсіз! Сөйлесерміз әлі!..

Б и. Не қыласыз, Терлеке!.. Біз енді атқа мінейік... (*Жолдастарына.*) Қане, енді атқа мінейік, кеш болып қалар!..

Т е р л і к б а й. Менің енді айтар сөзім жоқ. Қашан десеңіздер де мен даяр. Баламды беремін. (*Ермекті көрсетіп.*) Мына әдепсіз бұзылғанның сөзіне қарамаңыздар!

Б и. Ой, құдай-ай, қойыңызшы! Ермек, ол өзі де ақылына келеді, әлі... Қане, қалпе, бата қылыңыз енді! (*Қалын жаяды.*)

Қ а л п е. Илаһи амин! (*Ермектен басқаларының бәрі қолдарын жайып.*) Алла ақпер! Қайырлы болсын!..

Б и. Қайырлы болсын! Қане, енді кош айтысамыз...

Ермектен басқаның бәрі тұрады.

Т е р л і қ б а й. Қайыр енді! Сөзіміз сөз...

Б и. Ия. Міне қаладан келгенше қамдана берсеңіз... (*Болысқа.*)  
Солай ғой?

Б о л ы с. Әрине, солай ғой... (*Жалдастарына.*) Қане, етіктерді!

Бәрі киініп, шабарман қалпеге, болысқа, биге етіктерін әперіп, кигізіп, бәрі Жәмілөге һәм Ермекке «қош» айтысып шықты. Үйде жалғыз Ермек қалды. Домбыраны қолымен иегінің астына қойып сүйеніп ойға қалды. Есіктен Мүслимә кіріп келіп, ақырын, жай кебісін тастап, Ермектің қасына келді. Ермек Мүслимәге мойнын бұрып бір түрлі аяныш көзбен қарады. Мүслимә бір түрлі аянышты, мұнайған. Ермектің қасына әбдіреге отырып, Ермекті оң қолымен құшақтап, басын Ермектің иығына сүйеп жылайды... Ермек сол қолымен Мүслимәнің шашын сипап, маңдайынан сүйеді.

Е р м е к (*қарсы алдына көзін тігіп, рухтанып қарап*).  
Жылама! Болаттай мықты бол! Сені адамға санаған ешкім жоқ! Бірақ біл, бақыт – шын махаббатта, шын сүюде! Бақытсыз өмір, қайғылы қара түн! Бақыт, сүйгеніне, теңіне қосылуда! Талас, жіберме бақытыңды! Мен жанымды сен үшін ортаға салдым!.. Сені әкеңнің бір жауызға беретін сылтауы Телжанды қара жұмыстан қалдыру, мен барамын Телжанның орнына. Бірақ сен сүйгеніңе, сен теңіңе қосыл! Сен бақытты бол.

М ү с л и м ә. Жок, Ермек, саған менің жаным риза. Менің шын бауырым, шын туғаным сен, Телжанның орнына бармай-ақ қой. Бәрібір, барсаң да мені беріп жібереді.

Е р м е к. Жарайды... Ендеше, ұялма менен. Сенің досың да, бауырың да мен. (*Мүслимәнің шашын сипап.*) Сенің Біржан теңің. Мен білемін көптен көңілдерің бір бірінде бар екенің. Ұялма менен, сырыңды айт. Бар күшімді салдым сенің жолыңа, ұялма, айт!..

М ү с л и м ә (*жылағанын басыңқырап, ақырын*). Менің... менің Біржанда көңілім бар екені рас... сүйетінмін... О да солай, бірақ оке-шешемді ренжітпеймін деп мына берейін деп отырған жерін қанша жек көрсем де, қанша қайғырсам да, құр жүруші едім. Бірақ мен үшін сенің қайғырғаның батушы еді маған. Енді мен сенің не істегеніңнің бәрін істеймін. Менің жалғыз жанашыр шын бауырым, (*жылайды*) шын бауырым, сен!.. (*Ермекті құшып қатты жылайды.*)

Ермек (*Мұғлимаңның шашын сипап, бетін басына тигізіп, өзі де жылайды*). Жаным!.. Жаным!.. Жылама! Мен құрбан сен үшін! Мен тірі болсам, мен тірі жүрсем жылатқызбасын сені!.. Жылама, жаным!..

## ШЫМЫЛДЫҚ.

### ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Терлікбайдың үйі. Үйде төр алдында отыр. Қалпе, би, бір жолдасы. Оң жақта: Терлікбай, Сәрсен, Мұса, Жәmilә, кроватьтың жанындағы әбдіренің үстінде Ермек отыр. Ас үйдің есігінен қарап Жұмаш және бір жігіт тұр, бастарын енгізіп.

Терлікбай (*созыңқырап*). Солай!.. Ат-көліктеріңіз аман-есен қайттыңыздар! Қаладан қашан шықтыңыздар?

Би. Алдыңғы күні шықтық.

Терлікбай. Нөкербайлар қайда?

Би. Бүгін қонаға осы ауылдан табыспақшы еді. Олар да келіп қалар аман болса!

Ермек ас үйдің есігінен қарап тұрған Жұмашқа бірденені сұрағандай қарады. Жұмаш: «жоқ» дегендей Ермекке қарап басын шайқайды.

Мұса (*қалпеге*). Қалада не бөтен сөз бар?

Қалпе. Қаладан әңгіме көп, дәл біз жүрерде арғы жақтан патша ағзам тағынан түсті деген телеграмма келіп, қала осы астанкестен болып қалды. Жұрт осы шабысуда.

Ауыл кісілерінің бәрі құлақтарын тіге қалады.

Терлікбай. Не дейсіз? Патша тағынан түсті деген хабар келді дейсіз бе?

Қалпе. Ия.

Терлікбай (*тамсанады*). Ә!.. Мынау жалған болмаса үлкен тамаша шығар?! Ауру болып «істепке» (отставка) беріп түскен шығар?

Мұса. Ғажап!.. Жай хабар болмаса? Не ғып түседі ол?

Сәрсен. Япырау, оның баласы жас демеуші ме еді?

Ермек (*биге*). Телеграмма кімге келген екен?

Б и. Телеграмма кімге келгенін білмеймін. Әйтеуір, біз жүрейік деп атқа мініп жатыр едік, біреу келіп айтты: қазарманың алдында көп жұрт жиналып жатыр деп. Барсақ, солдаттар қызыл ту көтеріп, бір-екеуі телеграмманы биікке шығып оқып тұр екен. Оқып жұртқа айқайлап айтып тұр екен. Бір жай орыс және бір солдат қазақша перевод қылып тұрды.

Ж о л д а с ы. Шіркін-ай, қазақшаға жетігі-ай сол орыстың!

Б и. Ия, өзі өзге орыстардай емес, сөзі қазаққа жағымдысы-ай!.. (*қалпеге қарап*). Тіпті өзі: «Ей, қазақтар, ей, мұсылмандар, енді бір атадан туғандай болайық...» дейді-ау!?

Қ а л п е. Ия...

Е р м е к. Сөйтіп, жұрт не десті?.. Солдаттар не дейді?

Б и. Білмеймін, әйтеуір, күллі солдаттар, бас орыстар, ноғайлар, қазақтар бар – бәрі жиналып қазарманың алдында біраз тұрып, бір биікке шығып әрқайсысы айқайлап сөйлеп, сонан соң қазарманы тастап управаға келіп сөйлесті. Сонан соң бәрі мешітке келіп сөйлесті. Біз әйтеуір ат үстінде жүріп солардың даң-дүң қызықтарын көріп жүрдік. Әйтеуір ұққан сөздеріміз: патша түсті, бәріміз енді «граждан» болдық. Патша жұртқа қиянат қылып баққан еді дейді.

Б а л а (*есіктен кіріп келіп*). Болыстар келіп тұр...

Т е р л і к б а й. Немене?..

Б а л а. Қақпаның алдында болыстар келіп тұр. Мені айт деп жіберді.

Т е р л і к б а й. Әһә!.. (*Жәміләге*). Біржолата үлкен үйге түсірсе қайтеді?

Ж ә м и л ө. Ия, сөйтсін.

Б и (*қалпеге*). Олар да келіп қалғаны ма?..

Қ а л п е. Ия.

Жұмаш пен Ермек тағы да қарасады.

Т е р л і к б а й. Ал ендеше, ей, Жұмаш, ана үлкен үйге барып кісілер баратын қылып жөндете бер. Сәрсен, Мұса екеуің де шыға беріндер. Біз де сонда барамыз.

Жұмаш пен қасындағылар, жігіт бәрі жоғалады. Сәрсен, Мұса, бала шығады.

Айыпқа бұйырманыңдар, молдеке, би, біз де сонда барайық!

Қ а л п е. Жарайды... Әбден...

Б и. Ия, бәріміздің бір жерде болғанымыз жақсы.

Т е р л і к б а й. Жарайды. Ендігі әңгімені сонда барып құрайық. Қане! (*Қонақтар тұрады. Қонақтардың жолдасына.*) Шырағым, ана етіктерді ал! (*Жолдасы киімдерін жамылған қонақтарға ішіктерін әпереді. Олар киіп тұрысты. Жәмілге.*) Сен өзін де сонда жүр, ондағы келін бізге көрінбейді ғой.

Ж ә м и л ө. Жарайды, барайын. (*Қонақтары һәм Терлікбай шықты. Ермекке.*) Ермекжан, сен үйде отыра тұр, Мүслимә келгенше.

Е р м е к. Жарайды... (*Жәмілө шығады.*) Я, құдай! Жауыз патша тақтан құласа, патшалықты халық қолына алса, ашылар көзі сорлы халықтың! Теңдік тиіп, бақыттары ашылар қазақтың сорлы әйелдерінің!..

Мүслимә кіріп келіп, қамығып жан-жағына, Ермекке қарайды.

Немене, жаным, естідің бе, патшаны тақтан түсіргенін? Енді күллі орыс мемлекетіндегі жұрттың бәрі тең, бірдей ерікті! Қазақтың сорлы әйелдеріне де теңдік тиер. (*Рухтанын.*) Сатқызбас енді оларды жылатып!

М ү с л и м ө (*қуанып, ғажаптанып, Ермекке қарай жүреді.*) Қойшы... Тек айтқаның келсін! (*Ермектің қасына келіп тағы мұңайыңқырап отырады.*) Патша тағынан түскенде, қазақтың сорлы әйеліне не теңдік тиер дейсің?!

Е р м е к (*қуанып*). Үндеме!.. Ашылар көздерін, жоғалар надандық құлдығы! (*Ақырын, анықтап.*) Біржандардан дыбыс жоқ па?

М ү с л и м ө (*ақырын, анықтап*). Жок әлі...

Ж ұ м а ш (*кіріп келіп, үйдің жан-жағына қарап, жасырын, анықтап*). Біржандар келіп тұр...

Мүслимә селк ете түскендей болып, біресе Ермекке, біресе Жұмашқа қарайды.

Е р м е к (*ұшып түрегеліп*). Қай жерде?..

Ж ұ м а ш. Есік алдында, талдың түбінде...

Е р м е к (*асығып*). Тұра тұр!.. Енді мұнда ешкім келе қоймас! Мына (*кекетіп*) болыс, билер мен қалпесі бар, бәрі «құдалар» болып әңгімеде отыр ғой! Сен Біржанды мұнда шақырып кел.

Біреуі аттарының, шаналарының қасында қалсын... Мүслимә мұнда керек нәрселерін ала берсін. Сен киін, Мүслимәжан! Даярлан!..

Мүслимә (*сасып*). Ойбай-ау, қалайша? Біреу келіп қалмай ма?

Ермек. Ешкім келмейді! Апам келсе үндемес... Қорқатын ешнәрсе жоқ! Енді сені қалай қылсам да жөнелтемін. Жалғыз-ақ осы жерден тез бір шығып кетсендер, қалаға барған соң енді бостандық!

Есік ар жағынан тықыр шығып, бәрі құлақтарын сала қалады.

Болыстың шабарманы (*кіріп келін*). Кеш жарық! Ермек. Ә! Ешкің арық! (*Шабарманның қасына барып*.) Ә, аман ба! Немене?

Шабарман. Мал-жан аман ба?.. Біздің болыстар мұнда келген жоқ па?

Ермек. Келді. Міне үлкен үйде отыр. Сен қайдан келесің?

Шабарман. Қаладан.

Ермек. Қаладан? Не хабар бар? Патша түсті деген не?

Шабарман. Ойбай, тамаша! Әдейі болыстар мені қалаға тастап кетіп еді, патша түсіпті. Ұлықтарды қара бұқара халық солдаттармен бірігіп абақтыға салғанын, абақтыға салып, тергегенін тергеп жатыр... Айтпақшы, саған бір хат беріп еді-ау! (*Қалтасынан бір конвертке салған хатты алып Ермекке беріп*.) Әлгі Тұрсын деген учитель берді.

Ермек. Ә-ә!.. Жарайды! Енді оқиғаның бәрі мұнда анықталып жазылған шығар. Сен енді анау үлкен үйге бара бер, қазір шай ішіп жатыр, шайдан құр қаларсың.

Шабарман. Ә-ә, ендеше тұрмаймын. (*Шығады*.)

Ермек (*хатты ашып дауыстап оқиды*. Мүслимә, Жұмаш тыңдап тұрады). «Ермек! Құдай берді, Николай тақтан құлады. Телеграмма үстіне телеграмма келіп жатыр. Петроградта күллі қан ішкіш министрлер абақтыға қамалды. Күллі жұмыскерлер, солдаттар, бұқара халық бірыңғай. Үкімет билігі халық қамқорларының қолында. Мұнда комитет ашылды. Оған әр жұрттан кірді. Мен жуан ішінде. Мұндағы ұлықтардың көбі қамалды. Қазақтың қанын сорған начальниктердің бәрі түсті! Һәм болыстарды, билерді, старшындарды түсіріп, тергеуге алуға комитет қаулы жасады.

Міне, құдайдан тілеген ерік, теңдік туды! Нашарлардың, теңдік көрмей жылап жүрген сорлылардың көзі ашылар! Құтты болсын бостандық! Өзің бұл сөзді халыққа түсіндіріп айт. Омбыдан Сәтбек келеді. Телеграмма бар. Нұра школына кісі жіберіп «Біржанға да тез хабар бер. Екеуің тез қалаға жетіндер! Өзің тез-тез жет, бек керексің. Сені учительдердің жалпы жиылысы комитетке сыртыңнан сайлап еді, өзі келсін деп тоқтатты. Тез кел! Қош!

*1917 жыл, 3 март, Тұрсын.»*

*(Ермек хатты оқып тұрғанда «міне естідің бе?» дегендей теңселіп Мүслимәге, Жұмашқа кезек-кезек бұрылып тұрды. Хатты оқып жатып рухтанып.)* Я, құдай, мұндай шаттық қуанышты күнге жеткізеді екенсің-ау! *(Мүслимәге.)* Міне, естідің ғой!.. Енді зорлық қылу онай емес! Енді қорқатын ешнәрсе жоқ! Бар, Жұмаш, тез мұнда Біржанды шақырып кел. Үйден жөнелтейік. Біреуі аттардың қасында қалсын. Бар...

Ж ұ м а ш. Ол арада біреу мұнда келіп қалмас па екен?

Е р м е к. Келмес, бара бер. Тез бірақ! *(Жұмаш шығады.)* Мүслимә, тұрма енді! Киімдеріңді ал! Даярлан!

М ү с л и м ө *(жан-жағына қарап сасыңқырап).* Киімнен басқа не керек?

Е р м е к. Ешнәрсе керек емес. Қоржын қайда? Артық киімдеріңді соған салып ал.

М ү с л и м ө. Сен есікке барып тұр. *(Ермек есікке барып тұтқасынан ұстап тұрады. Мүслимә жылдам қоржынды алып барып әбдірені ашып, ішінен киімдерді алып қоржынның екі басына тықты, һәм Ермекке қарап.)* Енді не бар?

Е р м е к. Өзің неге киінбейсің? Ішігің қайда?

М ү с л и м ө. Ә-ә!.. *(Ілулі тұрған бір бешпетті киіп, оның сыртынан бір ілулі тұрған ішікті киіп, және ілулі тұрған түлкі тымақты киеді.)*

Е р м е к. Етік кимеймісің?

М ү с л и м ө. Жоқ. Шанадан аяқ тоңбас, оранып отырсақ.

Ермек. Жарайды... *(Ақырын анықтап.)* Біреулер келе жатыр... Біржандар шығар... Сонда да қоржынды тыға тұршы!.. Қорықпа *(Мүслимә тез қоржынды кровать астына тықты, есікті біреу тырнады.)* Бұл кім?..

Ж ұ м а ш т ы ң д а у с ы. Біз... Өзіміз!..



Ермек есікті ашады. Жұмаш, Біржан және бір жігіт, жолдасы кіріп келеді.

Б і р ж а н ж о л д а с ы. Ассалаумағалейкім!

Е р м е к. Әлекімассалам! Сапарларың оң болсын, амансындар ма?

Б і р ж а н (*дамылдаңқырап.*) Шүкір аллаға! Айтқаның келсін! Өздеріңіз де амансыздар ма?.. Амансың ба, Мүслимә?..

М ү с л и м ә (*көзінің астымен қарап*). Шүкір аллаға!

Ермек (*Жұмашқа*). Сен есікті ұстап тұр. (*Жұмаш есікті ұстап тыңдап тұрды. Біржанға.*) Естідің бе, революцияның болып жатқанын? Николайды түсіріпті. Жаңа хабар келді. Тұрсыннан хат келді. Күллі ұлықтардың бәрі абақтыға жабылып жатыр дейді. Болыс, би, старшындардың бәрі түсіп, тергеледі дейді. Омбыдан Сәтпек келе жатыр дейді. Екеуімізге қалаға тез келіндер деп хат жазыпты...

Б і р ж а н (*таңырқап шаттанып*). Рас па?.. Ойпыр-ай, тамаша болған екен!

Е р м е к. Жарайды. Бұл туралы әлі қалада сөйлесерміз!.. (*Мүслимә мен Біржанның қолдарын ұстастырып, өзі ортасында, Мүслимә мен Біржан екі жағында, тура алдында қарап тұрып, екеуінің ұстасқан қолдарын екі қолын ұстап тұрып қызуланып, рухтанып.*) Еншалла, бақыттарың ашылар! Сендердің бақыттарыңа жауыз патша түсіп, жауыз үкімет жоғалып, орыс мемлекетіндегі күллі халыққа бостандық, теңдік беріліп жатқаны мынау! Құдай қаласа, осыдан бөгелмей барып, Тұрсынды тауып алып, бар жайларыңды айтындар, ертең қалаға мен де жүремін. Қане!.. Енді тұрмандар! (*Біржанның жігітіне.*) Ана кроватьтың астында киім салған қоржын бар, ал! (*Жігіт қоржынды ала береді. Ермек Біржанның қолын айырып ұстап.*) Қатар құрбы едің, Біржан! Бір-бірінді сүйіп жүргендерінді біліп, теңі, сүйгені емес надан жауызға Мүслимәні қор қылмайын деп, міне, сенімен жөнелтейін деп тұрмын! Тапсырдым тәңірге! Тапсырдым өзіңе! Енді дүниеде Мүслимәнің жанашыр жақыны сен һәм мен! Енді құдай алдарыңнан жарылқасын!

Б і р ж а н. Дүниеде енді арнамым жоқ! Несін айтасын, Ермек! Сырымыз белгілі еді ғой. Бар өмірім құрбан Мүслимәнің жолына!

М ү с л и м ә (*Ермекті құшақтап ақырын жылайды. Ермек те Мүслимәні ақырын құшты*). Еркен... Еркен... бауырым. Шын бауырым! Мен үшін күйіп бағып едің. Мен кеткен соң тағы да сені

күйдіріп бағады-ау! Сені енді мүлде шеккі қылып шығарады-ау үйден?

Е р м е к. Мүслимә, қой, жаным, жылама! Шаттан, қайта! Жаңа жолға, шатлы бақыт жолына кетіп барасың, жылама! Қайта, куан, жаным, жылама!

Мүслимә (*ақырын жылап*). Туған әкеден рақым көрмей, туған шешеммен қоштаса алмай кетіп бара жатқаным жылаймын... Апама... апама... сәлем айт, кешсін!..

Е р м е к (*Мүслимәнің маңдайынан сүйіп, қарсы алдына рухтанып қарап*). Айтамын, айтамын, жаным! Апаң да, әкең де кешер! Сенің неңді кешпейді? Кешер! Кешпейтін сен не қылдың? (*Қарсы алдына көз тігіп.*) Міне, көрдіндер ме, ерік таңына тура келді сендердің сапарларың?.. Жүріңдер, алдарыңнан жарқырап ашылды махаббат, бақыт жолы! Алдарыңнан жарқырап туды бостандық таңы! Кейінгі жастарға, жылап жүрген сорлы жастарға сендер болындар жолбасшы! Зұлматқа қарсы туған һәм қарсы тұрған қаһармандар сендер! Иншалла, жанды алдарыңнан бақыт шырағы! Жүріңдер, шығарып салайын жолға – махаббат, бақыт жолына!..

Мүслимәні Ермек оң қолтығына алып, Біржанды сол қолтығына алып, бәрі жөнеледі.

### Шымылдык.

1917 жылы ноябрь-декабрьде Ақмолада жазылды. Бұл кітаб тартылады:

Біржан Айбасұлына, Шайбай Айманұлына, Бөкен Керісбайұлына (бұл шаһит болған, мұның атына тарттым), Шарафатқа, Бануға, Көжебайға, Сәрсенге, Өмірбайдың атына.

Бауырларым! Тарттым бұл сөздерді сендерге!

Бұл жазылған сөздерім  
Жас жүректің сыры еді;  
Көңілдің зары, мұны еді.  
Көкіректің сарын үні еді.

Кеулеген рухтың иманы  
Шалқыған екпін күші еді,

Үлбірек, нәзік һәм сезгіш  
Табиғаттың ісі еді.

Қалың қиын бөгетті  
Кеудемен бұзу, жол ашу,  
Тұманнан шығу жарыққа,  
Бақытқа тынбай таласу.

Сүю, сүю! Һәм құшу!  
Махаббат шарабын ішу!  
Міне, өмірдің дәні осы!  
Тіршіліктің мәнісі!

*Сәкен.*

*1917 жыл, ноябрь-декабрь, Ақмола.*

# ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАРЛАР

4 перделі, 5 суретті пьеса

## АРНАУ

*Бұл «Қызыл сұңқарлар» алғашқы 1917 жылда Совет өкіметі орнап, одан кейін Сібірде үкімет құлап, патшашылдар өкімін жүргізген кездің уақиғаларынан алынған.*

*Бұл кітапты Совет үшін патшашылдардың қолында азап тартқан, патшашылдардан қаза тапқан мына жолдастарға арнадым:*

*Бөкен Серікбайұлына, Шаймерден Әлжанұлына, Ысқақ Көбекұлына, Әділбек Майкөтұлына, Нұрғали Құлжанұлына, Нұрғайын Бекмұқамметұлына, Капизге, Монинға, Павловқа, Пиянковскийге, Афанасьевке, Жұмабай Нұркеұлына (бұлар қаза тапқандар), Кадченкоға, Шапранға, Әбдеевке, Кондратьеваға, Кременскойға, Алейниковке, Мартылугоға, Трофимовқа, Богомаловқа, Калегеевқа, Прудевке, Ғабдолла Асылбекұлына, Дінмұхамед, Байсейіт Әділұлдарына, Баймағамбет Жайнақұлына, Ғалым Әбубәкірұлына, Нығметке, Угарға, Әбілқайырға, Сабыр Шәріпұлына, Тұрысбекке, Ананченкоға, Әбубәкір Есенбақұлына, Жақия Айнабекұлына.*

*Сәкен*

## «ҚЫЗЫЛ СҰҢҚАРЛАРДЫҢ» 2-ШІ БАСЫЛУЫНА ДӘЙЕКШІ

«Қызыл сұңқарлардың» он мың болып бірінші басылып шыққаны 1920 жылы жазылған еді. 20-шы жылы жазылғанымен, нұсқаланғаны одан бір жыл бұрын, Колчак заманында еді. Бұл пьесаның ең бірінші көздеген максұты революция жолына шақыру, агитация еді. Қазір агитация заманы өтті. Құрғақ агитация, құрғақ үндеу үшін жазылған пьесаны үйреншікті жас ойнаушылар ойнай алмайтын болды. Сол себепті, бұл пьесаның біраз жерлерін өзгертуге тура келді.

«Қызыл сұңқарларға» әркім әр түрлі баға береді. Әркімнің өз базарының нарқымен бағалауы – тіршіліктің заңы. Біреуге қызыл сұңқар қадірлі, біреуге ақ сұңқар қадірлі. Біреулер қызылға шамданады, біреулер аққа шамданады.

«Қызыл сұңқарларды» «ептеп» жамандағандардың кейбіреулері пьесаның ішіндегі кісілердің бәрі бірдей «қызыл сұңқар», не ғып толып кеткен «қызыл сұңқар» деп жамандайды. Рас қызыл сұңқарлар 1917–1918 жылдарда көп еді. Оларды көбейткен тұрмыс еді. Көп болмаса Октябрь төңкерісін жасай алмайтын еді. Мұны, сол «Қызыл сұңқарлар» мен «Тар жол, тайғақ кешуде» бірге болғандар ғана біледі. Мұны еңбекші тап қана біледі. Пьесаның мақсұты үндеу болған соң, әдейі «Қызыл сұңқарлар» көрсетілген және онымен қатар «ақ сұңқарлар» да көрсетілген.

Жақсы болсын, жаман болсын, бұрынғы «батырларды», «бақсыларды» әркім-ақ қалам алған соң жазар еді. Бірақ мен кітапта әдейі «қызыл сұңқарларды» ғана жаздым.

*Сөкен*

### *УАҚИҒАДА БОЛҒАҢДАР:*

**Е р к е б ұ л а н** – жасы жиырманың ішінде. Қызыл көйлекті, белін буған, ұзынша бойлы, қара мұрт, ұзын қалың қара шашты. Совдептің мүшесі, «Сәуле» газетінің жазушысы.

**Ж а ғ п а р** – жиырмаға жаңа келген жас жігіт. Сақал-мұрт жоқ. Совдептің төрағасының орынбасары. Орысша киімді, шашты.

**Б а й д і л д а** – отызға жаңа келген жігіт. Сақал жоқ, ашан, аз мұртты. Орысша киімді, совдептің мүшесі.

**А қ м е т ғ а л и** – 40–50 жаста. Сақалды, қазақша киімді, совдептің мүшесі.

**Ү с е н** – отыздың ішіндегі жігіт. Совдептің мүшесі. Орысша киімді, аққұба, жуантық.

**Ж ұ м а ш** – 20–30 жаста. Әскери киімді, орта бойлы, мұртты, келте қайырған шашты. Совдептің мүшесі.

**Т әң і р б е р д і** – жиырманың ішінде. Шашты, мұртты, орысша киімді. Совдептің мүшесі. «Сәуле» газетінің жазушысы.

**Н е с т е р е в** – орыс, матрос. Жиырманың ішінде. Сақал-мұрт жоқ. Штабтың бастығы.

**Л о з о в о й** – орыс, жасы жиырманың ішінде, сақал-мұртты жоқ, әскері киімді.

Түрменің бастығы.

Гарнизонның бастығы.

Офицерлер, солдаттар.

Тұтқындар.

Т о р ғ а й – қазақ қызы.

З а х а р – орыс. Жирен мұртты, қызыл күрен. Жасы 30–40-та.

Еркебұланның шешесі және қарындастары – шешесі 45–50-де, қарындастары 12-де, 14-те.

Т а р п а ң – Еркебұланның інісі. Қазақша киімді.

Жолаушы.

Басқалар.

## БІРІНШІ ПЕРДЕ

Камаудын (түрменін) бір бөлмесі. Сәкі, төсеніші жоқ. Байділдан басқалары қалай болса солай отыр. Бәрінің үстерінде өздерінің киімдері. Нестерев, Лозовой, Тәңірберді, Жағпар төртеуі иіріліп, іргеде, бері қарап отыр. Нестерев аяғын көсіле салып әңгіме айтып отыр. Аналар тындап отыр. Сөздері естілмейді. Тек анда-санда бірер сөздерінің жұрнақтары ғана естіледі. Қолының, басының қимылдары көрінеді. Үсен аяқтарын жиып, екі тізесін құшақтап отыр. Еркебұлан қасында жүрген Байділдаға қарап отыр. Ақметғали жайып салған шапанының үстінде намаз оқып жатыр. Жұмаш бір аяғын көсіліп, бір аяғын жиып, тізесін көтеріп, тізесіне екі қолын қойып, оның үстіне иегін қойып отыр.

Б а й д і л д а (*шұғылданып ойға кеткен. Айқастырып екі қолын желкесіне қойып, ерсілі-қарсылы жүреді. Ақметғали бата қылып болғаннан кейін, қолдарын жазып алып, шошып таңырқағандай, тұра қалып өз-өзіне*). Ә-ә?.. Өң бе, түс пе?!

Е р к е б ұ л а н. Не «өң бе, түс пе?..»

Б а й д і л д а (*Еркебұланның алдына таянып келіп тұра қалып*). Не болсын!.. Мен қайранмын: шынымен осы су түбіне кеткеніміз бе, ө-ө?..

Е р к е б ұ л а н. «Су түбіне кеткені» қалай?

Б а й д і л д а. Су түбіне кетпегенде, осылар бізді тірі қояды дейсің бе?

Е р к е б ұ л а н (*жақтырмай*). Тірі қоймағанда, азар болса атып тастар бөрімізді, сол ма? Ата берсін! (*Қызыңқырап.*) Бірақ ертеңгі күні өздерінің кеңірдектерінен келіп алғанда қайтеді?

Б а й д і л д а. Жоға, өзің қалай деп ойлайсың: осы совет өкіметі аман қалып, қайта дөуірлейді деп ойлайсың ба?

**Е р к е б ұ л а н.** Сенің ойыңша, патша үкіметі қайта орнамақ па?

Жігіттердің бәрі тыңдай қалды.

**Б а й д і л д а.** Е-е, орнамай қайтеді, енді советті әбден жеңіп алса?

**Е р к е б ұ л а н.** Жеңе алмайды. Бір жойылған таж бен так енді қайта келіп орнай алмайды!.. Кешегі күн бүгін жоқ. Қазіргі бұлардың бұл істеп отырғаны, әшейін, өлер алдындағы жан таласуы. Бұл шала өлген жылан. (*Жұдырығын түйіп, төмен қарай нұқым.*) Нығыздап езіп көмбеген соң. Бар күшін жиып, бұл басын көтеріп, андаусызда кісіні шағып, ысылдап, тірілген болып отыр. Бұлардың мұнысы, екіншіден, әбден езіп, нығыздап бастырсын дегені! Бұлардың құрыған патшаны қайта орнатпақ болуы, кәрі қатынның қайта жасармақ болуымен бірдей!

**Б а й д і л д а** (*жадыраңқырап*). Сөйтіп, совет өкіметі оңалып, революция сөнбей ме?

**Е р к е б ұ л а н.** Сөнбейді! (*Қолын көтеріп.*) Революцияның қаптап, шалқып жанған өртіне бөгет болу мүмкін емес!.. Рас, талай адам мұның жолында құрбан болар да... Революция – жазғытұрғы күркіреп тасыған су. Бұл тасқын жолындағы мың-миллион бөгеттерді киіп, жарып, сипап, жойып баратын жеріне жетіп жайылмақ! Мұны сөнеді деп, мұны құриды деп ойлама, Бөке!

**Ү с е н.** Осы Еркебұлан осындай сөзді қоймайды екен! Өстіп жиылыстарда да қоймаушы еді, міне, енді түпке жетті!

**Е р к е б ұ л а н** (*Үсенді қорлай кейіп*). А-а-ай, Үсеке!..

Сол арада қарсы қарап тұрған есіктің құлпын сырттан салдырлатып аша бастады. Жігіттер сөздерін қойып, қарай қалды. Есікті ашып, қасында әскері емес, жабайы әдемі киінген бір жігіт, гимназия формасын киген бір бала жігіт бар, екеуі де мылтық ұстаған, қолына қағаз, қарындаш ұстаған түрменің бастығы кіріп келді.

**Т ү р м е н і н ң б а с т ы ғы.** Қаратаев осында ма?

**О т ы р ғ а н д а р.** Жоқ... жоқ...

**Ж а ғ п а р.** Қаратаев мына, екінші бөлмеде.

**Т ү р м е б а с т ы ғы.** А, екінші бөлмеде... (*Қағазына жазады. Отырғандарды айнала қарап.*) Мұнда тоғыз кісі... (*Қағазына жазды.*) Онсоң сіздерге білдіремін, ертеңнен бастап сіздерге тыстан ас

келтірілмейді. Онсоң бүгін осында жаңада тағайындалған гарнизонның бастығы мен тексеру комиссияның бастығы келеді. Олар келгенде бәріңіз де түрегеп тұрасыздар.

Н е с т е р е в. Тұрмаса қайтеді?

Т ұ р м е б а с т ы ғ ы (*жігерленіп*). Тұрмаған кісі карцерге жабылады!

Н е с т е р е в. Жарайды...

Бастық солдаттарымен шықты.

Б а й д і л д а (*үндемей отырған жолдастарына*). А-ал, жігіттер, ұлықтар келгенде түрегеп тұрамыз ғой, ә-ә?

Н е с т е р е в. Сол игтермен болмашы нәрсе үшін ерегесіп карцерге түскенше, тұру керек.

Ө з г е л е р і. Дұрыс!.. Иә, иә, дұрыс! Дұрыс!

Есікті салдырлатып ашып, орамалға, дастарқанға, түйген, қағазға оралған ас алып, солдаттар, кілтшілер кірді. Бір кілтшінің қолында қағаз, қарындашы бар. Ас келгенін көріп жігіттер тұрып, есікке таяу келіп тұрды.

К і л т ш і (*тұтқындарға*). Кәне, мырзалар, мен мына қағаздан ас келген кісінің атын оқып тұрайын... Әркім өз асын алып тұрсын.

Б а й д і л д а (*кілтшіге*). Бәрімізге келген асты бөлектемей-ақ, берсеңізші.

К і л т ш і. Дұрыс. Сонда да, мына қағаздағы ас келген кісілердің аттарын оқиын. (*Қағазды оқиды.*) Ақметғали Жайлаубаев, Байділда Мыңжасаров, Еркебұлан Аянов, Үсен Қожағұлов, Жағпар Сатпаев, Жұмаш Нұржанов, Тәңірберді Кәрімов, Нестеров, Лозовой... (*Аттарын атағанда әрқайсы «мен», «мен» деп тұрды.*) Бәріңіздің де аттарыңыз шықты білем, ә?

Ж а ғ п а р.

Ж ұ м а ш.

} Бәріміздің де аттарымызды оқыдыңыз.

К і л т ш і (*босағаның жанына кіргізіп қойған астарды көрсетіп*). Мына ораулының сыртарында кімге екендігі жазылған... Онсоң, үйлеріңізге тапсыратын нәрселеріңіз жоқ па? Бүгін айтып, керекті нәрселеріңіз болса алдырып қалыңыздар: ертеңнен қатынасу болмайды.



Жұмаш. Жұмаш Нұржановқа келген кісіге айтыңыз, пальтоны өкеп берсін.

Кілтші. Жарайды. Нұржановтың пальтосы... *(Қағазға жазып алды.)*

Үсен *(кілтшіге)*. Господин старший! Менің өзім барып керекті нәрсені тапсыруға болмас па екен?

Кілтші. Жоқ!.. Бастық рұқсат қылмайды.

Үсен. Менің бір арызым бар еді. Соны түрме кеңсесіне барып жазуға господин начальникке айтсаңыз екен.

Кілтші. Жарайды... *(Қағазына түртін алады.)* Тағы тапсыратындарыңыз бар ма?

Нестерев. Нестеревке келген кісіге айтыңыз, менің шинелімді алып кеп берсін.

Кілтші. Жарайды... Нестеревке шинелі... *(Жазады.)* Және кімге?

Жағпар. Бәріміздің де сырт киімдерімізді өкеп берсін.

Байділда. Иә, бәрімізге де сырт киімдерімізді өкеп берсін.

Еркебұлан. Иә, бәрімізге де сырт киімдеріміз керек.

Ақметғали. Үсен, иә, иә... сөйтсін.

Бәрі жамырап айтады.

Кілтші. А, бәріңізге де сырт киімдеріңіз... Жарайды. *(Қағазына жазды.)* Қазір айтамыз. *(Жолдастарына қарап.)* Қане, жүр...

Бәрі шығады. Есікті сырттан құлыптады.

Нестерев *(жолдастарына қарап, күлімсіреп)*. Кәне, енді ауқаттанамыз ғой?

Бәрі жамырап айтады.

Жұмаш *(күлімсіреп)*. Әрине, ауқаттанамыз.

Лозовой. Әкел бері!

Байділда. Ортаға қойып жейік.

Үсен. Ертең не жейміз!

Ақметғали. Жеп көрейік.

Бәрі өзара, қысқа-қысқа, сыртқа түсініксіз сөйлесіп, асқа таяу тұрған Нестерев, Жұмаш, Байділда, Үсен, Еркебұлан астарды алып,

банағы Нестерев әңгіме айтып отырған іргеден бері қойып, бәрі дөңгеленіңкіреп, бері қарап отырып астарын жей бастады.

А қ м е т ғ а л и (*асты бері қарап жеп отырып*). Тамақ шіркінде ар жоқ деген рас-ау! Тап жайшылықтағыдай жеп отырмыз!

Н е с т е р е в. Е-е, жей беру керек, Ақа! (*Қолын жайып, сілкіп*). Уайым не керек? Әлгіде Еркебұлан айтты ғой, революцияның рақаты да, мехнаты да болады. Бәріне көну керек. (*Күлімден*). Ақырында біздікі үстіне шығады. Уайымдамаңыз, Ақа!.. Ана Үсен жолдасқа қарамаңыз. Ол оқыған, мырзалығын ойлайды.

Ж а ғ п а р (*қолын көтеріп*). Ойдан кетірме, Ақа, жауыздықты дұрыстық женбей қоймайды. Сіз оқымаған адам болсаңыз да, турашыл адамсыз. Ал мына Үсен?.. Бұл советке кіргенде де, өшейін, өз планымен кірген...

Ү с е н. Е-е, сендердің социализмге көздерің жетіп кіргендерің осы ғой!..

Е р к е б ұ л а н. Жағпар, не қыласың, Үсекенді? Мұны ертен «доктор Белов шығарады». Онан да мына Ақанды оқыта бер.

А қ м е т ғ а л и. Тек айтқандарың келсің, қарақтарым! Бірақ қайдан білейін, мына иттердің ыңғайлары жаман көрінеді ғой!

Б а й д і л д а. Қанша айтқандарыңмен әйтеуір мен қорқамын. (*Басын изеп*). Совет өкіметінің дұшпаны көп.

Е р к е б ұ л а н (*Байділдаға*). Қандай «көп дұшпандарды» айтасың сен?

Б а й д і л д а. Қандай көп дұшпандарды айтайын!.. Төрелер, байлар казак-орыстар былай тұрсын, әуелі осы біздің сорлы казактың көбі қарсы. Және крестьянның көбі қарсы. Кеше, осы өзіміздің қалада бізді жау қамап алғанда, бізді ұстасып берген казак емес пе? Бізді ұстасып апарғанда, қуанысып, естері қалмай шабысқан сол өзіміздің сорлы бұқара емес пе? А-а?..

Е р к е б ұ л а н (*Байділдаға басын шайқап*). А-а-ай, Байділда, сен кешегі надандықпен адасқан сорлыларды айтасың. Бұлар әншейін, кеше өкпелері көтеріліп, кімнің дос, кімнің қас екенін білмей адасқандар. Бұлар ақылына әлі-ақ келеді. Сен күллі Россия мен барлық жер дүниенің қара бұқарасын айт. Міне, бұлар кімнің дос, кімнің қас екенін біледі.

Н е с т е р е в (*Еркебұланға*). Дұрыс айтасың! (*Ұшып түрегеліп*). Жолдастар, Еркебұлан дұрыс айтады. Сары уайым салып, жүнжуден пайда жоқ. Солай емес пе, Ақа?

А қ м е т ғ а л и. Әрине, дұрыс қой.

Нестерев (күліп). Әне, Ақаң «дұрыс» деді, болды.  
(Жолдастарына қарап.) Көне, ендеше «ауқаттанып» болсақ, қалған асты жияйық!..

Ақметғали Жұмаш. Жағпар.	}	Жияйық... жинайық енді... жинайық... көне!..
--------------------------------	---	---

Еңкейіп, қалған асты Нестерев, Ақметғали, Жұмаш үшеуі жинап апарып бұрышқа қойды, бәрі тұрып жүре бастады.

Байділда (тұра қалып). Еркебұлан, әлгі: «Қамыққан көңілге» деген өленді айтшы! Кішкене көңіл көтерілсін.

Еркебұлан (тұрып). Мен айта алмаймын... Ана Жағпар тәуір айтады... Сен өзің жақсы айтасың.

Байділда. Жоқ... сен жай сөзбен-ақ айтшы, өнге салмай-ақ.

Еркебұлан. Жарайды, айтайын... ым-м... қалай еді, өзі?

Байділда. Жолдастар! Тындай қалыңдар, өлең естиік.

Жігіттер (тұра-тұра қалып, серпіліп). А-а!.. Көне, ал тындайық... жарайды... көне!

Бір топ адамның дүрсілі шығып, келіп есікті салдырлатып аша бастады.

Еркебұлан (жолдастарына, есікке қарай ымдап, қолын көтеріп). Тыш-ш-ш!..

Есікті сырттан салдырлатып ашып, гарнизонның бастығы, едірейген жас казак-орыс офицері, тексеру комиссиясының (Т. К.) бастығы, о да әскери казак-орысша киінген, орыстың жуан байы, казактың «алаш орда» жуаны, түрменің бастығы және қылыш, алғыатар тапанша асынғандар, бір орысша жабайы әдемі киінген казак жігіті кіріп келді.

Түрме бастығы (даусын гүжілдетіп). Тұрындар!.. Қатар тұра қалыңдар қимылдамай!

Тұтқындар қатарласып тұрды.

Тексеру комиссиясының төрағасы (жігіттерді мазақтай күліп, гарнизон бастығына). Мінеки, министрлер,

ұлықтар! Енді, судан шыққан тышқандай көздері жылғырап отыр!

Гарнизон бастығының қасындағы нөкерлері ақырына шейін өзара ғана ақырын сыбырласып, мардымсыған түрмен үндемей тұрды.

Г а р н и з о н б а с т ы ғы ( *талтайып тұра қалып, шалақ қамшысын екі бүктеп ұстап, мас адамша ырғалып*). Көбі қазақ қой? Ха-ха-ха! Бұларға не жоқ екен? Бұларға да «слабода»? Сволочь! ( *Шетте тұрған Байділдаға.*) Сенің атың кім?

Б а й д і л д а. Байділда Мыңжасаров.

Г а р н и з о н б а с т ы ғы. Сен кім болып отырдың совдепте?

Б а й д і л д а. Совдептің мүшесі болып едім.

Т. К. б а с т ы ғы. Бұл қызылдың барып тұрған бір қуы. Бұл өзі жұмсақ дауысты, майда сөйлейді. Бірақ сүйтіп жүріп таудай пәлені істейтін жігіт.

Г. б а с т ы ғы. А-а, солай ма? Таудай пәлені істейтін мырзаны біз кішкентай ғана жыраға көме салармыз. Сволочь! ( *Қатар тұрған Еркебұланға қарап.*) Мына бір дудар бас кім?

Т. К. б а с т ы ғы. Бұл Еркебұлан Аянов. Совдептің басқармасының мүшесі. Қызылдың ең бірінші бастықтарынан. Жильыстарды, газет арқылы да халықты аздырып, лайлап баққан мырза.

Г. б а с т ы ғы. Көзін жоғалтатын қудың өзі десейші. Жарайды. ( *Жағпарға қарап.*) Міне біреуі кім?

Т. К. б а с т ы ғы. Бұл Жағпар Сатпаев. Совдептің төрағасының орынбасары. Қойды жөндеп баға алмайтын қазақ баласы болғанымен, бұл осындай талай адамды түрмеге тыққан, талай бұйрыққа «Сатпаев» деп қол қойып отырған бұзық.

Г а р н и з о н б а с т ы ғы. Жарайды! Әлі қой бағуға зар болар, сволочь! ( *Одан әрі тұрған Нестеревке қарап.*) Міне бір-екеуі орыс қой Біреуі матрос. Бұлар кім?

Т е к с е р у к о м и с с и я с ы н ы ң т ө р а ғ а с ы. Бергісі матрос Нестерев. ( *Келекелеп.*) Мұндағы штабтарының бастығы. Арғысы Лозовой. Мына Нестеревтің серігі. Бұлар, онсоң міне бір тұрған жалпақ бет, оязной милицияның бастығы Карпов, көтеріліс күні үлкен қарсылық қылғандар. Бұлардың өзгелерін пәтерлерінде басып ұстағанда, бұл үшеуі хабар тауып қалып, қосылып, едәуір қарсылық қылды.

Гарнизон бастығы. А-а!.. Сөйтті ме! Сволочь! Штабтың бастықтары! Талайдың қанын ұрттағандар ғой! «Кендір галстукты» ең алдымен осыларға кигізу керек. *(Ақметғалиға.)* Міне бір маймыл тәрізді сұмпайы кім?

Тексеру комиссиясының төрағасы. Бұ да «ұлық», Ақметғали Жайлаубаев. Совдептің мүшесі. Өзінің ақымақтығымен талайды былғаған батыр.

Жұмаш. Бұл Жайлаубаевты съезде елі еріксіз сайлап кеткен еді. Бұл өзі совет өкіметінің не екенін білмейді. Өзі қырдың надан қазағы. Бұл әншейін босқа күйіп отыр.

Гарнизон бастығы *(мазақтап күліп)*. А-а-а, білеміз!.. Комиссия тексереді. *(Тексеру комиссиясының бастығына.)* Бұл иттердің көбі осындай ғой!

Үсен. Тақсыр! Мен де босқа күйіп отырмын. Менің атым Үсен Қожағұлов. Мені, кім екенімді, доктор Беловтан сұраңыз. Атаман Антонов та біледі. Ана, қасыңызда тұрған Айболов пен Жантаев та біледі. *(Олар қимылдап қояды.)* Мені совдепке ықтиярсыз сайлаған. Мені, осы қаланың барлық казак, орысы біледі. Мені, тақсыр, босқа күйдірмесеңіз екен!

Гарнизон бастығы *(тексеру комиссиясының бастығына.)* Рас па?

Тексеру комиссиясының төрағасы. Бұл Қожағұлов, совдептің мүшесі болғандықтан отыр. Бірақ тез енді тексереміз ғой. Комиссияда мына Айболов пен Жантаев бар ғой.

Гарнизон бастығы. Жарайды! Комиссия тексереді.. *(Жұмашқа.)* Сенің атың кім? Сен совдепте қандай «ұлықпын» деп отырдың?

Жұмаш. Менің атым Жұмаш Нұржанов, совдептің мүшесі едім. Және тергеуші едім.

Тексеру комиссиясының төрағасы. Бұл карательный отрядпен қырға шығып, қазақты, крестьянды қаңға боямақ болған. Және талай нахақ адамдарды түрмеге тыққан мырза.

Жұмаш. Жок, оныңыз қате! Мен қырға шыққанда жазасыз жанды қыруға шыққан жоқпын. Мен совет өкіметіне қарсы адамдарды ғана ұстауға шыққамын.

Гарнизон бастығы *(көзін ежірейтін)*. А-а! Жапаузынды! Қарай гөр мынаның тілін?!

Тексеру комиссиясының төрағасы. *(тебініп, Жұмашқа.)* Сөйлеме!

Гарнизон бастығы. Е-м-м... Бұзықтық түрінде тұр ғой! Тиісті орнына барар. (*Тәңірбердіге қаран.*) Міне бір көркем кім деп едіңіз?

Тексеру комиссиясының төрағасы. Бұл – Тәңірберді Карипов. Милицияларының бастығы, үлгі, көтеріліс күні ана матрос Нестеревпен бірге бізге қарсы қайрат қылған, бомба лақтырған мырза.

Гарнизон бастығы (*кекете күлін*). Ерін!.. Сволочь! Бұның бәрін алғашқы күні құрту керек еді! Енді бәрінің көздерін жоғалтқанша қол-аяқтарын кісендеп, қатты ұстау керек! (*Түрме бастығына.*) Ұқтыңыз ба?

Түрме бастығы. (*Қаздып, сымдай боп, честь берін*). Құп! Ұқтым!

Гарнизон бастығы (*Тәңірбердіге қаран*). Сен, ана матрос екеуің, бомба лақтырып, қайрат қылдыңдар ма?

Тәңірберді. Ие, қылдық.

Гарнизон бастығы. М-м! Қара ерлігін сволочьтын! Қайрат қылғанда совдепін сақтап қалса екен-ау! Қазаққа не керек екен? А?

Еркебұлан. Совдепті сақтап қалар едік, тақсыр, егер де бәріміз алдын-ала хабарланған болсақ. Онда сіздер бүйтіп тұрмас едіңіздер.

Гарнизон бастығы (*өзгелері қимылдасып, күңкілдеседі, гарнизон бастығы ақырады*). А-а?! Тарт тілінді! Сволочь! (*Қылышының тұтқасынан ұстай алып.*) Шауып тастайын ба! Әлі дендері сақ екен. Әлі патшаның тілеуін тілеп жырлайтын қылармын!

Еркебұлан. Біз қазір тұтқынбыз. Тұтқынға баланың да әлі келеді! Бірақ біз патшаның тілеуін тілеп, жырлай алмаймыз...

Гарнизон бастығы. А-а! Жырларсың, сволочь!..

Еркебұлан. Қанша тулағанмен, өткен дәуір қайта келмейді!

Гарнизон бастығы (*Бұрқырап ашуланып, жер тебініп*). А-а?! Не дейсің?.. (*Қылышын суырып алып.*) Сөйле тағы!.. (*Еркебұланның иығынан төмен қылыштың жалпағымен салып қалады.*) Сөйле тағы, сволочь!..

Еркебұлан (*ызаланып*). Мен сволочь емес! Осыңыз не?.. Тұтқынды қатын да ұрмайды!

Гарнизон бастығы (*құтырғып*). Өшір үнінді!.. (*Қылыштың жалпағымен тағы да салып қалады.*) А? Тілін қарашы иттің!

*(Еркебұланға, былай оңаша, ілгері шық деп.)* Кел былай, сволочь! Кел!..

**Еркебұлан** *(оңаша шығып)*. Ер болсаңыз ұрмай бір-ак атып тастаңыз. Бірақ ертең өздеріңізді осындай қылғанда өкінбеніздер!

**Гарнизон бастығы** *(ақырып, таянып, тағы салып қалып)*. Жапа аузыңды! Жырла, «патшаны тілеп». *(Тағы салып қалып.)* Отыр тізеңмен! *(Қылышын оқтанып.)* Шабамын, сволочь!.. Жүгін! Жырла! «Боже царя храни»-ды! *(Қылышын жарқылдатап, оқтанып.)* Отыр! Жырла!

**Еркебұлан** *(тайсалмай)*. Отырмаймын! Жырламаймын! Еңбекші халықтың бостандығы үшін мен бел байлағамын. Маған өлім артық қорлықтан!..

**Гарнизон бастығы** *(салып қалады)*. Өшіремісің үнінді, сволочь!?

**Еркебұлан**. Менің үнімді өшірерсіз, бірақ мұнымен еңбекші таптың үнін өшіре алмайсыз! Ұра беріңіз, адамшылық болса, тұтқынды!

**Тексеру комиссиясының бастығы** *(гарнизон бастығына честь беріп тұрып)*. Таксыр, бұлардың әлі дені сақ қой! Бұдан былай бұларға қол-аяғына шынжыр салынып, күніне бір тілім қара нан мен бір шұңқыр су ғана беріліп тұрылады. Бұларға сонда келіңіз!

**Гарнизон бастығы** *(аз басылыққырап)*. А?.. Иә, иә!.. Әлі қыры сынған жоқ екен! Сволочьтар! Бәрін енді шынжырлату керек! *(Қылышын қынабына салып, тексеру комиссиясының бастығына.)* Жүріңіз ендеше!.. Е-м-м! Сволочь! *(Шығып бара жатып.)* Е-м-м! Көрерміз әлі!..

Бәрі шықты. Есікті сыртынан салдыратып тез бекітті. Жігіттер аз үндемей тұрды. Ақметғали жылап, орамалмен жасын сүртіп тұрды. Екінші бөлмеден қосылып жырлаған «Интернационал» күйі естіліп тұрды. Еркебұлан екі қолын қалтасына салып, қалш қарап тұрды.

**Байділда** *(көзінен тамып кеткен жасын сүртіп, екі жұдырығын да түйіп)*. А-а-е!.. Бұл не деген жауыздық? Бұл не деген заман?!

**Ақметғали** *(Еркебұланның қасына келіп)*. Шырағым-ай! Неге ерегестірдің сол иттерді! *(Бұрылып көзінің жасын сүртіп.)* Е-е, құдай-ау, қор қылғаның ба!..

Е р к е б ұ л а н (*қамығып, үндемей тұрған жолдастарына қаранып*). Неге жабырқадыңдар? Мойынға алған соң көтеру керек. Біз бір жаманшылық қылып мұндай болып отырғанымыз жоқ... Біздің тексерушіміз келешек, тарих. Тарих өзі әділ бағасын берер!..

Н е с т е р е в. Дұрыс!.. (*Еркебұланның қалын ұстайды.*) Жолдастар, не жабырқайтыны бар! Бостандық еңбекші тапқа өзінен өзі келмейді. Қажырлы болмай теңдік жоқ! Ылғи жеңіп тұра алмас жауыздық!

Екінші жапсар бөлмеден естіліп тұрған «Интернационал» күйі қойылды. Енді екпіндірек, қаттырақ қосылып салған «Смело, товарищи в ногу» күйі естілді. Өлеңі мынау:

Кекпенен кайнаған жүректі,  
Азамат мұңы бір тілекті,  
Құлдықты мәнгіге жоялық  
Қолменен темірдей білекті!

Бел байлап, жау жарақ алалық!  
Дұшпанға тайсалмай баралық.  
Теңдікті, бақытты тұрмысқа  
Кеудемен бастап, жол салалық!

Тайсалма, жолдастар, жік ашпалық!  
Күреске шыдалық, саспалық,  
Қанша азап көрсек те бұл жолдан,  
Қажымай, ілгері басталық.

Жұртты езген қу кара тасты алып,  
Лақтырып, ұраға тасталық.  
Еңбекші халықтың баласы  
Болды ғой жуаннан жасқанып!

Б і р е у (*есіктің сыртына келіп, тесігінен*). Ей, жігіттер, терезеден қарандар! Жақындарың келіп жүр! Ал қарандар!

Жігіттер серпіліп, терезеге барып, жапырлап қарасып, бастарын изеп амандасты.



Сырттан бір әйел даусы (*созылып зарланып шығады*).  
А-а-а-е!.. Жүрегім!.. Ойбай-ау!  
Солдат даусы. Ну-у-у-е! Жүр, арман! Жүр!  
Әйел даусы. А-а-аh!.. А-а-аh!..

Терезеден қарап тұрған жігіттер қатты мұнайысып, кейбіреулері мойындарын төмен салып, кейбіреулері ақырын жылап тұрды.

Солдат даусы. Жүр енді әрі! Айда!.. Но-о-о!..  
Әйел даусы. А-а-аh! Жаным!..  
Еркебұлан (*ептеп жасын сүртіп тұрған орамалын терезеден бұлап күйініп, тістеніп тұрып*). Жылама!..

Перде.

## ЕКІНШІ ПЕРДЕ

Бірінші пердедегі орын. Жігіттердің үстінде қамаудың киімдері. Көбінің қол-аяқтарында шынжыр. Ішіне аздап шөп тығып, кенеп қаптан істеген төсектері бұрышта жинаулы тұр. Нестерев, Лозовой, Жұмаш, Еркебұлан қосылып, бір революция өлеңін айтып отыр. Ақметғали малдасын құрып, бері қарап, еденде құмалақ салып отыр. Бір жағында Үсен мен Жағпар, бір жағында Тәнірберді құмалаққа қарап отыр. Олардың қасында түрегеп, екі қолын кәкірегіне айкастырып қойып Байділда тұр. Аз солай тұрды. Уақыт кеш. Бұрышта ілулі жаман фонарь жанып тұр.

Жағпар (*құмалақ салып болған Ақаңа*). Қане, Ақа, сөйлеңіз, құмалақ не дейді?

Ақметғали (*қолымен құмалақты жөндеп, көрсетіп*). Не сөйлейтіні бар?.. Құмалақ жақсы. Қазір кішкене қара қабақтау... Бірақ мандай мынау — Абылайдың қара қасқасы!.. Рас, қазір міне жүрек күпті. Бірақ құйысқан берік, босаға берік... Иншалла, бәріміз де аман-есен құтылады екеміз!..

Жағпар (*өлең айтып отырғандарға күліп*). Ай!.. Жолдастар! Доғар өлеңді! Ақаңның құмалағын тындандар! Ақаңның «ноқатын» тындандар.

Айтып отырған өлеңін қоя қойды. Тұрып Ақаңның қасына үздікті-создықты келді.

Ж ұ м а ш. А-а! Көне, құмалақ қазірет не айтады, Ақа?  
Н е с т е р е в (*қалжыңдап*). Көне, көне, Ақа, тірі боламыз ба, өлі боламыз ба?

А қ м е т ғ а л и (*Жұмаш пен Нестеревке қарап*). Қайдан білейін, қарақтарым! Мен құмалақшы емеспін ғой, сонда да пайғамбар ашқан балы ғой. Әйтеуір, құмалаққа карағанда, иншалла, бәріміз де аман-есен құтыламыз!

Б а й д і л д а (*қалын сілтеп, жақтырмай, бұрылып кете барып*). А-ай, қойшы осы, жоқты сөз қылады екен!

Ж ұ м а ш (*қалжыңдап, Байділдаға*). А? Сен құмалақ ештеңе білмейді деп ойлайсың ба?.. Құмалақ ештеңе білмесе, Ақаң оны неге салады? Бұрынғылар неге салған?

Б а й д і л д а (*кейін, алай-бұлай жүріп*). А-ай! Ақаң байғұсты не қыласың, мазақ қылып! Осында түскелі бері күнде Үсен екеуі құмалақ салып, жақсылық күтіп келеді. Күнде намаз оқып та, құдайға жалбарынып келеді, не қыласың енді, Ақаң байғұсты адасқан үстіне адастырып?

Ж ұ м а ш (*қалжыңдап Ақаңа қарап қойып және күліп қарап отырған жолдастарына қарап қойып*). Сенің ойынша құдайға құлшылық қылғанның бәрі адасқан ғой? «О, әм және» құмалақ та, құдай да, әшейін бір алдауыш нәрсе ғой, солай ма сенің ойынша?

Б а й д і л д а (*кейін*). Менің ойымша емес. Расында өзі құдай да, құмалақ та бірдей-ақ нәрсе. Екеуі де әшейін жұртты алдауға жасаған былшыл.

Ж ұ м а ш (*күліп, Ақаңа қарап қойып, жағасын ұстан*). Астағпыралла! Мынау не дейді, Ақа?.. Ха-ха-ха!.. Мынау күпір болды-ау! Тәуба қыл, ей!

А қ м е т ғ а л и (*бәрінің күлгеніне қарамай*). Қарағым, Байділда, үй деме! Кейігеннен айтатын шығарсың, үй деме, бәрі жазумен болады...

Ү с е н. Ақа, маған тағы бір салып беріңізші!..

Б а й д і л д а (*кейін*). Қоя түршы, Үсен! Түрмеден сені құмалақ шығармайды...

Ж ұ м а ш (*күліп*). Доктор Белов шығарады...

Б а й д і л д а (*тұра қалып, күліп отырған Жұмашқа*). Осы, не қалжың керек? Қарашы міне! Осының бәрін Ақан «құдайдың жазуымен болды» деп отыр. Солай дейсің бе, Ақа?

А қ м е т ғ а л и. Ие, солай, қарағым!.. Бірақ, не керек, үйтіп асылық сөз айтып?

Байділда (*сөйлемке ыңғайланған Үсен мен Жұмашқа қолын сілтеп, Ақаңа*). Жоға, сіздің шарифатыңызша, біз осында «құдайдың жазуымен» отырмыз ба?.. «Құдайдың әмірімен а?..»

Ақметғали. Иә.

Жұмаш (*қалжындап*). Кетті хотқа, екі молда!

Байділда (*Ақаңа*). Құдай өзі әділ ме?.. Құдай «жауыздық қылма» дей ме?

Ақметғали. Рас... «қылма» дейді.

Байділда (*қызып*). Ендеше, сол құдай әділсіздікке неге болысады? Неге болысады құдай жауыздыққа?.. Және бізді мұндай халге салатын құдайдың біз несін алып едік? (*Екі алақанын қатар жайып, сілкіп*.) Қане, айтыңызшы! Жұрттың адасқандығы осы емес пе? Құдай қайда? Қайда, айтыңызшы, қане?..

Ақметғали. Олай деме, қарағым! Әлі неге көзіміз жетті? Әлі де құдайдың рақметінен үміт үзбеу керек. «Жігіт адамның басына қырық ақ отау, қырық қара отау тігіледі» деген. «Мехнаттың рақаты болады» деген. Құдайдың барлығына, әділдігіне шек келтірмеу керек. Құдай жоқ болса бізді кім жаратты?..

Байділда. Жоға, құдайды қалайша «бар» дейсіз?.. «Бар» болса, қалайша «әділ» дейсіз? Ол бар болса, ол әділ болса, жазасыз адамды біресе отқа, біресе суға неге салады?.. Бізді айтпай-ақ қояйық, бізді азапқа сала берсін. Мынаны айтайық, мәселен: біреуді жасынан кем қылады, біреуді жасынан сорлы, нашар қылады; ал біреулерді жасынан қызыққа, рақатқа бөлеп қояды. Міне, осыларды құдай қылатын болса, ол әділдік пе? Айтыңызшы, қане?..

Сол арада есіктің сыртынан дыбыстар естіліп, құлпы салдырлады.

Жұмаш (*соңғы сөздерін бітіре берген Байділдаға есікке қарай ымдап*). Тиш-ш-ш-ша!

Байділда сөзді қоя қойды. Есік ашылды. Кілтші кірмей тұрды. Түрме киімдерін киген бір арестант жарты бөлке қара нанды қолтығына қысып, бір қолымен темір шелекке құйған су алып кірді.

Арестант. Ассалаумаликум! (*Шелекті ортаға қойды*.)

Жігіттер (*кейбіреулері үндемейді*). Әликум сәлем!

Жігіттердің бәрі түрегелген, Жұмаш, Тәнірберді, Ақметғали, Лозовой арестанттың қасына келді.

Арестант (*қасына келген Жұмашқа*). Мінеки нандарыңыз!

Жұмаш нанды ала бергенде, арестант кілтшіге қарап қойып, кілтшінің байқамай тұрғанын көріп, тез жеңінен алып бүктелген қағазды Жұмашқа бере қойды, қағазды Жұмаш жып етіп ала қойды.

Арестант (*сыбырлап, анықтап*). Енесін ұрып айдап, тықсырып келе жатса керек.

Кілтші (*арестантқа*). Ей, жүр енді. Шық, болсаң!

Арестант, кілтші есікті сыртынан бекітіп кетті.

Жұмаш (*қағазды ұстап, ақырын*). Жігіттер! Міне бір қағаз алынды екінші камерадан. Қазір оқимыз ба, жоқ, шыдамдылық қылып, шай ішкен соң оқимыз ба?

Үсен. Қазір оқы, қазір оқы!

Көпшілік (*жамырап*). Шай ішкен соң оқиық! Шай ішіп болған соң... Шай ішкен соң оқиық!..

Жұмаш (*хатты тығып*). Жарайды! Кәне, ендеше шай ішейік! (*Нанды Ақметғалиға беріп.*) Мына нанды турап жібер, Ақа!

Ақметғали. Кәні... (*Нанды алып, қалтасынан бәкісін алып кеседі.*)

Жігіттер бұрышта тұрған ыдыстарын алып, Ақанның қасына дөңгеленіп отырып, шелектен құйып алып шай ішіп, нан жей бастады.

Жағпар (*шайды құйып алып, нанды шайнап, шайды ұрттап қойып*). Еркебұлан!

Еркебұлан (*шайды құйып ала беріп*). А?

Жағпар. Осы манағы газетте, бұлардың өкіметі бұрынғысынан да жаман, ескі тәртіпті орнатуға қатты кіріскен-ау, а?

Еркебұлан (*нанды жеп, шайды ұрттап*). Әрине, бұлар бәлі сынық болса да, жыланша басын көтеріп, ысқыра бермек қой!

Жағпар (*нанды шайнап, шайды ұрттап қойып*). Енді бұлар ғой «Қазақ автономиясы» деген сөзді ағуызға алдырмайды?..

Еркебұлан. Ым-м!.. Не қылған «автономия!» Бұлар қазаққа автономия беру түгіл, қазақты адам санына санайды дейсің бе?

Тәңір берді (*шайын ұрттап қойып, күліп*). Ха-ха-ха! Не қылған автономия? Бұлардың қазіргі ұраны: «ескілікті қайта тұрғызу» емес пе!

Жағпар. Және қазір қазақтың автономия сұраушыларының үні өшіп, мыналарға құр атқосшы болды-ау өзі?

Тәңір берді (*күліп*). Болсын! Біздің білгіштердің тандап алған, тілеп алған өкіметі ғой бұл. Және кейбір мырзалар «шен тағамыз» деп, «Некеңнін» қайта орнауына тілектес қой!

Үсен. Ей, қойындаршы осы, осындай сөздерінді!

Жағпар (*ашуланыңқырап*). Ей, Үсен! Жұмысың болмасын! Нең бар, жақпаса!

Үсен. Ал, ал сөйлей беріңдер! Ашуланады ғой!.. (*Аз ғана сөз қойыла қалды.*)

Жағпар. Ие, қазір бұл үкіметтің ісіне қыбы қанып жүрген қазақ оқығандары көп қой. Олар енді әлгі Нестерев айтпақшы нағыз «гадина» жалмауыз жыландар ғой.

Еркебұлан (*шайын ішіп болып, ұшып түрегеліп*). Ие! Біздің мырзалар жөнді атқосшы да бола алмайды әлі. «Төреге ерген ертоқымын арқалайды» дегендей, төрелеріне ерем деп, бұдан жаман да шонқаяды әлі.

Ақметғали (*шайын ішіп болып түрегеп*). Кәне, жігіттер, енді жинайық, ішіп болсақ!

Жігіттердің бәрі тұрып, кейбіреулері: «ал жинайық, жинайық», – деп астарын, ыдыстарын жинады.

Жұмаш (*ыдысын жинап болып, түрегеп тұрып*). Ал енді хатты оқимыз ғой!..

Жігіттер (*жамырасып*). Оқы! Оқы... оқы...

Жұмаш (*қағазды жайып*). Ал енді оқимын!.. (*Оқыды.*)

«...Біз тыстан газет алдық. Оқып болған соң сендерге жібереміз. Сендер үшінші камераға жіберерсіңдер. Газеттің мөнді хабары мынандай: күншыс майданында қызылдар қазір қатты ілгері басуда. Оралдан асып, қазір бұларды өкшелеп, тықсыруда көрінеді. Қанша жасырғанмен бұл көрініп отыр. Екі күннің арасында төрт-бес қаланы «қалдырдық» дейді...»

Бұл хабарды есіткенде жігіттердің бәрі қимылдап, рухтана бастады.

Жұмаш (*жолдастарына қарап, құшырланып*). А-а-а!..

Нестерев (*қалын көтеріп, жолдастарына қарап, көңілденіп*).  
У-р-ра! Жолдастар! Жасасын совет!

Жұмаш (*Нестеревке қалын көтеріп*). Тұра тұр кішкене!

Жағпар (*аяғымен жер теуіп қалып*). Е-е, бақ!

Ақметғали (*қуанып*). Е-е, тәңір, бере гөр!

Еркебұлан (*Жұмашқа ентелеп: Нестеревке қалын сілтеп*).

Болды ма?.. Тағы бар ма? Оқы!

Лозовой (*бәрі бірге*). Қане, қане, оқы!

Байділда. Аяғын оқы, аяғын оқы!

Тәңірберді (*ентелеп*). Кәне, әуелі бәрін оқып болсайшы!

Жұмаш (*оқыды*). «Газетпен бірге хат алып едік. Хатта осыны анығырақ қылып айтады. Бірақ бір жаман хабар айтады. Ол мынау: қаланың өкімдері, бұқара халықтың өкіметке қарсы көтерілісінен қауіп қылып, бізді атаман Степановтың кеше осында келген отрядына береміз дейді... (*Бәрінің түсі суи бастайды*)... «Және Степанов отряды алып шығып жолда атып тастайды» деген сөз бар дейді. Біз үшінші камераға да бұл туралы жазып жіберіп отырмыз...»

Бәрінің түсі суып, аз тұрды.

Жұмаш (*түсі суып, қабағын түйіп, тамсанып*). Степанов...  
Степанов... атаман...

Үсен (*Жұмаштың қолындағы хатқа ентелеп*). Қане, қане!  
Степановтың отряды. (*Қатты қорқып*). Түндегі келгендер ғой!..

Жұмаш. Япыр-ай, ә? Шын болса, сауданың біткені ғой онда!

Байділда (*түсі суып, көздері шатынап*). Сауда бітпегенде,  
осыдан тірі қалам деп жүр ме едің енді?.. (*Тісін қайрап*). А-а қу!..  
Онан да!.. (*Сөзін бітірмей, жұдырығын түйіп, құшырланып қалын сілкіп тастап, теріс қарап айналып кетті*.)

Жігіттердің бәрі түйіліп ойға кетіп, біреулері орнында тұрып қалып,  
біреулері отырып, біреулері жүре бастады. Аз уақыт өтті.

Еркебұлан (*жолдастарына қаранып*). Қой!.. Күні бұрын  
жүнжеймік! Әйтеуір бір өлім бар ғой! Тендік үшін өлсек арман  
жоқ!.. Бірақ ертең-ақ келер, олардың да кезегі!

Нестерев (*жұдырығын түйіп*). Рас. Келер, келер бұлардың  
да кезегі! Өлімнен қорыққан ер емес! (*Сұқ қалын шошайтып, қалын көтеріп*.) Жер үстінде өлмейтін пенде жоқ... Бізді өлтірсе де, жер

дүниеге жайылған еңбекші халықтың ұранын өлтіре алмас!  
Қажитын дәнене жок, жігіттер!

Ж а ғ п а р. Бірақ кек ала алмай, арманда кетеміз ғой!

Т ә н і р б е р д і (*Жағпарға қарап*). Ие, соны айтсайшы! Белдесіп өлсе арман болмас еді ғой!

Жігіттердің түстері суыған бойымен, еңселері көтеріліңкіреп, Байділладан басқалары отырды. Есіктің тесігінен біреу жылдам тырсылдатты. Жігіттердің бәрі де бірдей жылдам селк еткендей жалт қарасты.

Е р к е б ұ л а н, Ж а ғ п а р (*екеуі бірдей, жылдам қалдарын есікке қарай нұсқап, есікке таяу отырған Жұмашқа ымдап*). Бар!..

Ж ұ м а ш (*ұшып түрегеліп, жылдам есікке барып, асығып тырсылдатып тұрған тесіктегі адамға*). Ә?.. Немене?!

Тесіктегі дауыс. Степановтың екі офицері келді... Түстері бұзық... Хулигандарша қарайды... Ағат сөйлемендер!.. (*Кетіп қалды. Сөзін бәрі де есітті.*)

Ж ұ м а ш (*есіктен бұрылып келіп тұнжырап, жолдастарына көзінің астымен қарап қойып*). Арешке... Степановтың екі офицері келіпті. (*Қалын бос сілкіп тастап отырды. Бәрі де ойда.*)

Б а й д і л д а (*Анадан бөлегірек, жалғыз түрегеліп тұрды, дірілдеген қалдарын жайып өз-өзіне*). А?.. Қайдасын, құдай? Бар болсаң, біз не қылдық?.. Біз не қылдық?.. (*Тістерін қайрап*.) Қайдасын, бар болсаң? Бұл жауыздарға бүйтіп қор қылдыратын біз не қылдық?! Залымдыққа болыссаң, сен құдай емессің?! Сен бармысың?.. Бармысың осы, ә?.. (*Аз тоқтап тұрып күлді.*) Ха-ха-ха! Мен не былшылдап тұрмын осы?.. (*Түсін тез суытып жіберіп*.) А?.. Құдай не?.. (*Тағы да күліп жіберіп*.) Ха-ха-ха!.. Әшейін құр ат!.. Иә, иә... (*Түсін тағы суытып жіберіп қалын көтеріп, сұқ қалымен дөңгелентіп*.) Құр, мына-а-ндай, үлкен бос қуыс! Ие, ие, өле бер, туа бер!.. Бос қуыс!.. Ие, ие, онан да бір-ақ өл! Бос қуыс!.. (*Аз ойланып тұрып, қалын шиырып тастап*.) Жарайды!.. (*Бұрылып, үндемей отырған Ақметғалиға келіп*.) Ақа, бәкінді бере тұршы!

А қ м е т ғ а л и. Бәкіні қайтесің, қарағым? (*Үндемей, Ақметғалидың қасында отырған Жұмаш, Еркебулан, Байділдаға қарай қалды.*)

Б а й д і л д а. Бере тұрсаңызшы, керек.

Ақметғали бәкісін алып Байділдаға ұсына берді.

Еркебұлан (*ұмтылып, Ақметғалидің қолын ұстай алып*).  
Берме бәкіні! Берме!..

Ақметғали «А?» деп селк етіп, бәкіні бермей қолын жұлып алды.

Байділда (*Ақметғалидің қолындағы бәкісіне таласа түсіп*).  
Бере тұр! Бере тұр бәкінді, бере тұр!..

Жігіттердің бәрі де, үрпиісіп, түрегелісіп, иірілісіп калды.

Жұмаш (*ұшып түрегеліп, Байділданы ұстай алып*). Өй!.. Мынау қалай?.. Өй, Байділда! Немене?.. Қой! Өй!..

Еркебұлан (*ұстан*). Берме!.. Байділда! Байділда!.. Не болды саған?.. Байділда!..

Жұмаш пен Еркебұлан бәкіге таласып жатқан Байділданы айырып алды.

Байділда (*жұлқынып*). Қоя бер!.. Қоя беріндер! Менде нелерің бар? Қоя беріндер! Өлемін!.. Қоя беріндер!..

Еркебұлан. Байділда!.. Саған не болды? Қой!.. Не болды саған?

Жұмаш. Байділда! Қой, мұның қалай? Ақымақсың ба? Қой!..  
Ақметғали. Ой, құдай-ай! Байділда, сабыр қыл, шырағым!  
Құдай-ай!

Өзгелері (*жамырап*). Бұ қалай?.. Байділда!.. Саған не болды?

Байділда (*екіленіп*). Қоя беріндер, қоя беріндер! (*Жұлқынып Еркебұлан мен Жұмаштың қолынан шығып келіп, тез барып есікті қатты тартып ұрады*.) Ей, қан ішкіштер!..

Еркебұлан, Жұмаш, Ақметғали бірге үшеуі Байділданы ұстап алып есіктен кейін тартты.

Үшеуі (*бірге жамырай сөйледі*). Байділда, Байділда! Қой! Мұның қалай? Мұның не?.. Қой, сабыр қыл! Саған не болды? Қой!

Байділда (*есікке қарай ұмтылып*). Ей, қан ішкіштер! Ішіндер мына менің қанымды! А-ай! Жауыздар! Кел, қан ішіндер!..

Жігіттер (*бәрі қамалап*). Қой, қой... Мұның қалай, Байділда?.. Бұ не қылғаның? Сабыр қыл!



Б а й д і л д а (*басылмай*). Жібер! Менде нелерің бар?.. Мен өзім өлемін, ол жауыздардан өлгенше!.. (*Есікке*) Е-ей!.. Қан ішкіштер!.. Келіндер!..

Есіктің сыртынан сабдырлаған дауыстар шығады, тез есікті салдырлатып ашып, екі офицер және қылыш асынған екі әскер кіріп келді.

Ү л к е н о ф и ц е р (*көзін ежірейтін*). Бұл не айқай? (*Байділданы ұстап тұрғанға қарап.*) Мынау не?

Е р к е б ұ л а н (*үндемей тұрған Байділданы иегімен көрсетін*). Мына жолдасымыз, Мыңжасаров кешеден ауру еді, қазір қызып, сандырақтап тұрғаны.

Ү л к е н о ф и ц е р (*кекетін*). Ым-м... Сайтан да ауырады екен ғой!

Ү с е н (*офицерге таянып, екі қолын төсіне қойып*). Тақсыр! Менің осында нахақ күйгенім бе? Менің ешбір жазығым жоқ еді. Кемесиеге арыз берген едім. Мен болшабек емес едім, тақсыр!

Ү л к е н о ф и ц е р (*Үсенге ақырып*). Кейін тұр!.. Арыз берсен комиссия тексереді!

Үсен кейін тұрды.

Б а й д і л д а (*ұстап тұрған жолдастарына, енді салқындап*). Мен қазір енді сауықтым. Жаңа әшейін қызыңқырап кетсем керек. Енді қоя беріндер, өзім сөйлесейін мына кісімен.

Е р к е б ұ л а н	}	( <i>Байділданы босатып</i> ).
Ж ұ м а ш		

Б а й д і л д а (*үлкен офицерге таянып келіп*). Сізде адамшылық бар ма?

Ү л к е н о ф и ц е р (*тікіп*). А-а? Бұл не деген сөз?

Б а й д і л д а. Бұл – сен және үкіметтерің қан ішкіш деген сөз!

Офицерлер мен қасындағылар қимылдасты.

Үлкен офицер (*ақырып, жер тебiнiн*). Сөйлем! А-а!  
Байдiлда (*тоқтамай*). Ол сен де, үкiметiң де, бәрiң де  
ылғи күзғындар деген сөз!

Үлкен офицер (*тағы ақырып, жер тебiнiн*). А?! Жап  
аузыңды! (*Жанындағы мылтығын суырып алып*.) Осы жерде атып  
тастаймын, сволочь!

Нестерев (*Байдiлдаға*). Байдiлда, кой! (*Офицерге*.) Мұның  
сөзiн тындамаңыз, бұл ауру, есi жоқ қазiр!

Байдiлда (*сөйлейiн деп қозғалған Жұмаш пен Еркебұланға  
қолын сiлтеп*). Жоқ! Олар өтiрiк айтады. Мен ауру емеспiн! Мен  
сен иттердi әдейi балағаттап тұрмын!

Үлкен офицер (*қатты ежiрейiн*). Өшiремеciң үнiңдi,  
иттiң баласы?!

Офицер жолдастары (*үлкен офицерге*). Господин  
жасауыл! Неге сөйлетесiз мына күшiктi? Бiзге бұйырыңыз, қазiр  
турап тастайық!..

Үлкен офицер (*шатынап*). Мен өзiм де үнiн өшiремиң  
қазiр! Қарашы, не қылған ауру бұл!

Байдiлда. Өшiре алмайсың, ертең өз үнiң өшедi!

Үлкен офицер (*қатты ақырып*). А-а!

Байдiлда (*жылдам, оңаша қарсы тұра қалып*). Ата ғой  
ендi, ит...

Офицер атып жiбердi, жiгiттер ара түскенше мылтық дауысы шанк  
етiп, Байдiлда «ой!» деп құлады. Жiгiттердiң ерiксiз дауыстары шығып,  
шу ете түсiп, кейбiреулерi Байдiлдаға ұмтылып, кейбiреулерi  
орындарында есi шығып тұрып қалып, кейбiреулерi офицерге ұмтылып  
барды. Бәрi бiрге:

Жұмаш (*жығылып жатқан Байдiлдаға ұшып барып*).  
Байдiлда-ау! Апырым-ау! (*Офицерге*.) Мә, ендi бәрiмiздi  
де ат!

1. Ақметғали 2. Нестерев (*Байдiлданы барып құшақтай  
алып*). Қарағым!.. Алла! Алла! (*Офицерлерге ұмтылып келiп,  
Байдiлдаға қарап, қатты*.) Бұларың не, жауыздар? А?..  
(*Жұдырықтарын түйiп*.) Асықпа!

Еркебұлан (*Байдiлдаға жүгiрiп келiп*). А-а-һ! Өлгенi ме!  
(*Тез офицерге келiп*.) Ал қырындар ендi бәрiмiздi де!.. Қырындар!.  
Бiрақ кезек келер!..

Үлкен офицер (*күрiлдеп*). А-а-а! Бунт шығармақсындар  
ма! (*Жолдастарына*.) Суырындар қылыштарыңды! (*Жолдастары*

*қылыштарын суырып-суырып, көтеріп алады.)* Тырп етсендер, бөріңді қырам!..

Тұтқындар басылынкырап Жұмаш, Ақметғали, Тәнірберді үшеуі ыңқылдап жатқан Байділданың басын сүйейді. Өзгелер қоршап, қарай қалды. Үлкен офицер жолдастарына сол қолымен «шапшаң жүр» дегендей қимыл қылып ымдап қалып, бәрі жылдам жалт бұрылып шығып, тез есікті бекітті. Алыстан сызылып «похоронный марш» естіліп тұрды.

**Б а й д і л д а** (*ыңқылдап*). Ім-м!.. Ім-м-м! А-а-һ! Ку!

Байділданың басын көтеріп, Жұмаш бері қаратып, артынан құшақтап отырды. Байділда қатты ыңқылдап, қалтыраған екі қолымен, тез киімінің омырауын екі жаққа жұлып ашты. Оң жақ емшегінің үстінең төмен аққан қып-қызыл қан көрінді. Байділда жоғары көзін алартып қарап, сол қолын көтерді.

Қо-о-ош!.. (*Сылқ етіп құлады.*)

Телміріп тұрған жолдастарының алдында Байділда өледі. Жігіттер күйініш-қайғыға батып біраз тұрды. Кейбіреулері ақырын аққан жастарын сұртті.

Перде.

## **ҮШІНШІ СУРЕТ**

**(Екінші перденің жалғас суреті)**

Екінші перде түсісімен төрт-бес минуттан соң қайта ашылады. Орын (декорация) екінші пердедегідей. Бұл да сол Байділданы атқан кештің уақиғасы. Сол бөлме, Байділдан басқасы түгел, бәрі сол қалпында. Уақыт түн ортасы ауған мезгіл. Жаман фонарь бұрышта ілулі жанып тұр. Ішіне аздап шөп тыққан кенеп қаптан істеген төсектер салулы. Бәрі көйлекшең (түрменің жаман көйлектері). Тұтқындар түстері қашып, шүпірлеп, есіктің тесігінен тындап тұр. Жалғыз Ақметғали төсегінің үстінде төмен қарап отыр. Есіктің ар жағынан, даусы қалтырап шыққан біреудің «Боже, царя храниды» (патшаның тілеу өленін) жырлап тұрғаны естілді.

Жағпар (*жырды тыңдап тұрып жолдастарына таңданып қарап, естілетін қылып құшырланып сыбырлап*). Япыр-ай, Александровтың жырлағаны ма?.. (*Өзгелері үндемей тыңдаған бойымен тұрады*.)

Жұмаш (*басын изеп тұрып*). Жырлағаны ғой...

Нестерев (*есіктен басын алып, кейін шегініп өз-өзінен жұдырығын түйіп, құшырланып*). Эх! Ақымақ!..

Еркебұлан (*о да есіктен басын кейін алып, күйініп*). А-а-һ! Шіркін тіршілік-ай! Қор қылдың-ау!

Жұмаш (*күйініп*). Әттегене-ай, шыдамағаны-ау!

Үсен (*өңі қашып, көзі шарасынан шығып*). Ойпырым-ай, бізге де келер ме екен?.. Ойпырым-ай, енді қайтеміз?

Жұмаш (*Үсеге ызаланып*). Итше қынқылдама енді!..

Үсен (*Жұмашқа*). Енді қайтеміз?

Нестерев (*Үсеге*). Өшір үнінді!

Жағпар (*жарыса, Үсеге*). А-а-ай!..

«Боже, царя храниды» ар жақтағы дауыс жырлап болды. Жолдастар сол есік алдында өндері қашқан бойымен тұрды.

Есік ар жағында бір дауыс («*Боже, царя храниды*» *болысымен*). А-а, бәлем, өстіп жырларсындар!.. Слабода!.. Иттің жанының төттісін!.. Апар!..

Тас еденде тақырлап жүрген кісілердің дүрсілі естілді. Күнгірлеген сөздер шала естіліп тұрды. Тақырлаған дыбыс енді таяу естілді.

Тағы дауыс. Мына бөлмені аш!

Жігіттер тұрған бөлмені тақырлатып аша бастады. Жігіттер ымдасып, тез есік алдынан ақырын, кісендерін сылдыратпай, төсектеріне келіп отыра қалды. Есікті ашып, манағы Байділданы өлтірген екі офицер қастарына мылтық ұстаған әдемі киімді бір жігіт, гимназия школының формасын киген бір бала жігіт кіріп келді.

Үлкен офицер (*тұтқындарға қарап*). А, өздері де ояу отыр екен ғой!.. Тұрындар! (*Тұтқындар тұрады*.) Нестерев, Лозовой, Карипов, (*есікке қарап нұсқап*.) шығындар!.. Жылдам!

Нестерев, Лозовой, Тәңірберді есікке қарай шықты.

Нестерев (*үлкен офицерге*). Сұрауға бола ма, түн ішінде бізді қайда апарасыздар?

Үлкен офицер. Білесің қайда барғаныңды, шық!  
(*Жолдастарына*.) Шапшаң жүріндер алып!

Нестерев, Лозовой, Тәңірбердіні алып шығып, тез есікті бекітіп кетті. Қалған тұтқындар қалш қарап тұрған бойларымен тұрып қалды.

Жағпар (*есін жиып алғандай, көздерін төңкеріп, жолдастарына айнала қарап, ызаланып, күйініп*). Ойпырым-ау!.. Атқаны ма?!.

Перде.

### ҮШІНШІ ПЕРДЕ

Тұтқындарды қамайтын лагерь. Барақтың ішінің бір жақ шеті. Кір-кір сәкілер. Жазға салым уақыт. Жаман кішкене терезелері ашық. Терезелерден күннің шұғылалары түсіп тұр, терезелердің сырттарында сайраған торғайлардың жырлары естіледі. Барақта тұтқындар көп. Бәрі жүдеу. Үстіндегі жұқа, қысқы киімдері жыртық, кір, киімдері әр түрлі, көрпе жамылып жүргендері де бар. Тұтқындардың араларында аурулары көп. Біреулер ауруларға әкеліп су ішкізіп жүр. Біреулер ауруларды қолтықтап тысқа шығарып, кіргізіп жүр. Аурулардың жатқаны да бар, отырғаны да бар. Аурулардың маңайларында кейбір саулары бүрісіп отыр, кейбіреулері жатыр. Біреулері тұр, біреулері жүр. Олардың бір-бірімен сөйлескен сөздері анық естілмейді, ымдары ғана көрінеді. Тұтқындар әр тұқымнан, көбі орыс, көбі жас. Барақтың арғы жағына таман біреу сызылтып, жай еңіретіп скрипка тартып отыр. Оған жирен мұртты орыс жігіт әдемі, зарлы дауыспен қосылып отыр. Олардың қасында біраз кісі жиналып, тындап отыр. Тұрғандары да бар.

Барақтың ең арғы шетінде Еркебұлан, Жағпар, Жұмаш отыр. Бұлардың да киімдері жаман. Жыртық, кір. Өздері жүдеу, түрлері өзгерген. Жұмаш пен Еркебұланға біраз сақал шыққан. Жағпар

ауру, нашар. Жағпардың беті бері қарап, жай ыңқылдап жатыр. Және барактың бер жағында, казак жігіттерінен бөлек 4-5 тұтқын карта ойнап отыр. Қимылдары баяу. Өте жүдеу. Кейбіреулері аңдасанда Жағпарға қарап бастарын жай шайқап, қайғырып қояды. Барактың ішіндегілер ылғи тынбай қыбырлауда: кіріп-шығу, отырып, жатып тұру, ымдасып, күбірлесіп сөйлесу. Аурулардың тындары өздері кіріп-шығады. Нашарларын саулары сүйеп шығарып, кіргізіп жүр. Сары мұрт жігіт скрипкаға ыңырысып қосылып отыр.

Е р к е б ұ л а н *(біраздан соң, бір құлағымен скрипканың күйі, өлеңді тыңдап, жоғары қарсы алдына қарап, нықтап созып сөйледі).* Сарна!.. Сарна, көкірек, сарна! *(Жайырақ.)* Тұтқынның көкірегі, сарна... *(Қызыл.)*

Торға түскен сұңқардай  
Қанаттары қайрылған!  
Еңбекші жұрттың ұлдары  
Еркінен айрылған!  
Белдесе алмай майданда,  
Сынып болат майрылған!..

Сарна енді... *(Қалың ана жүрген тұтқындарға нұсқап, бетінің кейіні өзгертін, даусын созып.)* Міне, кешегі қызыл сұңқарлар! Арып-ашып сарнайды! *(Бір қалымен маңдайын, көзін басып.)* А-а-һ!.. Шіркін тіршілік!..

Ж а ғ п а р *(ыңқылдап, басын көтеріп, даусын созып).* Су-у! Су беріндерші! І-і-м-м!

Ж ұ м а ш. Су? Міне су!

Е р к е б ұ л а н *(жарыса).* Су!.. Су берші, Жұмаш!

Жұмаш бас жақтағы қаңылтыр шұңқырдағы суды алып, Жағпардың аузына тосты.

Ж ұ м а ш *(шұңқырды қалымен ұстамақ болған Жағпарға).* Қолыңмен ұстамай-ақ қой, өзім ішкізейін! *(Жағпар су ішеді, Жұмаш шұңқырды алып қояды.)*

Ж а ғ п а р *(даусын созып).* Уһ! Жаным-ай!.. Демеп, сүйеп жіберіндерші басымды! М-м! М-мм!

Еркебұлан мен Жұмаш екеуі жылдам Жағпардың басын демеп көтерді.

Жұмаш (*даусы қалтырап*). Жағпар, қалайсың?!

Еркебұлан (*даусы қалтырап*). Жағпар, не? Қалайсың?..  
Не қыл дейсің?

Жағпар. Ештеме қыл демеймін! (*Ыңқылдап*). Ой, шіркін жан-ай! Тыныштық табарсың! Тыныштанарсың кешікпей!

Еркебұлан (*Жағпардың қолын ұстап*). Жағпар! Не қыл дейсің?..

Сары мұрт жігіт ыңырсып қосылуды қойып, енді тағы да өлеңімен қосылды.

Жағпар (*жай күшпен, қысылып, ыңқылдап Жұмашқа, Еркебұланға*). Не қыл дейін, бауырларым!.. Ана өлеңді естіп отырсындар ма? Тындайық...

Жағпар жай, ауыр дем алып ыңқылдады. Үшеуі аз тындап отырды. Барақтағы тұтқындардың бәрі де күй мен өлеңді тындауда. Ақырын қыбырлап жүрген тұтқындардың түстері жүдеген үстіне суық. Бәрі ақырын басып өлеңді тындады. Скрипка күйі мен өлең кейбіреулердің көңілін жібітіп, бұзған. Бір-екі адам орамалдарымен ақырын жастарын сүртіп отыр. Өлең күйі үзіліп тынды. Тұтқындардың бәрі қамыққан, қабақтары жабық. Жағпар күшпен ыңқылын тыйып, сөздерін қатты созып анықтап айтты.

Жағпар. Рас, кірерміз қара жердің құшағына!.. Қара жердің суық қойнында кеңшілік табар шіркін жан!.. Ие, тіршілікте азап тартып, сарнаған жан, сен де тыныштық табарсың қара жердің қойнында! Күндер өтер, топырақ астында қалар тән! М-мм!.. М-м!.. (*Барақтың іші тез күңгірт қараңғыланып, жоғарыдан жарық, жалғыз Жағпар отырған жерге түседі.*) Білер халық, теңдік үшін құрбан болған ұлдарын! (*Жұмаш пен Еркебұланға қиналып қарап.*) Е-е-е-е! Жаным-ай! Енді қош болындар! Мен енді өлемін ғой. Тірі қалсандар ұмытпаңдар! (*Аз тыныс. Алыстан «Интернационал» естіледі. Жағпар соған құлағын салғандай болып, қолын созып, енді сандырақтады.*) Әне, әне, естіліп келеді... Алыста келеді... келеді... (*Күшпен сыбырлап.*) Күй тартып келеді... (*Қызып.*) Жайыл! Жайыл!.. (*Қолын созып.*) Әне, әне! Қосыл, қосыл... Желдет, желдет, біздің

күй!. (Қызыл орнынан ұшып түрегеліп.) Әне, әне – қызыл күн жерде!..

Жұмаш пен Еркебұлан Жағпарды ұстап, сүйеп отырғызды. Қарсы бұрыштан үсті-басына жап-жарық боп сәуле түскен, ұзын, кең ақ киімді, басына кең, ақ жаулық салынған, мұнайған, байсалды қазақ әйелі шыға келді. Жағпарға қарсы қарап мұнайып тұрды. Селк етіп Жағпар әйелге беріле қарап, қолдарын созып шапшан.

Ж а ғ п а р. Келдің бе?.. (Беті шаттанып, шапшан, күшпен сыбырлап). Апеке! Апа!.. Таян, таян... (Тағы да қолын созып.) Апеке, келсейші!.. (Орнынан көтеріліп, қолын созып.) Ап-па-а!.. (Сылқ етіп құлайды, әйел көзден ғайып болады. Естіліп тұрған күй де тоқтайды.)

Е р к е б ұ л а н (Жұмаш екеуі тез Жағпардың басын сүйеп, бетіне үңіліп қарап). Жағпар!.. Жағпар!.. (Өлгенін біліп жасын сүртіп.) Тынышпандың! Қош!..

Ж ұ м а ш. Жағпар, Жағпар!.. (Ол да өлгенін біліп жылап, жасын сүртіп, екі алақанымен маңдайын, көзін жауып.) Аһ!.. Тіршілік!

Барактағы тұтқындардың аурудан сауларының біразы келіп Жағпарға қарап иіріліп тұрды. Бәрі де қолдарын қусырып, бастарын иісті.

Ж и н а л ғ а н д а р (кейбіреулері жамырасып). Есіл ер, өлдің! Құтылдың бірақ азаптан!.. Сен де енді жоқ болдың!..

З а х а р (манағы скрипкаға қосылған жирен мұртты орыс жігіт, өлікке қарап тұрып). Өлімнің адал... Жалғыз емессің, азамат! Қош енді, тыныштықта бол, жолдас! (Жұмашқа.) Қане, бетін жап енді!

Жұмаш Жағпардың бетін жапты.

Е р к е б ұ л а н (даусы зарланып). Міне, жолдастар. Шіркін тіршілік! Кешегі қайратты жас азамат. Көп азап тартып, арып, талып, ақырында, міне, өлді!..

Теңдік, рақат көрмеген,  
Құлдықта жылап еңіреген,  
Сорлы жұрттың азаттық,  
Бостандығын қорғаған  
Азаматы мінеки!



Ылғи мазак, қорлықта,  
Жәбіршілік, зорлықта,  
Жүрген қалың нашардың  
Теңдігі үшін, еркі үшін  
Құрбандығы мінеки!  
Әділдікті жақтаған,  
Жауыздықты таптаған,  
Дәрежені іздемей,  
Байға жанын сатпаған,  
Кедей үшін шейіт боп,  
Ана сүтін ақтаған,  
Дұшпаннан қорықпай шегініп,  
Тайсалып, кірпік қақпаған,  
Өле-өлгенше қайыспай,  
Көкіректе серт сақтаған,  
Естен кетпес азамат,  
Жолдасымыз, мінеки!..

Амал жоқ!.. Керек еді әлі мұндай ұл еңбекші тапқа!..  
(*Жанындағы сәкіге сылқ етіп отыра кетеді.*)

Захар (*жасын тезірек сұртіп, көпке қарап*). Қане, жолдастар,  
енді былай тұрындар!

Жиналғандар серпіліп, өзара ақырын ымдасып, сөз қатысып,  
аяныш түрмен бастарын шайқап, әрі кетті. Захар, Еркебұлан, Жұмаш  
Жағпардың қасында қалды. Аз ғана тыныс.

Еркебұлан (*тұнжыраған ауыр қайғылы түрмен*). Жұмаш!..  
Жағпар ауырғалы қанша болды осы?..

Жұмаш (*сәкінің үстінде төмен қарап отырған бойымен*). Айдан  
асты-ау деймін!.. Жолда, вагонда ауырды ғой.

Еркебұлан (*басын изеп, қайғылы жүзбен*). Ие, көп уақыт  
болды-ау!.. Ақаң өлгелі неше күн болды осы?

Жұмаш. Ақаң өлгелі... екі жұмадай болып қалды ғой...

Еркебұлан. Ие, солай!.. Шіркін тіршілік!.. (*Төмен қарап  
отырған Захарға.*) Захар!..

Захар. А-а!.. (*Ақырын жабырқаған бойымен басын көтерді.*)

Еркебұлан. Не қылдық енді?..

Захар. Не қыламыз?.. Бір мәнісі болар... Сендер енді тез кету  
керек.

Еркебұлан (*уайымдаған қасіретті жүзбен*). Ие, қарайлап жүрген Жағпар енді өлді. Қазір енді мұны да мәңгілікке шығарып саламыз. (*Отырған бойымен маңдайын қолымен сүйеп.*) Уһ! Бірте-бірте біткені ме шынымен? (*Аз ғана тыныс.*)

Жұмаш (*ұшып түрегеліп, күйінген жүзбен қолдарын сілкіп, жайып*). Аһ, бұл не деген заман?.. Мұны тағы да қолымыздан қоя алмадық -ау!..

Таяудағы есіктен бір қазақ қызы еніп келіп, тура Еркебұлан, Захар, Жұмаш үшеуінің қасына келді.

Еркебұлан (*қасына келген қызды көріп, қайғырған түрмен*). А-а, Торғай! Амансың ба?.. Міне, Жағпардан да айырылды енді!..

Захар. Аман-есенсіз бе?..

Торғай (*тоқтап, түсі өзгеріп, шапшаң*). А? Үңіліп... (*Жағпарға қарап, өкініш жүзбен басын шайқап.*) Япырым-ай, өліп қалды ма?.. Азамат-ай, қап!..

Еркебұлан. Рас, Торғайжан. Мінеки, осы лагерьде әр жерден қолға түсіп, камалып жатқан жолдастар күнде өліп жатыр. Бәрі арып-ашып, азап тартып, арманда кетіп жатыр. Міне, осы ғана қинайды кісіні!.. (*Басын ауыр қайғымен төмен салып шайқайды.*)

Жұмаш. Ие, жаумен белдесіп өлген кісінің арманы болмас еді ғой.

Торғай. Ие... Амал бар ма...

Бәрі аз ғана үндемей отырды.

Жұмаш (*мұңайған бойымен тұнжырап*). Қарағым, алыстан не хабар бар?.. Мұндағылар не қылып жүр?

Торғай (*жан-жағына қаранып қойып*). Соғыс жағы жақсы... Әлі алға басып келеді. Бүгін газет алған жоқсындар ма?..

Жұмаш. Жок.

Торғай. Бүгінгі газеттерінде бар... Ал мұндағылар... әйтеуір сөйлесіп жүр ғой... Екеуіңе билет даяр. Мені бүгін, асықтырып жіберді. Жағпар тірі болса, қалған жолдастарға тапсырып, екеуінді тез, бүгіннен қалмай шықсын деп жіберіп еді. Енді қалай қыласындар?.. Жағпар болса да өлді. Ол енді бұрынғылардай қойылады ғой?.. Енді бұдан артық рет болмайды дейді. (*Жеңінің ішінен бір бүктеген қағазды алып, жан-жағына қарап қойып, Еркебұланға берді.*) Сонда айтылған...

Еркебұлан қағазды ашып қарап жіберіп, Захарға береді. Захардың қасына Жұмаш келіп, екеуі қағазды қарады.

Еркебұлан. Тұра тұр, карағым!.. Аз ғана ойлау керек кой...  
(Захарға қарап.) А, Захар?..

Захар (қағазды бүктеп Жұмашқа беріп Еркебұлан мен Жұмашқа). Ей, қарақтарым-ай! Енді сөзді қойындар... енді жөнеліндер! Тым болмаса, осындай реті келіп тұрғанда біразымыз кетіп көрейік те!

Еркебұлан (Захарға қатайыңқырап). Дұрыс енді, енді тәуекел қылайық... Ал, Жұмаш?

Жұмаш (ода қатайып). Дұрыс!

Еркебұлан (Захарға). Онда мына Жағпарды тапсырып кетеміз ғой?

Захар. Не тапсыратыны бар? Жүре беріндер!

Жұмаш (түрегеліп). Мен ана жақтан барып санитарларды шақырып келейін... Жағпарды санитарный бөлмеге апартқызып, біржолата қош айтайық... (Барақтың арғы жағынан көтерткі көтеріп келе жатқан екі жігітті көріп.) А-а, міне, өздері де келеді екен...

Еркебұлан (санитарларға қарап). А, жарайды.

Екі жігіт. Қане, өлік қайсы? (Жағпарға қарап.) Мынау ма?..

Ол арада манағы Жағпар өлгенде жиналған жолдастардың көбі жиналып келіп тұрды.

Еркебұлан. Осы, апарасыздар ғой енді?

Екі жігіт. Апарайық... (Көтерткілерін жерге қойып, біреуі Жағпардың бас жағына, біреуі аяқ жағына шығып, Еркебұлан, Захар, Жұмашқа қарап.) Қане, демесіп жіберіндер...

Захар (еңкейіп, демесіп). Қане. Ақырын көтеріңіздер...

Еркебұлан (еңкейіп, демесіп). Қане, жайырақ, ақырын...

Жұмаш (еңкейіп, демесіп). Ал, байқап көтеріңіздер...

Алыстан «похоронный марш» күйі естіліп тұрды. Бәрі ақырын көтеріп, Жағпарды көтерткіге салды. Өлік салған көтерткіні төрт кісі төрт жағынан көтеріп, әрман калай жөнелді.

Көрініс майданы аз уақыт бос тұрды. Жалғыз-ақ тұра алмайтын бірән-саран аурулар ғана жатты. Аздан соң кейбіреулері ақырын ымдасып, сөйлесіп, тұтқындар орындарына қайта келді. «Похоронный марш» қойылды. Бәрі арманырақ жиналып, иіріліп, бір газетті оқып

тұрды. Еркебұлан, Захар, Жұмаш, Торғай мұнайып ымдасып, сөйлесіп, әлгі орындарына қайта келіп тұрды.

**Торғай.** Қане, енді тұрмандар!..

**Еркебұлан** (*қасында ымдасып, сөйлесіп тұрған Захарға*). Бір анадан туғандай едік, Захар! Жанымыз, тілегіміз бір еді, қаласың ғой енді... (*Білдірмей көзінің жасын сүртті.*)

**Захар.** Қарақтарым... (*О да білдірмей көз жасын сүртіп қойды. Қайтадан*). Ж а с ы м а н д а р!.. Бір төуекел қылу керек. Қане, тұрмандар енді!.. (*Бір түрлі ыстық күшпен Еркебұланның қолын ұстап қысып, сілкіп, бір қолымен тез құшақтап, екеуі қатты құшақтасып сүйісті. Күшпен сыбырлап.*) Қош, жолдарың болсын!.. (*Еркебұланды қоя берген соң, әлгідей Жұмашпен де құшақтасып сүйіседі. Еркебұлан көз жасын сүртіп тұрады. Захар көз жасын тағы да ептеп сүртті.*)

**Еркебұлан** (*тағы да Захардың қолын ұстап, қысып сілкіп*). Қайсымыз тірі қалсақ та ұмытпайық! (*Қатайып шапшаң.*) Қош енді! (*Захардың қолын қоя беріп Жұмашқа шапшаң*). Жүр енді.

**Жұмаш** (*тез қатайып*). Жүр... Захар. (*Қатайып.*) Жүр...

Еркебұлан, Торғай, Жұмаш, Захар төртеуі шықты. Ол арада тұтқындар газетті оқуын қойып, кейбіреулер жатқан аурулардың қасына келіп қарап, манағы скрипка тартқан жігіт скрипкасын алып сызылтып, бір зарлы, мұнды күйді ойнап отырды... Захар ауыр қасіретпен еңсесі түскен, қайта кіріп төмен қарап, жай аяндап келіп, сылқ түсіп отырды. Скрипка зарлап тұрды. Захар екі алақанымен маңдайын сүйеп, шынтақтарын тізесіне тіреп төмен қарап отырды. Скрипка күйін тындап отырған жігіттер өзара ымдасып сөйлесіп Захарға қарасты.

**Біреуі.** Захар, неғып отырсың?..

Захар екі алақанымен көзін басып, тез бұрынғысынан да төмен тұқынып, жылап қоя берді. Тұтқындардың бәрі жалт-жалт қарасып: «Ой!..», «Бұл қалай?» деп Захарға қарай жүгірісіп қалды. Скрипка қойыла қалды.

Перде.

Оң жақта анау биік таулар, биік шың, биік-биік құздар. Таулардың бұталары да, ағаштары да көрінеді. Таудың бергі етегінде қазақтың жазғы киіз үйлі аулы отыр. Ауылдың үйлері аз. Үйлерінің бір-екі ғана қараша лашықтарынан басқаларының бәрі ақ күмбездер, ақ ордалар – ауыл байдікі. Ауылдың оң жағында тоғай. Оның бергі жағында, таулардың ең бергі шетінде, бері қарап, жоғарыдан төніп, биік жартаст түр. Оң жақтан, жартастың тұсынан бір ауыл көшкен, жұрты жатыр. Жұртта әртүрлі қалған нәрселер көрінеді: сынық дөңгелек, ағаш арбаның сынық арыстары, құрым жабу, түгіні шығып жатқан жер ошақ, жер ошақтың жанында, басқа үйлердің жұрттарында жатқан, үйіліп-шашылған тезек пен шөмшек отындар. Және жұртта қалай болса солай жатқан ескі нәрселердің, жүктердің қасында жүкке сүйеніп бір 45-50 жастағы қазақ әйелі төмен қарап отыр. Жүкке сүйеулі бір домбыра түр. 12 жасар, 14 жасар екі әйел бала сол жаққа қарап түр. Біресе қолын созып, бір-біріне алыстағы бірдемені көрсетеді. Қолдарын маңдайларына қойып қарайды. Жұрттың түзу арғы жағында, анау таулардың етегінде отырған ауылдың сәл оң жағынан әрі қарағанда кең дала көрінеді. Алыста жайылған малдар көрінеді. Со жақтан, оң жақтан, сол жақтан алыстан адамдардың, малдардың анда-санда күңгірт шыққан дауыстары естіледі. Олардан көрі таяуырақ, бірақ о да алыста, бір әдемі созылып, құбылып бақташының өні естіледі.

Жұртта отырған әйел Еркебұланнның шешесі. – Мәриям, екі әйел бала қарындастары – Маржан мен Мәруар.

М ә р у а р (*сол жаққа қарап тұрып*). Апа, әлгі кісі атының ауыздығын алып қоя беріп, өзі келе жатыр.

М ә р и я м (*бұрылып қарап*). А... келсін... бөктеріншегі бар көрінеді. Өзі жолаушы ғой... (*Бері қарап*.) Қала жақтан келе жатқан кісі болып, бір жақсылық хабар айтса игі еді. (*Қатты күрсініп*.) Уһ! Жаным-ай!.. (*Аз ғана үндемей отырып, балаларына қарап*.) Тарпаң көрінбей ме, Мәруаржан?

М ә р у а р (*сол жаққа қарап тұрған бойымен*). Көрінбейді. Жалғыз-ақ, сол көш кеткен жақта, осы көздің ұшында. (*Даусын созып, қолын созып*.) Ана-а-ау жерде, бір-екі атты кісі, осы бұлдыратып кетіп барады.

М ә р и я м (*бұрылып қолын маңдайына қойып қарап*). Менің көзім жетпейді ғой. (*Таяна берген жолаушыға қарап*.) Мына кісі, өзі рас бөтен адам екен ғой.

Ж о л а у ш ы (*Мәрияның қасына келіп*). Есенсіз бе?

Мәруар, Маржан шешесінің қасына келіп, жолаушыға қарап тұрды.

М ә р и я м. Шүкір аллаға! Өзің де амансың ба, жарқыным?  
Жолың болсын?

Ж о л а у ш ы (*отырды*). Айтқаныңыз келсін! Мына қала  
жақтан келемін. Мына, қырдағы Жантілеу жағына баратыр едім.

М ә р и я м. М-м-м... Жарқыным, қала жақтан не хабар бар?  
Орыс-орманнан, жаман ат, жақсы аттан?

Ж о л а у ш ы (*қалын сілкіп*). Не хабар сұрайсыз! Осы күні  
қаланың күнін құдай итке берсін!

М ә р и я м (*көзін, құлағын тігіп*). Е?.. Не болыпты, шырағым?

Ж о л а у ш ы. Болшайбектер казак-орысты жеңіп, сол арғы  
соғысып жатқан жерінен бері таянып қаптап келе жатса керек.  
Және қазір мына осы жақтың өзінде, көп жерлерде болшайбектер  
шығып қалыпты. Соған қаладағылар, әсіресе, байлар қатты әбігер  
болып жатыр.

М ә р и я м. Қай жерлерде болшайбектер шығып қалыпты  
дейді, жарқыным?

Ж о л а у ш ы. Қайдам... Әйтеуір қалада да, онсоң жолшыбай  
да, осы шулап жүр ғой. (*Оң жақтағы тауларға қарап, иегін көтеріп*.)  
Осы, ана таулардың ар жағындағы поселкелер қалпымен  
болшайбек болып жасақ салып жүр дейді. Е-е, онсоң, мына  
таулардың ішінде де жүр дейді. Қала толған әскер. Әйтеуір қала  
қорқыныш. Білмеймін не болатынын. Әйтеуір болшайбектің  
жеңуі ақ.

М ә р и я м (*төмен қарап*). А, құдай, өзің сақтай гөр...  
(*Жолаушыға қарап*.) Осы сөзді біздің осы жақта да жұрт алып  
қашып жүр. Бүгін осы жердегі ауыл көшіп кетті. Біздің жүгіміз  
сыймаушы еді, тасымалдап отырмыз жұртта.

Мәруар банағы қарап тұрған жағына қолын мандайына қойып  
қарап, Маржанды түртіп, қолын созып бірдемені көрсетіп бірдеме дейді.

Ж о л а у ш ы. Е-е, бұл ауыл қай ауыл еді, бәйбіше?

М ә р у а р (*шешесіне*). Апа, Тарпаң-ау деймін, біреу келеді...  
қатты келеді...

М ә р и я м (*Мәруардың сөзін тыңдамай*). Бұл ауыл Асқар деген  
кісінің ауылы.

Жолаушы (*таудың етегіндегі ауылға қаран*). А-а, ана бір бай ауыл кімдікі?

Мәриям. Ол Секербай мырзаның ауылы. Болысымыздың ауылы.

Жолаушы. Е, ол ауылдан неге көлік алып көшпедіңіздер?

Мәриям (*басын изеп*). Ой-бой, жарқыным-ай! Ол бізге көлік береді дейсің бе?.. Секербай мырзаникінен бұрын талай сұрап табанымыз қайтқан еді. Бұл жолы, тағы да бір барып сұрап көр десем де осында бір баламыз бармады, «бармаймын» деп.

Екі қыз бір-бірімен сөйлесіп, Тарпаң келе жатыр деген жаққа қарап, қолдарын созып бір-біріне бірдемені көрсетіп тұрды.

Жолаушы. Е-е, балаңыз бір кіділеу бала екен ғой. Онымен бай құрғырларды мұқата ала ма? Өзіңіз кімнің әйелі едіңіз?..

Мәриям. Аян деген кісінің әйелі боламын, шырағым.

Жолаушы (*жұлып алғандай, таңырқан*). «Аян» деген кісінің?.. Ол Еркебұланның әкесі Аян ба?..

Екі қыз да жолаушыға қарай қалды.

Мәриям (*жылдам, қадалып*). Ә, білуші ме едің, шырағым, Еркебұланды?

Жолаушы (*жылдам*). Ойбай-ау, білуші едім... Сіз Еркебұланның шешесісіз бе?

Мәриям (*басын изеп, ауыр*). Ие, Еркебұланның шешесімін. Уһ! Қарағымнан айрылып отырмыз. Қыстан бері бір хабар жоқ. Өлі екенін, тірі екенін білмейміз... Ол кеткендер туралы ондай, жаңғырыққан хабар естілмей ме, жарқыным?

Алыстан дүсірлеген арбаның дыбысы естілді.

Жолаушы. Көптен бері, олар туралы онда жаңғырық-қан хабар естілген жоқ... Е-е, Еркебұлан азаматтың шешесі екенсіз ғой. Ақыры қайырлы болсын, қайғырмаңыз, бәйбіше! Құдай қаласа, балаңыз келіп қайта туғандай қуантар. Болшайбектер, міне, алды ғой жер-көкті. Құдай қаласа, сіздің балаңыз да жыл құсындай жылт ете түсер... Оларды сол, ар жаққа жібергеннен бері еш хабар білмейді екенсіздер ғой?

Мәриям (*көш кеткен жаққа қолын маңдайына қойып қарап*).  
Мына, Тарпаң ғой, Мәруаржан?..

Мәруар (*со жаққа қарап тұрған бойымен*). Ие, Тарпаң ғой.

Мәриям (*жоллаушыға*). Уһ!!.. Ие, қыстан бері хабар жоқ.

Жоллаушының аты жүрген жақта, келген Тарпаңның дүсірінен басқа тағы бір аттың дүсірі шықты.

Мәруар (*қарап тұрған бойымен, жұлып алғандай*). Ойбай, ана атыңыз үркіп барады!.. Атыңыз кетіп барады!

Жоллаушы (*жылдам жалт қарап*). А!..

Мәруар (*жылдам*). Әне, иттен үркіп барады!

Жоллаушы (*ұшып түрегеп*). Япыр-а-ай!. (*Мәриямға қарап жылдам*.) Қайыр кош болыңыз енді, бәйбіше!.. (*Атына қарай жүгіре беріп*.) Так-так!.. (*Итке*.) Кет-ай, кет! (*Ұмтылып жүгіре басып кетеді*.) Так-так-так! Так-так-так-так!

Иттің ұлыған даусы шығып, естіліп тұрды. Және аттың секірген дүсірі, кісінің дүсірі және «так-так» дегендері естіліп тұрды.

Мәруар (*жоллаушының жүгіріп кеткен соңынан қарап тұрып*). Ойбай-ай, ана аты ұстатпай кетер ме екен бишараның?.. Е-е-е, тоқтады.

Тарпаң шыға келді. Жаяу ат-арбасын кейін қойған. Түсі суық, ұзындау қара бешпетінің жағасын қайырып, көйлегінің түймелерін ағытып, омырауын ашқан. Қамшысын белбеуіне қыстырған. Шешесінің қасына келді.

Мәриям. Немене, шырағым?

Тарпаң (*алдыңғы жағындағы тауларға қарап қолын сілтеп, онсоң оң жағына қарай қолын сілтеп*). Мына жақтағы, мына жақтағы және қаланың маңайындағы күллі поселкелердің бәрі болшайбек болыпты, апа!.. Қала жаққа ешкімді жүргізбейді дейді. Арғы соғысып жатқан жерлерінде болшайбектер әбден жеңіпті дейді. Мына поселке болшайбектері соғыспақ болып, маңайындағы байлардан еріксіз ат мініп жатыр дейді. (*Қызуланыңқырап*.) Мына Секербай мырзаның аулына келеді дейді... (*Бетін тыжырып құшырланып*.) Келсін мырзаға!..

Мәриям. Құда-ай, өзің сақтай гөр!.. Қой, не қыласың, жарқыным, балалық қылып!



Тарпаң. Қаладағы байлар жан таласып жатыр дейді. Алды қашып жатыр дейді. Бүгін-ертең қаланы болшайбектер алмақ... (Түсі құбылып.) Апа, мен де соларға барамын?..

Мәриям (қорқып). Не дейді?.. Кой, айта көрме, жаным! «Мен де соларға барамын» дегені несі.

Тарпаң (құшырланып, жұдырығын түйіп, қатты). Жок, апа! Мен әдейі соған асығып келдім. Мына таудың ішіне бір бөлегі келді дейді... Мен де барамын сонда!.. (Тісін қайрап.) Барамын!

Мәриям. Қарағым-ау, қойсайшы!

Тарпаң (түсі суып, шешесіне). А!.. Еркебұлан қайда? Еркебұлан?.. Ұмыттың ба? (Ана ауылға қарай қолын нұсқап.) Мына отырған Секербай иттің, онсон өзіміздің Қошқарбайдың айтқан сөздерін ұмыттың ба? (Ызаланып, жылап.) Еркебұланға не қылмады!.. Бізге не демеді!.. Қалай ұмытылад!.. Ұмытылатын ба еді!.. (Жұдырық түйіп.) Қалай кегімді жіберем!

Мәриям, Мәруар, Маржан үшеуі де ақырын жылап тұрды.

Мәриям. Қарағым-ау, не қыласың! Қайдан білдің өлі қандай болатынын? Ешкімнен кек алмай-ақ қой! Не қыласың, ақырын күтейік, қарағым! (Баласының қасына таянып, мұңайып, жай, баласының иығына қолын салып, баласының жауырынынан, маңдайынан сипап.) Айналдым... қарағым... Ана арбана мына жүкті сал, жүрейік, қарағыз!..

Тарпаң (ақырын қозғалып, шешесінен босанып, тұнжырап, мұңайып). Ат біраз демін алсын...

Тарпаң тұнжырап жүкке отыра кетті. «Уһ!» деп күрсініп, жүкке сүйеулі домбыраны алды. Мәриям да: «Уһ!» деп ауыр күрсініп, қасірет күйік басып, жүкке сүйеніп отыра кетті. Тарпаң тұнжырап, мұңайып отырған түрде бір мұңды күйді ақырын, бірақ естілетін қылып домбыраға зарлатты. Домбыраны зарлатып отырды. Төңірек жым-жырт болды, тағы да ит ұлыды.

Мәриям (ақырын көзден аққан жасын сүртіп, ит ұлыған жаққа қарап, мұңды дауыспен). Кет-ей!.. Кет!.. Неге ұлиды сорлы!

Маржан (мұңайған дауыспен). Жалғызсыраған ғой, сағынып...

Мәриям (жасын сүртіп қойып, Маржанаға қарап, түсі жылып, мұңды дауыспен). Өй, айналайын-ау! «Сағынып тұрған ғой» дейсің бе? (Қолын жайып, сөзіп.) Келші, келші бері! Қалқатайым менің! Келші!.. (Маржан шешесінің қасына келді. Шешесі қолынан ұстап, Маржанды отырғызып, маңдайынан сүйіп-сүйіп.) Жаным, жаным, ал!

Мәруар далаға қарап тұрды. Тарпаң домбыраны ақырын зарлатқан күйімен отыр.

Мәриям (*Маржанды сүйіп, сүйіп қойып*). Ақылыңнан айналдым сенің, ақылыңнан! Ит «жалғызсырап сағынған ғой» дейсің бе? Ә?

Маржан (*басын изеп, мұңды түрмен ақырын*). Ие.

Мәриям (*тағы да жылаған жасын ақырын сүртіп*). А?.. Ит кімді сағынады ол?.. Ит неге жалғызсырайды?.. Онымен бірге жұртта бізде қалып отырған жоқпыз ба?.. Бізді кісіге санамағаны ма оның? (*Тағы да сүйіп Маржанның басын, тізесінің үстіне қойып, сипап, тағы да ұлыған итке қарап.*) Ана сорлы неге ұли береді! Ей, кет! Неге ұлисын, сорлы!..

Тарпаң келген жақтан бір аттың дүсірі шықты.

Мәруар (*дүсір шыққан жаққа қарап*). Міне бір атты кісіні кара!

Тарпаң (*жалт қарап, ұшып түрегеп, домбыраны жүкке сүйей тастай беріп*). А!.. Ай!.. Уа, қайда барасың?

Дауыс (едәуір жерден). А? (*Тұра қалады.*)

Тарпаң. Е, не ғып жүрсіз?.. Қайда барасыз?

Дауыс. Уа, көлдегі ауылдарға барамын!.. Болшайбектер келіп қалды!.. Бір тобы осылай жүріп келеді!..

Тарпаң. Уа, олар қайда барады екен?

Дауыс. Ана, болыс аулына келеді! Жаңа жылқыда жүрген Секербайдың өзін ұстап алды, жылқыдан ат ұстап мінді. Уа, өздерің неге отырсындар!.. Мен асығып барамын!.. (*Тағы да аттың шапқан дүсірі шығып барып басылды.*)

Тарпаң (*қызып*). Я, аруак! Я, құдай! (*Түсі құбылып.*) Ақ сарбас!..

Алыстан атылған мылтықтың бытырлаған даусы естілді. Көмескі. «Мщение царям», «Варшавянка» күйі естіліп және күйге қосқан дабыл естіліп, күй дыбысы бірте-бірте таяна берді. Тарпаң еңсесі көтеріліп, қарап, тындап тұрды. Екі қыз тұрып аландап Мәриям мен Тарпаңға қарай берді.

Мәриям (*тұрып, қорыққандай түсі құбылып, Тарпаңның қасына келіп, ұстап*). Не қыласың, қарағым, қызып! Екіталай заман ғой! Кім біледі, мұның ақыры тағы да не болатынын! Балалық қылма, қарағым, мені аясаң! (*Жасын сүртті.*) Енді өлең күйі мен дабыл бірте-бірте таяуырақ естіледі.

Тарпаң (*қызып, есі шыққандай жылдам*). А!.. Әне!.. Тоғайдан шыға келді. Солар!.. Міне, біздің достар!.. (*Екі қыз шешесіне таянып, кішісі шешесіне тығылды... Тарпаң шешесіне, шапшаң.*) Апеке!.. Алдарынан шығайын!.. Я, құдай!.. Я, аруак!

Мәриям (*бір қолымен Тарпаңның жеңінен ұстап*). Қойсайшы, жаным-ау! Аясайшы мені!

Тарпаң (*дыбыс шыққан жаққа қарап, қозғалып*). Әне тулары! Әне, тура келе жатыр! (*Жылап, есі шығып.*) Апа!.. Сорлы апа, менің жаным Еркебұланнның жанынан ардақты болып па?.. (*Қызып.*) Барамын! (*жұлынып, жүгіре жөнелді.*)

Мәриям (*жылдам, атына қарай жүгіріп бара жатқан баласына, жылап*). Тарпаң-ау, мені тағы да жылатпа, қарағым-ау! (*Жылайды.*) Я, пауеден, бір өзің жар бола гөр!.. А, құдай!..

Тарпаң жүгіріп көрінбей кетті. «Аруак!», «Аруак!» деген дауыс шығып, дүсірлеп, шауып кеткені естілді.

Мәриям (*қарап тұрып*). Я, пәуеден! А, құдай!..

Мәруар (*қарап тұрып*). Апай, ойпырым-ай, анау көп қой өзі!.. Шулап бәрі келеді. (*Қорқып, шешесіне таянып.*) Апатай, біз қайтеміз енді! Ойбай-ай, шұбатылып жатыр өздері... (*Шешесіне қарап.*) Апатай!..

Маржан қорқып шешесінің етегіне тығылып тұрды.

Мәриям (*қарап тұрып*). Тимейді, бұлар бізге тимейді, қарақтары!.. А, құдай, бір өзің жар бола гөр, алла!

Естіліп келе жатқан өлең, күй, дабыл қойыла қалды.

Мәруар. Ойпырым-ай, Тарпаң күйғытып, өне, өне, барды. Араласты... Қалай қорықпайды екен?.. Бәрі тоқтады... Бір бөлігі бері қарай жүрді... Көбі әрі қарай жүрді... Бері қарай жылдам келеді. Құдай-ай, таянып қалды!. (*Өлең күйі, дабыл тағы да таяна берді, Мәруар қорқып шешесіне тығылып.*) Қайтеміз енді, апатай?..

Маржан (*шешесіне тығыла түсіп*). Апатай, қорқамын... Апеке!..

Мәриям. А, құдай, көз жасымды ие гөр! (*Қыздарын сипап.*) Қой, жаным, қорықпа! Бұлар тимейді, бұлар Еркебұланжанды білетіндер. Қорықпай тұрындар. Тарпаң да олармен бірге келе жатыр ғой, қорықпай... (*Өлең күйі, дабыл жұртқа таянып келіп тағы*



Ж о л д а с т а р ы (Мәрияға бастарын ізеп амандасып.)  
Амансыз ба?.. Сәлеметсіз бе?.. Қуанышыңыз қайырлы болсын!..

Ол арада Еркебұлан, қасындағы қарындастарымен сөз катып, бастарын сипап, мандайларынан сүйіп тұрды.

М ә р и я м. Өздеріңіз де амансыздар ма! Айтқандарың келсін! Менің енді қазір өлсем де арным жок. Еркебұланым тірі келген соң маған болады (Баласына қарап.) А, құдай, ризамын!

Е р к е б ұ л а н (шапшаң). Жарайды, апа! Енді бұл жұртта тұрмандар, мына жүктерінді Тарпаң (келген жағына қарай қолын нұсқап) ана жігіттердің бірімен жеткіздірер. (Тарпаңға.) Тарпаң, мына апанды балалармен жүргіз... тез...

Т а р п а ң (тез, шешесі мен қарындастарының қастарына келіп). Қане, апа, жүріңдер!

М ә р и я м (Еркебұланға). Қарағым-ау, өзін қашан келесін ауылға?

Е р к е б ұ л а н (шапшаң қолымен ымдап). Тез барам... Жүре беріңдер! Жүре беріңдер, Тарпаң!..

Т а р п а ң. Жүр! Апа! Жүр... Жүр! (Тарпаң шешесін, қарындастарын алып кетті.)

Е р к е б ұ л а н (қимылдары шапшаң жолдастарына). Қане, енді тұрмайық! (Кейінгілеріне қарап дауыстап.) Е-ей, әкел, ана мырзаларды! Әкел мұнда!

«Апар», «Апар», «Жылдам» деген дауыстар шығып, біреуі орысша, біреуі қазақша әдемі киінген екі қазақты және бір офицерді винтовка ұстаған бір партизан алып келіп тұра қалды. Тұтқындардың үшеуінің де қолдары артына байланған, партизандардың кейбіреуі: «А-а, келіндер...», «Мырзалар!..» деді.

Е р к е б ұ л а н (тұтқындарға қарап). Міне, мырзалар! Колчак қашты! Ресейден келе жатқан жолдастарға ертең қосыламыз. Біз қаланы кешке барып аламыз. Қазір қаланың жаң-жағы қамаулы. Қаланы әбден алып болғанша сіздер біздің қасымызда боласыздар. (Даусын күшейтіп.) Қазір енді отырындар тізелеріңнен!.. Жүгініңдер!.. Жылдам! (Тұтқындар тізелерімен отырды. Еркебұлан жолдастарына қарап.) Жолдастар!.. Анау (таудың етегіндегі ауылға қолын нұсқап) ақ ордалы ауылға қазір барамыз. (Қазақша, мырзаша киінген тізесімен отырған тұтқынды көрсетіп.) Ауылдың иесі мына отырған Секербай жауыз!..

Х а б а р ш ы (Еркебұлан соңғы сөздерін айтып бітіре бергенде, шабарманша киінген, қолында қамшы, ентелеп, аттан түсіп келген

*тәрізді, қимылдары шапшаң, жетіп келіп, қолындағы пакет-қағазды Еркебұланға ұстата берді). Еркебұлан жолдас, тез жауап қайырсын деді! (Тұра қалады.)*

Еркебұлан *(жылдам пакетті жыртып, хатты алып оқып жібереді)*. «Еркебұлан жолдас! Қаладан ақтар қашты. Қызыл сұңқар отряды қуып барады. Советтің қызыл әскерінің алды қалаға таянды. Біздің партизандардың баршалары олармен қосылды. Штаб сізге тез қимылдасын деп бұйырады. План өзіңізге белгілі... *(Тез жолдастарына қарап.)* Жолдастар! Енді барлық Күнбатыс Сібір қызылдың қолында! Жасасын еңбекші тап өкіметі! Жасасын бостандық! У-р-ра-а!!!

Б ө р і. У-у-ра-а!! У-р-ра-а!!!

«Ура!» деген дауыс пен Марсельеза күйін де ойнап жіберді. Күй ойнап тұрды.

Еркебұлан *(жолдастарына қарай «тыңдай қал!» дегендей қолын сермеп тастап, тұтқындарды әкеп қасында тұрған партизанға ойнап тұрған күйден естілетін қып дауыстан)*. Сен мыналарды осы жұртта күзетіп тұра түр!..

П а р т и з а н *(о да естілетін қып дауыстан)*. Жарайды!

Еркебұлан *(жолдастарына дауыстан)*. На лево-о! *(Партизандар жалт етіп солға бұрыла қалды.)* Шаго-ом марш!.. Раз-два! *(Партизандар сырт-сырт жүріп кетті.)* Раз-два! Раз-два!

Еркебұланның өзі де орнында аяқтарын сыртылдатып қозғалып тұрып, партизандардың артынан жүріп кетті. Жұртта жүгінген қалпында үш тұтқын қалды. Қасында мылтық ұстап партизан тұрып қалды. Марсельеза күйі қойыла қалды. Тұтқындардың қак қасына келіп ит ұлыды тұтқындар партизанға мүләйімсіп қарады.

Б і р е у і *(партизанға)*. Жолдас!.. Біз тұрайық?..

П а р т и з а н *(қабағын түйіп, зекін)*. Мен сендерге жолдас емеспін!.. Тұрмайсындар!..

Тұтқындар жүгінген бойымен мүлгіп қалды. Қак кастарынан ит ұлып тұрды. Партизан, ұлыған итке қарап, қолымен көрсетіп, қабағын түйген бетімен.

Әне жолдастарың!..

Перде.

*1920 жыл.*

# МАЗМУНЫ

## Поэмалар

Ұйым және еңбек шарт жалшылар қорғаны .....	5
Чжан Цзо-лин .....	32
Альбатрос .....	52

## Пьесалар

Бақыт жолына .....	92
Қызыл сұңкарлар .....	116

;  
;  
с  
с  
к  
к  
с  
к  
с  
с

**Сәкен СЕЙФУЛЛИН**

о

**Көп томдық шығармалар жинағы**

2-том

к,  
о  
ж

*Поэмалар мен пьесалар*

т  
(і

Редакторы *Б.С. Қошым-Ноғай*  
Суретшісі және көркемдеуші редакторы *Б. Серікбай*  
Техникалық редакторы *З. Бошанова*

тү  
қа  
қа  
ке.

**ИБ № 6298**

ем

Теруге 13.04.2003 жіберілді. Басуға 25.08.2003 қол қойылды.  
Қалыбы 84x108<sup>1/32</sup>. Қаріп түрі «Тип-таймс». Офсетті басылыс.  
Шартты баспа табағы 8.4. Шартты бояу көлемі 8.4. Есепті баспа  
табағы 7.6. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс 856 . Келісімді баға.

үл  
түй

Қазақстан Республикасы «Жазушы» баспасы, 480009, Алматы  
қаласы, Абай даңғылы, 143.

Дайын диапозитивтерден ЖШС «Жедел басу баспаханасында» басылды.  
480016, Алматы қаласы, Д. Қонаев көшесі, 15/1.